<ul style="list-style-type: none"> •Температура •Салыстырмалы ылғалдылық •Ауа ағыны 	<ul style="list-style-type: none"> •18-22 С •30-60% •0,25 м/с кем емес 	<ul style="list-style-type: none"> •20-24 С •30-60% •0,1 - 0,15 м / с кем емес


Ауа параметрлерінің қалыпты мөлшерде болуынан адам ұзақ уақыт бойы өзін жайлы сезінеді. Маусымаралық (күзгі және көктемгі) кезеңде ауаны жылыту жүйелерінде ауа баптау қондырғысы ауаны қыздыру режиміне ауысып, бөлмелерді тиімді және ең төменгі шығындармен жылытады.

Кесте 2 – Пайыздық көрсеткіш пен ыңғайсыздық дәрежесінің кестесі

Пайызы PPD	Ыңғайсыздық дәрежесі, PMV
86	Төзімсіз қолайсыздық(төтеп беру мүмкін емес)
80	Барлығы өздерін ыңғайсыз сезінеді(ыстық ауа райында терлеу)
75	Жарты немесе одан да көп адамдар ыңғайсыз сезінеді(аздап ыстық)
70	Қолайсыздық сезіне бастайды
68	Қолайлы жағдай

Анықталған кестеге байланысты пайыздық көрсеткіш пен ыңғайсыздық дәрежесінің сызбасы 1-графикінде қарастырылған.

Мәселені іске асыру үшін кешенді жылу сорғысын пайдаланыланып микроклиматты реттеу жұмыстары қарастырылады. Ғимараттардың энергетикалық тиімділігін арттырудың инженерлік әдісінің бірі – жылу сорғыларын пайдалану болып табылады, яғни орталық немесе басқа жылыту болмаған жағдайда қолданылады.




Сурет 1 – Пайыздық көрсеткіш пен ыңғайсыздық дәрежесінің графигі
 PPD = күтілетін пайыз микроклиматпен қанағаттанбаған
 PMV = комфорттық дәрежесінің күтілетін орташа бағасы

Ауа жылу сорғысы – суық аймақтардағы пәтерлер мен коттеждерді жылыту, салқындату және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін арнайы әзірленген комплекстік бөлу жүйесі. Суық мезгілде бұл кешен жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етуді жоғары деңгейде ұстап тұра алады, ал ыстық жазда бөлмені суытып, осылайша жыл бойы жайлы тұру жағдайларын жасайды.

Ауалы жылу сорғының артықшылықтары. Дәстүрлі отынды пайдаланатын қазандықтармен жылыту жүйелерінің жұмыс істеу принциптеріне қарағанда, жылу сорғы атмосфераға CO₂ шығарындыларын шығармайды. Жылу сорғымен тұтынылатын 1 кВт электр энергиясы үшін 3-5 кВт жылы/суық пайда болады. Инверторлық басқарудың керемет бақылауы энергия шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Жылу өндіргіші ретінде, кешенді электрлі қазандар мен электр конвекторларына тамаша үйлеседі, онда үйді жылытудың жылу қуаты электр қуатын тұтынуға тең. Daikin және Mitsubishi Electric жоғары тиімді технологиялар арқасында, жылу сорғы –20 ° C-тан төмен температурада қоршаған ауаның еркін жылуын шығара алады [2, 52 б].

Ауалы жылу сорғы жаңа ғимараттарда, үйлерде, коттеждерде және ескі қорлардағы үйлерде оңай және жеңіл орнатылады. Сонымен қатар, мұндай кешенді жылыту жүйелерін орнату, қазу, бұрғылауды талап етпейді. Жылыту үшін коттедж арнайы бөлмелерді тапсыруды талап етпейді және орнату үшін кешенді құрылыстарды салуды талап етеді. Сыртқы блок сырттағы жаңа және қолданыстағы тұрғын үй ғимараттарында қажетті талаптармен жабдықталуы мүмкін. Ішкі гидравликалық қондырғы арнайы құбырлар мен отын сақтайтын цистерналары сияқты арнайы техникалық құралдарды немесе қосымша инфрақұрылымды қажет етпейді [5,10 б].


Сыртқы конденсациялау блогы атмосфералық ауаның еркін температурасын көтеретін ауа-фреон жылу сорғысын пайдаланады. Жылу беру фреон көмегімен құбырдың схемасы арқылы тікелей ішкі жылуалмастырғышқа – интеграцияланған гидронды модулі бар «фреон-су» буландырғышына тікелей өтеді. Гидроникалы модульдің ішкі блогы су жылыту сұлбасы болып табылады және барлық стандартты су радиаторларына, желдеткіш катушкаларға және едендік жылыту жүйелеріне қосылуы мүмкін. Тұрмыстық қажеттіліктерге тұтынушыны ыстық сумен жыл бойы қамтамасыз ету жылу сорғының жылу сұлбасына қосылған жанама су жылытқышы арқылы жүзеге асырылады. [3,79 б]. Қондырғылардың орналасуы 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Тұрмыстық қажеттіліктерге тұтыну кезіндегі қондырғылардың орналасуы

Әдеттегі кондиционерге қарағанда, -200С температурада өнімділігі 2 есе тиімді екендігі талдау жасау барысында нақты анықталып отырғандығына көз жеткізуге болады.


Жалпы жылу сорғысының жұмыс істеу принципіне келетін болсақ, жылу режімі бойынша компрессор электр энергия қуатының күшімен сырттан келген салқын температурадағы ауаны мысалы, 60°С температура ауасын 85 °С-қа көтеріп конденсаторға беру арқылы үй ішінің температурасын реттеуге үлкен мүмкіншілік береді. Жылу сорғысының жұмыс істеу принципі сурет 2-де қарастырылған.



Сурет 3 – Жылу сорғысының жұмыс істеу принципі

Тұрғын үй микроклимат параметрлерін тұрақты ұстаудың инженерлік жүйелерін жетілдіру мәселесін іске асыру үшін ZUBADAN жылу насосы таңдап алынды (3-суретте өнімділігі қарастырылған).

Өнімділік %




Сыртқы температура

_____ инвертор
 _____ Zubadan

Сурет 4 – Zubadan жылу насосының өнімділік графигі

Zubadan жылу насосы Ресейлік Mitsubishi Electric компаниясынан нарыққа шыққан. Бұл жабдық Еуропа мен АҚШ елдерінде өте тез танымал болып, тұтынушылар лайықты бағасын берген болатын. Жылу сорғыларының сериялық өндірісі 2007 жылы басталды, ал бұған дейін Скандинавияда осы аспаптардың тұрмыстық сынақтары өтті. Олар бірнеше тесттен өтіп, нәтижесінде сарапшылардың жоғары бағасын алған [6, 105 б].


Zubadan жылу насосының жұмысын қарастыру барысында сыртқы ауа температурасы $-20\text{ }^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары кезінде өнімділігі 13 кВт, блоктан шығатын температура $45\text{ }^{\circ}\text{C}$ температураны 20 минутта қыздырғандығы анықталды (4-сурет).




Сурет 5 – Zubadan жылу насосының уақытқа байланысты өнімділік графигі

Zubadan жылу сорғышы қатты климат жағдайында да үй мен өндірістік үй-жайларды тиімді жылытуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар бұл жабдық жылыту функциясын ғана емес, кондиционерлеу және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде де қолданылады. Құрылымындағы жылу сорғысы бар заманауи жылыту жүйелері жоғары тиімділігімен, үнемділігімен және ұзақ қызмет мерзімімен ерекшеленеді. Жер асты суларының, ауа массаларының немесе топырақтың энергиясын шоғырландыра отырып, төмен температуралы салқындатқыштар кері мұздатқыш жабдықтар қағидаты бойынша жұмыс істейді [4, 20 б].

4 жүрісті клапанды пайдаланып, хладагент ағынының бағытын өзгерту арқылы салқындату және жылыту бойынша жұмыс істейтін ауаны баптау қондырғысы (кондиционер) жылы/суық түрдегі деп аталады.



Сурет 6 – Салқындату және жылыту бойынша жұмыс істейтін ауаны баптау қондырғысы



Сурет 7 – Орнату сызбасы

1(10)-Клапан, 2(9) – ішкі жылуалмастырғыштар, 3– қабылдағыш, 4– 4 жүрісті клапан, 5– инжекцияға арналған компрессор, 6– хладагент инжекциясының мақсаты, 7– сыртқы блоктың жылу алмастырғышы және желдеткіш, 8– ішкі блогтың желдеткіш жылу алмастырғышы, 11(13) – кеңейткішвентилі, 12– жылу алмастырғыш НІС.

Тұрғын үй үшін ауамен баптау жүйесі микроклимат параметрлерін сақтаудың тиімді жүйесі болып табылды. Жаңа үлгідегі ғиамарат құрылыстарының инженерлік жүйелеріне ерекше көңіл бөліну негізінде, көп деңгейлі тұрғын үйлер мен бала бақшаларға қолайлы ауа параметрлерін ұстап тұру үшін энергияны үнемдейтін жүйенің конструктивті шешімі болуы тиіс.

Ауаны баптау және желдету жүйелерін талдау, суық ауа жүктемені есепке ала отырып қабылдау, ылғал бөліну, сонымен қатар ішкі және сыртқы блоктың жылуалмастырғыштарына талдау барысында аналитикалық зерттеу жүргізілді. Бұл көрсеткіштер осы саладағы ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелері бойынша алынды.

Энергия мен ресурстарды үнемдеу проблемаларын шешуді, сондай-ақ қоршаған ортаны өндірістің техногендік әсерінен қорғауды ескере отырып, микроклиматты реттеу үшін қолданылатын негізгі және қосалқы жабдықтар таңдап алынды. Дәлірек айтқанда, Ресейлік Mitsubishi Electric компаниясынан нарыққа шыққан Zubadan жылу насосы, сонымен қатар ұсынуға болатын роторлы рекуператор, заманауи дизайнға сай инженерлік құбырлар және байланыстырғыш құрал-жабдықтар мен агрегаттар.

Zubadan жүйесі тұрғын үй-жайларды жайлы жайластыру үшін барлық талаптарға жауап береді. Ол сондай-ақ барлық экологиялық стандарттар мен талаптарға сай келеді. Фреон R410A-да жұмыс істейді, оның құрамдас бөліктерінде хлор болмайды сондықтан құрылғы озон қабаты үшін қауіпсіз.

Әдебиеттер:

1. Беляев В., Хохлова Л. Проектирование энергоэкономичных и энергоэффективных зданий. -М.: Высшая школа, 1992. – 255 с.
2. Алоян Р.М., Федосов С.В., Опарина Л.А. Энергоэффективные здания –состояние, проблемы и пути решения. – Иваново: ПресСто, 2016. – 276 с.
3. Богословский В. Н., Поз М. Я. Теплофизика аппаратутилизации тепла систем отопления, вентиляции и кондиционированиявоздуха. – М: Стройиздат, 1983 г. – 320 с.
4. Данилевский Л.Н., Жила А.Н., Москалик Б.Ф. Фактическиеэнергетические характеристики жилых зданий. Строительная наука итехника. – 2008г. – №5. – С.22-29.
5. Пилипенко В.М., Данилевский Л.Н., Терехов С.В. Системыавтоматизации энергоэффективного панельного жилого дома в Минске // Научно-практическая конференция Интеллектуальные здания и сооружения. Тенденции и перспективы. РУП «Редакция журнала «Архитектура иСтроительство». – Минск, 2010. – С.7-12.
6. Eberhard Paul Lüftungsgeräte mit Wärmerückgewinnung fürpassivhäuser – Schaltungsvarianten. Gerätebewertung. 5.Passivhaustagung 16-18.02.2001, 1/ Auflage Reutlingen, Februar 2001, s. 103-112.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИНЖЕНЕРНОЙ СИСТЕМЫ ПОДДЕРЖАНИЯ ПАРАМЕТРОВ МИКРОКЛИМАТА ЖИЛОГО ДОМА

Абиева Г.С., кандидат технических наук
Балапанов Б.А., магистрант

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация

В настоящее время строятся дома высокого качества. Мы не ошибаемся, если оценивать качество этих домов правильным и эффективным расположением инженерных систем. Наличие комфортных условий в жилых домах, прежде всего, очень важно для здоровья человека. Поэтому необходимо совершенствовать инженерные системы параметров микроклимата жилья. Система кондиционирования воздуха для жилых домов эффективная система сохранения параметров микроклимата. Энергосберегающее инженерное оборудование, отвечающее требованиям дизайна, а также реализующее процесс кондиционирования и вентиляции в жилом доме.

Ключевые слова: инженерные системы, микроклимат, компрессор, кондиционирование, энергетика, вентиляция, установки, температура.

IMPROVEMENT OF THE ENGINEERING SYSTEM FOR MAINTAINING THE MICROCLIMATE OF AN APARTMENT BUILDING

Abieva G.S., candidate of technical sciences
Balapanova B.A., undergraduate

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Republic of Kazakhstan

Annotation

Currently, recently built houses of high quality. We are not mistaken if to estimate quality of these houses the correct and effective arrangement of engineering networks. The presence of comfortable conditions in homes, first of all, is very important for human health. Therefore, it is necessary to improve the engineering system parameters of the microclimate of housing. The air conditioning system for residential buildings is an effective system for preserving the microclimate parameters. Energy-saving engineering equipment that meets the design requirements, as well as implementing the process of air conditioning and ventilation in a residential building.

Keyword: engineering systems, microclimate, compressor, air conditioning, energy, ventilation, installations, temperature.

FTAMP 67.21.17

ТОПЫРАҚТАРДЫ ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕР ҚҰРАМЫНДА ЗЕРТТЕУ

Будикова А.М., техника ғылымдарының кандидаты
Байманов Т.О., магистрант

Қоркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Топырақтар табиғи және жасанды негіздері ретінде, гранулометриялық құрамды біркелкі емес топырақтар, сондай-ақ топырақ құрылымдары үшін материал (дамбалар, бөгеттер, жағалаулар) ретінде

кеңінен қолданылады. Гетерогенді топырақтардан іргетастар мен құрылыстарды жобалау кезінде қазіргі уақытта біртекті орта ретінде топырақ механикасының математикалық аппараты қолданылады, бұл қате нәтижелерге, кейде төтенше жағдайларға әкелуі мүмкін. Шынында да, қазіргі заманғы топырақ механикасында топырақ ортасындағы кернеулер мен деформацияларды анықтаған кезде олар құрылымдық материалдар үшін жасалынған деформацияланатын қатты дененің классикалық механикасы сипаттамаларын қолданады.

Аумақтың инженерлік-геологиялық жағдайының өзгеру заңдылықтары нақты геологиялық, геохрологиялық, гидрогеологиялық ерекшеліктердің жиынтығымен, геологиялық ортаға антропогендік әсерімен және табиғи және техногендік геологиялық процестердің белсенділігімен анықталады. Инженерлік-геологиялық жағдайларды бағалаудың тиімділігі бағалау параметрлерін және олардың кеңістіктік өзгеруін таңдау арқылы қамтамасыз етіледі.

Кілт сөздер: инженерлік зерттеулер, іргетас, сулы топырақ, қысым, шөгінді топырақ, топырақтың сығылу модульдері.

Үйлер мен ғимараттардың құрылысы біздің елімізде көбінесе күрделі инженерлік-геологиялық жағдайларда орналасқан аймақтарда жүргізілуде.

Құрылыс жұмыстары өндірісі кезінде ғимараттардың эксплуатациялық жарамдылығын бұзатын апаттар мен өзгерістер болуда. Қолданыстағы нормативтік құрылыс мөлшерлері және ғимараттардың негізін құру және жұмыстардың өндіріс технологиялары бойынша ережелер ғимараттардың негізі ретінде пайдаланылатын топырақтардың сипаттамаларының қасиеттерінің ерекшеліктері ескерілмейді.

Сондықтан да негіз топырақтарының сипаттамаларын жақсарту әдістерін зерттеу қазіргі таңда үйлер мен ғимараттарды тұрғызуда маңызды есептеулер болып табылады.

Топырақтың табиғаты біртекті емес әртекті болып келеді. Бір үлгі бойынша қандай да бір топырақтың сипаттамасын анықтап, оның дербес мәнін береді. Нормативтік мәнін анықтау үшін эксперимент нәтижелеріне статистикалық өңдеу және бұл сипаттаманы бірнеше рет ашу талап етіледі. Математикалық мәліметтер әдісіне сәйкес әрбір инженерлік-геологиялық элемент (қабат) үшін деректер өңделеді. Олар гранулометриялық құрамды, визуалды және тұрақсыздық көрсеткішіне ие. Топырақтың құрамын анықтау барысында жер қыртысына келесі байқау сынақ жүргізу әдістері қолданылады.

Деформация модулін анықтау үшін қалып және престеуметрдің көмегімен статистикалық жүктемемен топыраққа байқау сынақтары жүргізіледі. Бұл әдіс барысында көбірек шынайы деректер алынады. Байқап сынау кезінде, мемлекеттің стандартқа сәйкес, шурфтарда аудандары 2500см² және 5000см², ал саңылауының ауданы – 600 см² қалыптар қолданылады. Байқап сынау құрылғысы резиналы камераның саңылауына түсіруден және өлшемдік құралдар мен қысымды құру аппараттар жиынтығынан тұрады [1].

Топырақтың ығысу кедергісін анықтау үшін шурфта жердің қозғалмалы құрылғысы, шурфта топырақтың бұзылу әдістері өткізіледі.

Инженерлік-геологиялық ізденістер нысандарды жобалау және құруға қажет болған мәліметтерді алу үшін орындалатын өндірістік процесс.

Инженерлік-геологиялық ізденістер ғимараттардың құрылыс жағдайын үйреніп, олардың құрылыс және пайдалану кезеңдерінде қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Инженерлік– геологиялық ізденістің негізгі мәселелері:

1. Нысандарды құруда, оларды техникалық және экономикалық тұрғыдан негіздеу;
2. Жобаланушы нысан варианттарын бір-бірімен салыстырып, солардың ішінен ең оңтайлысын таңдау;
3. Таңдалған объекттегі ғимараттардың кешенін (жай-күйін және орналасуын) негіздеу;
4. Ғимарат пен негіздің өзара жұмыс істеу схемасын есептеу, негіздеу;
5. Құрылыс жұмыстарын жоба бойынша (авторлық) қадағалау.

Орындалған ізденіс жұмыстары территорияның геологиялық құрамына құрылымы, топырақтың физикалық-механикалық қасиеттерін геологиялық және геоморфологиялық жағдайын жағымсыз физика-геологиялық процестер мен құбылыстарды анықтау, оларды ғимарат құрылысы мен пайдалануда болжауға бағытталған болу керек.

Инженерлік-геологиялық ізденістердің құрамы нысанды жобалау кезеңдері мен территорияның табиғи жағдайына байланысты.

Жобалау кезеңінде жобалау екі кезеңді болуы мүмкін – жоба және жұмысшы құжат немесе бір кезеңді жоба – жұмысшы жоба.

Бір кезеңдегі жобада, типтік жоба бойынша құрылатын ғимараттар немесе техникалық күрделі емес нысандар. Екі кезеңдегі жобада үлкен және күрделі нысандар.

Жоба алды кезеңде құрылатын нысандар сол ауданда экономикалық жағынан тиімділігімен мүмкіншілігі үйреніледі.

Жоба және жұмысшы сызба кезеңінде сол территорияда құрылатын ғимараттарды орналастыруын толығымен жоба мен жұмысшы сызбаға керекті топырақтардың қасиеттері мен геологиялық процестер туралы мәліметтерді алу үшін ізденіс жұмыстары өткізіледі. Құрылатын әртүрлі ғимараттар геологиялық жағдайларға әсері әртүрлі, яғни бірдей емес. Олардың көрінісі топырақтардың құрылымына, типіне және де басқада геологиялық ерекшелігіне байланысты. Бір жағдайларда оларда топырақтардың жылжымалары дамиды, басқа жағдайда кенет шөгеді, үшінші жағдайда топырақта қысым болады.

Топырақтың физикалық күйінің қандай да бір сипаттамасына берілген анықтамалар бойынша [2]:

$$X_n = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n X_i \quad (1)$$

берілген орта арифметикалық көлемдігі сияқты, оның нормативтік мәні орнатылады, мұндағы X_n – сипаттамасын анықтаудағы тәжірибе саны, ал n – ізделіп отырған сипаттаманың мәні.

Есепте қолданылатын сипаттамасын әдетте есептік деп атап:

$$X = X_n / \gamma_g \quad (2)$$

формуласы бойынша анықталады, ал γ_g – топырақтың дәйектілік коэффициенті болып саналады.

Топырақтың тығыздылығы (көлемді масса) ρ -дан басқа, топырақтың физикалық сипаттамасындағы есептік мәнін $\gamma_g = 1$ барысында анықталады. Топырақтың меншікті салмағы мен тығыздылықтың есептік мәнін топырақтың өзгермелі сипаттамасы мен бағалау дәлдігінің көрсеткішін есепке алғанда оны ұқсас төзімділік мәнінен табады.

Топырақтың өзгермелі сипаттамасы (1) және (2) ережелері бойынша есептелінеді. Компрессионды байқап сынау жағдайында, m_v сығымдылыққа қатысты коэффициентті анықтау ұсынылады, ал статистикалық жүктеме жүктелген қалыптармен жерге байқау сынағын жасау барысында, топырақтың өзгеру модулі E_0 болады, өйткені m_v -дан E_0 -ға және керісінше дәл емес.

Топырақтың жер қыртысына байқау сынақтарын көптеп өткізудің салдарынан, оның статистикалық жүктемесі оның екі, үш рет қайталатындығымен шектелетіні белгілі.

Топырақтың төзімділік белгілері ϕ және c -ны жоспарды құрғаннан кейін де анықтауға болады. Қозғалтуға тәжірибе жасаудың нәтижесі небары кіші квадраттар экспериментальды мәліметтері әдістерін өңдеу үшін қолданып, тікелей аппроксимирленеді, ал кейіннен алынған кестенің параметрлері нормативтік мәндерін табады.

Кем дегенде алты эксперимент жасауда статистикалық ережелерді қолданып, топырақтың сипаттамасындағы қажетті есептік мәндерді анықтайды. Анықтамалар санын тағайындау барысында неғұлым көп тәжірибе жасалса, соғұрлым іздестірілген сипаттамадағы есептік мәнінің көбі нормативтік мәніне жақындай түседі. Бұл жағдайда, топырақты негізге сай қолдануда ұтымды шешім алынады.

Топырақтың механикалық сипаты E_0 , ϕ және c жағдайлардың тізбегіндегі қажетті санын анықталады.

Осы мезетте олар топырақтың физикалық жағдайының кейбір сипаттамасымен корреляциялық байланысқа ие болатындығы белгілі болады. Сол себепті, кішірек алаңда іздестіру жүргізу кезінде, кейде топырақтың физикалық жағдайының сәйкесінше көрсеткішін анықтаумен шектеледі, сосын ҚР ҚНЖЕ қосымшасының кестесі бойынша немесе әрбір біркелкі топырақтың қабаты үшін E_0 , ϕ , және c қажетті аймақтық нормаларды табады.

Топырақтар қабаттасуының әсері, егерде деформацияланатын қалыңдық сығымдылығы әр түрлі болатын екі немесе одан көп санды топырақ қатпарларынан тұратын болса, онда ол есептеуде ескеріледі. Сығылмайтын төсемдеуші қатпарлар болған жағдайда, жүк осі бойынша σ_z кернеудің

кейбір концентрациялары, көбінесе қатты қатпарлардан жүктелетін қабатқа дейінгі аз қашықтықтан жүргізіледі (1-суретке сәйкес тегіс эпюралар).


Егерде төсемдеуші қатпар ұстап тұрушыға қарағанда көбірек сығымдылыққа ие болса, керісінше, үлкен алаңдағы кернеудің шашырауы мен жүк осі бойынша σ_z кемуі байқалады (1-суретіне сәйкес штрих эпюралары). Сызықтық деформацияланушы жартылай кеңістіктегі σ_z кернеу эпюрі үзік сызықпен көрсетілген.

Жартылай кеңістік ішіндегі күштердің әсері, іргетастың терен орналасымында қысым үстіңгі бетіне емес, топырақ алабын ішкі бетінің кейбір d тереңдігінде таратылады.

Тікелей қалыпты кернеу σ_{zd} болатын мұндай жағдайда, мына теңдеу арқылы айқындауға болады:

$$\sigma_{zd} = K_d N / d^2 \quad (3)$$

мұндағы K_d – 1-кестесі бойынша анықталатын, z/d және r/d қатынасына тәуелді коэффициент (мұндағы z – жер беті нүктесінен қарастырылған нүктенің тереңдігі; r – одан z осіне дейінгі қашықтық; d – N шоғырландырылған күшке қосылған нүкте орналасуының тереңдігі).



Сурет 1 – Төселгіш қабат әртүрлі тереңдікте орналасқан жағдайдағы кернеуінің эпюралары

Жүктің тең мөлшердегі бөлінісі әрекетіндегі әрбір көлбеу кесіндісінде топырақтар жүк ортасы астындағы σ_z барынша жоғары кернеуден өтеді. Мұндай жағдайда, топырақ бетінің ең жоғарғы шөгу орталығында, ал ең төменгі шөгу 2а-суреттегідей жүктің шеттері мен бұрыштық нүктелерінде байқалады [6].

Егер жүк топыраққа қатты іргетаспен берілсе, онда симметриялық жүктеуде, топырақтың үстіңгі бетіндегі шөгу мен астындағы шөгу тең мөлшерде болады. Абсолютті қатты дөңгелек штампқа арналған есептің теориялық шешімі мынадай теңдеуге алып келеді:

$$p_p = p_m / \left(2\sqrt{1 - \rho^2 / r^2} \right) \quad (4)$$


мұндағы p_p – дөңгелек іргетас табаны бойынша, $\rho < r$ (мұндағы r – іргетас табаны радиусы) орталығынан ρ қашықтықтағы қысым; p_m іргетас табаны бойынша орташа қысым.

Кесте 1 – K_d еселігінің мәні

z/d	r/d мәндерінде					
	0	0,2	0,4	0,6	0,8	1,0
0	0	0	0	0	0	0
0,4	-0,3709	-0,2582	-0,0880	-0,0024	+0,0206	+0,0202
0,8	-4,9217	-0,8510	-0,0152	+0,0590	+0,0568	+0,0440
1,2	+5,1378	+1,0639	+0,2012	+0,0968	+0,0666	+0,0495
1,6	+0,6234	+0,4966	+0,2901	+0,1600	+0,0959	+0,0635
2,0	+0,2480	+0,2291	+0,1874	+0,1368	+0,0982	+0,0708

Бұл жағдайда (2а-суреттегі 1-эпюра) жиектер бойынша ($\rho < r$ жағдайында) контактілік қысым теориялық тұрғыда шексіз үлкен болып табылады. Алайда топырақтың мұндай қысымы қабылданбайды, пластикалық деформациялардың дамуы нәтижесінде контактілік негіздің шекті азаюы, өзге тұстарында ұлғаюы арқылы қысым қайта бөлінеді (2б– суретте көрсетілгендей, 2 эпюра).

Қатты іргетастардың негізіндегі қысымның қайта бөлінуі тереңдіктегі іргетас енінің жартысынан асатын кернеуді аздап өзгертеді, алайда оны қаттылыққа ие іргетастар құрастыруды есептеген кезде ескерген дұрыс [3].



Сурет 2 – Тең мөлшерде бөлінген иілгіш күштің (а) және қатқыл штамп астындағы қысым эпюралары (б)

Қысымды өзгертудің үлкен ауқымы үшін алғаш қысудың компрессиондық қысық сызығы (CD түзу сызығы) 2.2б-суретіне сәйкес келесі логарифмдік тәуелділікпен сипатталады:

$$e_i = e_0 - C_c \lg(p_i / p_0) \quad (5)$$

осы теңдікте e_i – қысымындағы; p_i – топырақ кеуектілігінің бастапқы коэффициенті; C_c – компрессия коэффициенті (қысық параметрі); p_0 – топырақтың бастапқы қысуы басталатын қысым.

$$de = -m_0 dp \quad (6)$$

Сондықтан бастапқы қысу барысында топырақ кеуектілігі коэффициентінің өзгертілуі қысым өзгертілуіне тікелей үйлесімді және жиынтық қысымға кері үйлесімді болып келеді. Өндірістік және азаматтық ғимараттар мен құрылыстардың негіздеріндегі топырақ қысымы әдетте 0,3МПа-ға дейінгі мөлшерге қана көтеріледі, тек сирек жағдайларда қана 0,6МПа-ға дейін жетеді. Осындай қысымдар орын алғанда АВ кескіш сызығы 2.1б-суретіне сәйкес қысық сызыққа жақын болып табылады, яғни есептеулер үшін дифференциалды нысандағы теңдестігімен (7) пайдалануға болады:

$$\varepsilon_x = \sigma_x / E_m - (\nu_m / E_m)(\sigma_y + \sigma_z) \quad (7)$$

Жоғарыда айтылғандар негізінде топырақтың компрессиялану заңы төмендегідей тұжырымдалады: қысым шамалы өзгергенде, топырақтың кеуектілік еселігінің өзгертілуі қысым өзгертілуіне тура пропорционалды болып табылады [4].

Компрессионды сынауларды өткізу барысында қатаң шығыршықтың ішіндегі топырақтың үлгісі жан-жаққа кеңейтіле алмайды. Осындайда ол одометр шығыршығының қабырғаларына σ_x және σ_y көлденең кернеулеріне сәйкес келетін көлденең қысым көрсетеді (сондықтан $\sigma_x = \sigma_y$). Қалыпты жағдайдағы тік σ_z кернеуі салынған салмақ ($\sigma_z = \rho$) қарқындылығына тең. Топырақтың қырлы кеңейтілуінің болмауына байланысты салыстырмалы көлденең өзгертулер тең болып табылады: $\varepsilon_x = \varepsilon_y = 0$.

Гук заңына сәйкес қатты заттың салыстырмалы өзгертілуі келесі теңдікті шешу арқылы табылады:

$$\varepsilon_x = \sigma_x / E_m - (\nu_m / E_m)(\sigma_y + \sigma_z) \quad (8)$$

осы теңдікте E_m – материал модулі; ν_m – материалдың бүйірлік кеңейтілуінің еселігі (Пуассон еселігі).

Қысымдардың кішкене мөлшерлердегі өзгертулер шеңберлерінде топырақтарды сызықты өзгертілетін заттар ретінде қарастыратындықтан, ұқсас (9) теңдікті топырақтың кернеулері мен өзгертулері арасындағы тәуелділік үшін де келесі түрде жазуға болады:

$$\varepsilon_x = \sigma_x / E_0 - (\nu / E_0)(\sigma_y + \sigma_z) \quad (9)$$

осы теңдікте E_0 – топырақ өзгертілуінің модулі; ν – топырақтың бүйірлік кеңейтілуінің еселігі (Пуассон еселігі).

Тыным қысымының тәжірибе ретінде өткізілген бүйірлік өлшемдері құмдар үшін $\xi = 0,25 - 0,37$; ал шаң – балшық топырақтары үшін консистенцияға байланысты $\xi = 0,11 - 0,82$.

Әдебиеттер:

1. Байтасов Т.М., Оразалы Е.Е., Жакулин Ә.С. Геотехника. – Алматы: «Дәуір», 2011. -152-156 б.
2. Далматов Б. И. Механика грунтов, основания и фундаменты (включая специальный курс инженерной геологии): учебник для вузов // 3-е изд., стер. – СПб.: Лань, 2012. – 41 б.
3. Крутов В. И. Проектирование и устройство оснований и фундаментов на просадочных грунтах: [учебное пособие] / В.И.Крутов, А. С. Ковалев, В.А.Ковалев. – М.: АСВ, 2013. – 544 -552 с.
4. ҚР ҚНЖЕ 5.01-01-2002 Ғимарат пен құрылыс негізі.– Астана: ҚР МИТ құрылыс ісі жөніндегі комитет. – 2002. – 82 б.
5. Машкин Н.А., Будикова А.М. Прочностные характеристики лессовых просадочных грунтов// Қорқыт Ата атындағы қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2016. – №1 (46). – 139-143 б.
6. Будикова А.М., Нурмуратова А. Іргетастардың біркелкі емес шөгудерінің даму себептері //Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2014. – №2(43). – 143-146 б.

ИССЛЕДОВАНИЕ ГРУНТОВ В ИНЖЕНЕРНЫХ ИЗЫСКАНИЯХ

Будикова А.М., кандидат технических наук

Байманов Т.О., магистрант

Қызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация

Грунты с существенной неоднородностью гранулометрического состава широко применяются в качестве оснований, как естественных, так и искусственных, а также в качестве материала для грунтовых сооружений (плотин, дамб, насыпей). При проектировании оснований и конструкций из неоднородных грунтов в настоящее время используется математический аппарат механики грунтов как гомогенных сред, что может привести к ошибочным результатам, а порой и к аварийным ситуациям. Действительно, в современной теоретической механике грунтов при определении напряжений и деформаций в грунтовой среде пользуются представлениями классической механики деформируемого твердого тела, которая разрабатывалась для конструкционных материалов.

Закономерности изменения инженерно-геологических условий территории определяются совокупностью специфических геологических, геокриологических, гидрогеологических особенностей, техногенным воздействием на геологическую среду и активизацией природно-техногенных геологических процессов. Эффективность оценки инженерно-геологических условий обеспечивается выбором оценочных параметров и их пространственной изменчивостью.

Ключевые слова: инженерно-исследовательские изыскания, основание, лессовые грунты, давление, просадочные грунты, компрессионные модули грунтов.

RESEARCH OF SOILS IN ENGINEERING

Budikova A.M., candidate of technical Sciences

Baimanov T.O., undergraduate

Korkyt Ata Kyzylorda state University, Republic of Kazakhstan

Annotation

Soils with significant inhomogeneity of particle size distribution are widely used as bases, both natural and artificial, as well as material for soil structures (dams, dams, embankments). When designing foundations and structures from heterogeneous soils, the mathematical apparatus of soil mechanics as homogeneous media is currently used, which can lead to erroneous results, and sometimes even to emergency situations. Indeed, in modern theoretical soil mechanics, when determining stresses and deformations in a soil medium, they use representations of the classical mechanics of a deformable solid, which was developed for structural materials.

The patterns of changes in the engineering and geological conditions of the territory are determined by a combination of specific geological, geocryological, hydrogeological features, anthropogenic impact on the geological environment and the activation of natural and technogenic geological processes. The effectiveness of the assessment of engineering and geological conditions is ensured by the choice of assessment parameters and their spatial variability.

Key words: engineering research, foundation, loess soils, pressure, subsidence soils, soil compression modules.

***АҚПАРАТТАМА, ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ
ИНФОРМАТИКА, ВЫЧИСЛИТЕЛЬНАЯ ТЕХНИКА И УПРАВЛЕНИЕ
INFORMATICS, COMPUTER ENGINEERING AND MANAGEMENT***

CSCSTI 20.01.07

NEURAL SYSTEMS IN ARTIFICIAL INTELLIGENCE THEORY

Doszhanov B.A., candidate of pedagogical sciences, acting professor

Abay T.T., undergraduate

Korkyt Ata Kyzylorda state University, Republic of Kazakhstan

Annotation

The article describes the concepts of intelligence and artificial intelligence, touches upon the application areas and prospects for artificial intelligence systems. Moreover, the differences between artificial and biological neurons are considered. The structure and features of an artificial neuron are studied.

Keywords: artificial intellect, artificial neuron, biological neuron, neural network, dendrite, axon, input-output signals.

In a modern information society of advanced technology, the cognition of brain functions, such as profound understanding, perception, thinking is of great value. This is evident from the need for intelligent solutions for information technology used in any industry.

In this regard, firstly, we define the concepts of intelligence and artificial intelligence.

Intelligence is the mental ability of any person to create any new situation, the immediate acceptance of a problem and the ability to make a decision. Intellectus in the Latin language means recognition, perception, understanding.

Artificial intelligence – the implementation of intellectual activity using a computer.

The introduction of artificial intelligence is the triumph of human intelligence. The creation of intelligent programs is different from the creation of simple software, i.e., it is implemented through the creation of artificial intelligence systems. For example, a computer game of chess based on this technology can win a person who is fully acquired the chess rules and secrets.

Artificial intelligence systems can be considered as a technical system that is evolving in a computer program with the help of special logic systems that constantly improve the individual aspect of human intelligence.

Working with this technology technology is not limited to algorithmic procedures, but also affects the formation of the intellectual level of a computer and a person facilitating communication and human self-government activity and responsibility.

The impact of the formation and development of the nervous system on human intellectual ability, the formation of neurons in humans and the impact of modern artificial intelligence on human activities are both great. This is one of the ways to provide services such as high-speed digital processing of information flow, image recognition and analysis, management and forecasting problem solving, real-time research.

Computational artificial intelligence is also considered as a system consisting of many simple computational elements that work in parallel or in the form of components. Its characteristic feature is determined by its ability to better perception of the organization of the nervous system of people, as an effective tool for processing and analyzing information.

Artificial intelligence is becoming a powerful force interacting with technological innovations such as robotics, 3D printing, nanotechnology and biotechnology.

Application areas of artificial intelligence systems:

- robotics;
- analytical systems;
- creation of a universal solver;
- translation from one language to another;
- creation of an intelligent interface that provides a user-friendly dialogue with a computer [1].

Klaus Schwab, a founder of the World Economic Forum in Geneva, fixed on four following intellects that should be adapted to the emerging new situation in the context of the Fourth Industrial Revolution and optimize the problems that arise from it [2]. They are as follows:

intellectual intelligence or contextual intelligence – answers the question of how we use our intelligence, knowledge;

heart intelligence or emotional intelligence – will answer the question of how we will analyze and manage our thoughts and feelings. Klaus Schwab considers emotional intelligence as an important part within the fourth industrial revolution, complementing contextual intelligence. This intelligence affects the development of social ideas in society. Researchers believe that the institution will have great potential for the development of the institution if there are a large number of specialists with emotional intelligence.

mental or spiritual intelligence – change the problem arising from spiritual and moral values, trust each other, help each other in achieving common interests. This will pave the way for intellectual collaboration. And to convince people of cooperation is important for each other. It is no accident that the author believes that «faith remains the most important value when there is nothing permanent in the world.»

body intelligence or physical intelligence – helps the body to use its energy efficiently and to create a healthy lifestyle.

The main function of artificial intelligence systems is education. That is, «decision-making based on knowledge» or «the acquisition of new knowledge». Therefore, the provision of knowledge is considered one of the most important problems of artificial intelligence.

If the description of the algorithm for other programs was decided at the level of the programming language, knowledge management for artificial intelligence systems will lead to difficult questions: what kind of education is used, what knowledge is stored in the system as a base, how to use it, how to supplement it, etc. Therefore, education is a basic concept of artificial intelligence. In simple way, relationships between knowledge-based data elements can be defined. In other words, education is obtained through the use of information processing methods (declarative information) and the use of external procedures (procedural information) in relation to information received from it [1, p.9]:

initial information + processing methods = information;

information + external procedures = education;

The theory of artificial intelligence uses classical and non-classical (modern) teaching methods. Classical methods include logical, wireframe, semantic, productive methods, neurons, criteria, probability.

Presently, neural methods are one of the most dynamically developing areas of artificial intelligence. It can be said that this is an interconnected project of the probability criterion. A neural line is known as a «digital recording» of the terms «if/then» under certain circumstances.

The idea of creating an artificial neural algorithm is based on the function of biological neurons. That is, an artificial neural network is the first artificial technology based on human intelligence. But artificial intelligence cannot be a complete copy of human intelligence. To understand its function, let's first look at the functioning of biological neurons [3].

The cellular (cellular) structure in the central nervous system is a nerve cell, a neuron. It consists of a body, its core and body which communicates with the inner world. In a neural stimulus, one long excretory disease called dendrites and arousal is called axons. And the place where neurons combine an axon – called a dendrite – is called a synapse. A neuron is stimulated by a signal transmitted by communication, it stimulates its own signal and transmits it to others. After some time, the inhibition process begins, that is, the activity of the affected neurons is suppressed, and the second neuron restarts again. If the combination of stimulants exceeds the limits, neurons signal. Otherwise, the axon does not send any signals: the neuron does not respond to the stimulus (Photo 1).




Photo 1 – Scheme of a biological neuron

The intensity of the signals depends on the activity of the neuron receiving the synapse. Each synapse has its own length and in this way signals are transmitted in certain chemical products.

The human brain consists of 10^{10} - 10^{11} neurons. Each neuron binds to thousands of other neurons. In general, the human brain consists of 10^{14} - 10^{15} interconnections of neurons. Neurons interact with each other through a series of short pulses.

The main feature of the neuron is that it interacts with energy exchange during metabolism and changes the internal state over time, so it is an active dynamic system.

As we have already seen, the theory of neurobiology is based on biophysical laws. Therefore, in order to understand artificial neural networks, we need to look for answers to the following questions:

1. How does a biological neuron nerve cell work? What should be the mathematical model that describes the information process in a neuron? What neurons are important in modeling?
2. What is the exchange information between neurons? How do signals passing through synapses depend on its permeability?
3. What legal neurons are connected to each other? How do they know what to do with their neighbors?
4. How do you choose parameters for the right transmission in biological neural network? What is wrong with outgoing signals and what is not?

Now let's consider the artificial neurons. An artificial neuron is a simple element of transformation consisting of three types of elements which eliminates the basic functions of two basic functions, as well as nonlinear transformation. Artificial neural networks represent the common mathematical and algorithmic methods for the solution of a wide range of tasks. Neuron spectrum of subdural neurons which legitimacy is common. We know that they all consist of many neurons, lots of them are connected to each other, for example, to the human brain. They include synapses that connect neurons to the inputs and nuclei of neurons [4]. Photo 2 shows a diagram of an artificial neuron.




Figure 2 – Scheme of an artificial neuron

Here x_1, x_2, \dots, x_n – are neural inputs, w_1, w_2, \dots, w_n – are synapses, S – is the result of input signals. The neural core the input signals and axons connects the neuron to the next layer of the neuron. Each synapse determines the degree to which a neuron depends on its state. The mathematical model of a neuron is determined by the formula:

$$s = \sum_{j=1}^n w_j x_j = (wx)$$

where: n – is the number of introduced neurons, x_j – is the j -th value of the neuron inclusion, w_j – is the weight of the j – th synapse.

Then the value of the axis of the neuron is calculated by the following formula where the output signal is determined:

$$y = f(s) = f\left(\sum_{j=1}^n w_j x_j\right).$$

where f – is the activity function (axon), y – is the output signal of the neuron.

There are two ways to create artificial neuronetwork:

- the information path – it does not matter on which mechanism the artificial neuro network activity is based on, and in the process of solving the problem, neuronetwork information processes are based solely on the law of biological service;

- biodiversity – is simultaneously identified in the biological characteristics of the simulation.

Artificial neurons are able to work faster and easier than humans in solving this problem, because they have evolved over millions of years with a simple human brain, but are based on a specific account. For example, accurate identification of an object in a photograph, accurate diagnosis of certain diseases, etc. In the future, it can perform even more complex tasks. Sometimes these artificial neurons are often inaccessible to neurons that do not understand the superiority of neurons.

This is not to say that the aircraft is a complete copy of artificial neurons, biological neurons, such as birds and cars cannot be copies of horses. Biological and artificial neurons are characterized by the following characteristics [5]:

Descriptiontype	Biologicalneuron	Artificialneuron
Object	Elementof a biologicalcell.	Thisis a mathematicalfunction.
Structure	Consistsofdendritescomingoutofth enervesignalsandaxonthatcontrols ignaltransmissionornon-transition.	Itconsistsofseveralinputandoutputsignal sdependingonthepositionofthesesignals.
Size	Humanbrainismadeupof 86 billionneurons thatinteractwith 100 trillioncompounds.	Presentlytheartificialneuronetworkalg orithmhasthousandsofneurons. Tobuil dmillionsofartificialneurons, youneed a powerfulcomputerprocessor.
Topology	Exchangeofinformationbetw eenneuronsinthehumanbraini sparallelandasynchronous. Brainneuronsare a complexstructu rethatdoesnotfitinto a linearchain.	Layersofneuronsareunder a sequent, constantoperationin artificialneuronnetwork
Bandwidthandspeed	Functionspeedof a biologicalneuronisrelatedtoage, genderandsoon. Signalsaret ransmittedat differentspeedsf rom 0.61 m/s to 119 m/s.	Speedofthesignalsdependsontheperf ormanceofthecomputerprocessor. Ve rycomplexcalculationscanbeperform edinparallelwiththousandsofserve squippedwith a powerfulprocessor.

Architecture variability	Favorable environment for occurrence and destruction of the neural connections of the brain.	Architecture of an artificial neural network does not change in the course of the algorithm running.
Power consumption	Complex structure of neurons in the brain requires 20 watts of energy consuming about 20 percent of the body's energy.	Powerful computer that provides the activity of artificial neural network consumes several hundred watts of energy.
Opportunity for monitoring and supervision	In spite of the fact that brain is under study, it is impossible to fully understand its work and track it.	You can get complete information about each algorithm performance in the operation of an artificial neuron.

The following characteristics of artificial neurobiology are their closed descriptions [6]:

- 1) artificial neurons allow a better understanding of the organization of the biological nervous system;
- 2) artificial neural networks are the means of information processing;
- (3) artificial neural networks are characterized by parallel processing and strong neurons, regardless of normal computer limitations;
- 4) it is predicted that artificial neural networks will promote understanding the future features of the higher functions of the nervous system: mind, sensations, emotions and thinking.

Neuroscience which is able to «observe» complex laws in databases that can manage non-volant devices in unexpected places and receive «readable» objects more readily than humans is widely used in all fields of science and industry. The need for more in-depth research and understanding of the artificial neural network is becoming increasingly apparent.

References:

1. Asambayev A. Zh. Fundamentals of artificial intelligence: Textbook.-Almaty: Daur, 2011. – 136 p.
2. Klaus Schwab. The fourth industrial revolution. Translation from English.-Almaty: Daur, 2018. – 198 p.
3. Features of the neuron and its functioning. <https://kk.Psychology instructor.com/>.
4. Structure and features of the artificial neuron. <https://studopedia.info/6-90603.html>.
5. NagyfiRichard. The differences between Artificial and Biological Neural Networks.<https://towardsdatascience.com/>.
6. Mukeyeva G.I. Features of the application of artificial neural networks in teaching computer science in higher education. Master's work for the degree of Master of Science. – Kyzylorda: Korkyt Ata KSU, 2013. – 83 p.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ НЕЙРОНДЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

Досжанов Б.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.

Абай Т.Т., магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа

Мақалада интеллект және жасанды интеллект ұғымдарына сипаттама беріліп, жасанды интеллект жүйелерінің қолданылу салалары мен болашағы жөнінде айтылады. Сонымен қатар, жасанды нейронның биологиялық нейроннан айырмашылығы сипатталады. Жасанды нейронның құрылымы мен ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, жасанды нейрон, биологиялық нейрон, нейро желі, дендрит, аксон, кіріс-шығыс сигналдары.

НЕЙРОННЫЕ СИСТЕМЫ В ТЕОРИИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Досжанов Б.А., кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора
Абай Т.Т., магистрант

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация

В статье сравниваются понятия интеллекта и искусственного интеллекта, описаны области применения и перспективы развития искусственного интеллекта. Рассмотрены отличия между искусственным и биологическим нейронами. Изучены структура и особенности искусственного нейрона.

Ключевые слова: искусственный интеллект, искусственный нейрон, биологический нейрон, нейросеть, дендрит, аксон, сигналы входа-выхода.

FTAMP 50.05.13

ФИЗИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРГЕ ВИРТУАЛЬДЫ ЗЕРТХАНАНЫ WEB- ЖӘНЕ RAD-ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНЫП ҚҰРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Артықбаева Д.Ж., магистрант

Құрақбаев Ж.С., физика-математика ғылымдары кандидаты, доцент

Ибрагимов О.М., физика-математика ғылымдары кандидаты, доцент

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазіргі кезде виртуал лабораторияны таратудың екі технологиясы белгілі: желілік және кейстік. Желілік және кейстік тарату технологияларының өз артықшылығы және жетіспеушілігі бар. Кейстік технология жоғары дәрежедегі мультимедиялығымен ерекшеленеді. Жетіспеушілігі тұтынушымен кері байланыстың жоқтығы. Желілік технология тұтынушымен тікелей интерактивтік түрде байланыса алады, контентті шапшаң жаңартуға мүмкіндігі мол. Осының барлығы контентті дайындауда және жаңартуда ерекше талаптар қояды. Сонымен қатар контентке суреттерді, кестелерді және анимацияны бейнелеу мүмкіндігін береді. Виртуал лабораториялар Интернеттің WWW қызметімен бірге дами отырып, оның соңғы технологияларымен үнемі толықтырылып отырылады.

Виртуал лаборатория құру мәселесі IT-технологияларының дамуынан туындап отырған электрондық басылымдардың жаңа түрі. Қазіргі таңда Қазақстанда бұл сала енді дамып келе жатыр және оны құру технологиясы толық зерттеліп болған жоқ. Осыдан физикалық үрдістерге виртуалды лаборатория құруды осы саладағы алғашқы еңбектердің бірі деп есептеуге болады. Сонымен қатар айта кететін мәселе, RAD бағдарламалау ортасына Web-технологиялар қолданылып отыр. Нәтижеде виртуал лабораторияны таратуда жоғарыда берілген екі технологияны да қатар қолдануға болады.

Кілттік сөздер: виртуалды лаборатория, RAD бағдарламалау технологиясы, Web- бағдарламалау технологиясы, желілік технология, кейстік технология, браузер.

Кіріспе. Қазіргі таңда өркениетті елдер алдында ақпараттық қоғам құру мәселесі туындап отырғаны белгілі. Ақпараттық қоғам – басым көпшілігі ақпараттық өндіріспен, яғни ақпараттың жоғарғы формасы білімді сақтау, өңдеу және тасымалдау істерімен айналысатын қоғам. Ақпараттық қоғамды құру критерийлерінің бірі қажетті ақпаратты жедел және нақты түрде жеткізу, тасымалдау. Бұл критерийдің Интернет-технологияларға байланысты тұстары бар.

Физикалық үдерістерге виртуалды зертхананы Web- және RAD-технологияларын пайдаланып құруда контент+браузер технологиясы қолданылады, яғни зертхана мәтінін (контент) дайындау үрдісі

шолушылық бағдарламасын (браузер) құру технологиясынан бөлектенеді. Контент құрылымының күрделілігі мен көлемінің үлкендігі, оны құру технологиясына жоғары талаптар қою қажеттілігін туындатады. Жағдай виртуал лабораторияны тарату технологияларына байланысты күрделене түседі.

Жұмыстың RAD бағдарламалау ортасында жасалыну себебі, біріншіден, RAD бағдарламалау ортасы кез-келген қосымшаны дайындауға болатын, жылдамдығы тез қуатты визуалды тілдердің бірі болуы және де басқа деректер деректер қорымен жақсы байланысатын болуы. RAD бағдарламалау ортасының көпжақтылығы оны тек IT-технология саласында ғана емес, сондай-ақ, оқып-үйренуде, ғылыми-зерттеу істерінде, әкімшілік, кәсіпгерлік және шаруашылық жұмыстарында да кеңінен пайдалануға мүрсат береді [1-3].


Екіншіден, ол Windows операциялық жүйесінде программалаудың ыңғайлы құралы болып саналады. Онда RAD-технологиясын пайдаланып бағдарлама дайындау, жоба мәзірін құру, анимация, мультимедия үрдістерін ұйымдастыру, OLE технологиясын пайдаланып, басқа офистік қосымшаларды шақыру, олармен жұмыс істеу және тағы басқа іс-әрекеттерді орындау мүмкіндігі бар.

RAD бағдарламалау ортасына компонентті орнату. Flash-анимациямен жұмыс істеу үшін, ActiveX компонентін Flash ортасына импорттау қажет. Ол үшін операциялық жүйеде Flash.ocx немесе SWFlash.ocx кітапханасы бар. Бұл кітапхана Flash пакетін немесе Flash ойнаушысын орнатуда автоматты түрде орнатылады. Flash ойнаушысын Macromedia корпорациясының сайтынан көшіріп алуға болады [4].

Delphi-ге Flash компонентті орнату үшін, оның негізгі терезесінен Component → Import ActiveX Control мәзірін ашамыз. Компонент палитрада ActiveX парағында пайда болуы үшін, сұхбаттық терезедегі Palette page өрісін өзгертпеу керек.

Сұхбаттық терезедегі тізімнен Shockwave Flash қатарын тандасак, келесі өрісте нұсқаулар тізімі көрінеді. Нұсқаулар ішінен Install... пернесін таңдап, пайда болған терезесінің сұраныстарын орындаймыз. Тек қана File name өрісінің мәнін өзгертпеу керек.

Осы сипатталған іс-әрекеттерді орындасак, компоненттер палитрасының ActiveX парағында жаңа компонент пайда болады (1-сурет).



Сурет 1 – ActiveX парағының жаңа компоненті

ҒӘК студенттердің ғылыми жұмыстарын басқару және ұйымдастыру тәжірибесінде әр түрлі формалар пайдаланылады [5, 57 б.]. Бұл формалар жұмыс мазмұнына, факультеттің және оқу курсының ерекшеліктеріне, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына даярлығы мен тәжірибесінің деңгейіне байланысты жіктеледі. Жоғары оқу орнындағы пәндік олимпиадалар мен конкурстарды өткізуге ерекше мән беріледі. Олардың мақсаты – білім деңгейі мен кәсіби бағыттылығы бар стандартты емес міндеттерді шешу қабілеттерін тексеру болып табылады. Үздік ғылыми жұмыс конкурстары ғылыми нәтижелерді көрсету түрлеріне байланыс алуан түрлі болып келеді: реферат, ғылыми мақала, макеттер, плакаттар, компьютерлік бағдарламалар, шығармашылық жұмыстар. Конкурсқа қатысқан жұмыстарды әділ бағалау үшін пәндік кафедралары мамандарынан бағыттар бойынша сарапшылар комиссиялары құрылады. Жұлделі орынға ие болған конкурстық жұмыстар әр жылы сәуір-мамыр айларында өткізілетін қорытынды ғылыми-практикалық студенттер конференциясына жіберуге ұсынылады. Үздік еңбектер студенттер жұмыстарының жинағында жарияланады. Жетекші мамандар, ғылым докторлары, профессорлар жетекшілік ететін ғылыми семинарлар көпшіліктің көңілінен шығып отыр. Семинарлардың мақсаты – ғылыми зерттеу әдістемесі мен технологиясын меңгерту, қарым-қатынас және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Семинар отырысында студенттер мен магистранттар кезекпен баяндамалар оқиды, семинардың жетекшісімен бірге қызығушылық тудырған ғылыми мәселелерді шешудің тәсілдерін, әдістемелерін, технологияларын, алғашқы ғылыми нәтижелерді және теориялық қортындыларды белсенді талқылайды. Жас зерттеушілер ғылыми әдебиеттермен жұмыс жүргізуді, зерттеу әдістемесін құрастыруды, жинақталған мәліметтерді талдауды, қорытынды жасауды, табылған материалдарды және өзге зерттеушілердің ғылыми нәтижелеріне баға беруді үйренеді.

Оқу орындарының басым көпшілігінде СҒЗЖ кең таралған түрлерінің бірі студенттердің ғылыми үйірмесі (СҒҮ) болып табылады. Оның ұйымдастыру мен қызметінің мақсаты – ғылыми жұмыс дағдыларын дамыту, студенттердің ғылыми зерттеулерді жүргізуге деген мотивациясын арттыру [2, 77 б.]. СҒҮ үйірмесінің мазмұнына ғылыми-зерттеу жұмыстарының алуан түрлері енгізілген [1, 66 б.]: ғылыми зерттеулерді орындаудың әдістемесі мен ұйымдастырудың теориялық негіздерін оқыту, ғылыми тәжірибені жоспарлау және ұйымдастыру, алынған мәліметтерді өңдеу, факультет әкімшілігі, оқытушылар, топ тәлімгерлерінің сұраныстары бойынша зерттеушілік сипатындағы тапсырмаларды орындау; факультетте студенттер жетістіктерінің көрмелерін, ғылыми конференцияларды, олимпиадаларды және басқа да ғылыми-зерттеу сипатындағы іс-шараларды ұйымдастыру; ғылыми конференцияларда баяндама жасауға және баспаға жариялауға ғылыми зерттеулердің нәтижесін даярлау; өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру, тұлғалық және кәсіби рефлексиясын дамыту жұмыстары.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары олардың дербес ерекшеліктерін, шығармашылық қабілеттерін, тұлғалық әлеуеттерін жүзеге асыруға даярлығын толыққанды көрсете білуге мүмкіндік туғызады. Айта кетуіміз керек, әр зерттеу үдерісінің өзіндік ерекшеліктері бар және білім берушілік те, тұлғалық тұрғыдан да құндылығы жоғары.

Ал өз кезегінде, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге әзір болу болашақ еңбек жолында да, ғылыми еңбегінде де тәрбиелік-білім берушілік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Студенттердің зерттеушілік құзіреттіліктерін қалыптастыру бірқатар шарттарды орындағанда ғана неғұрлым тиімді болады [3, 90 б.]: студенттерді ғылыми таным саласында (сәйкес пәндер, семинарлар, кеңес берулер арқылы) даярлау; студенттердің зерттеушілік икемділіктері мен дағдыларын дамыту бойынша тұрақты

мақсатты бағытталған және толығымен қамтылған жұмыс жүргізу (бүкіл оқу пәндері, іс-тәжірибе жинақтау барысында); кәсіби даярланған оқытушының студенттердің ғылыми жұмысына жетекшілік жасау сапасына мониторинг жасау; оқу орнының профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-әдіснамалық және ғылыми-зерттеушілік белсенді ұстанымының болуы.

Соңғы жылдары практик-мамандар ғылыми жұмыстың оқу жұмысының сапасына оң ықпал жасау факторы ретінде көрсетіп отыр. Жоғары оқу орнын аяқтауға қарай көптеген студенттер зерттеушілік тәжірибеге ие болады, ғылыми жұмысты жүргізудің әдістемесін меңгереді. Мұндай студенттер біліктілік жұмыстарын қорғау кезінде магистратурада білімін жалғастыруға ұсынылады. Университетте студенттердің ғылыми жұмыстарын кешенді тұрғыда ұйымдастыру әлеуметтік тапсырысты сапалы орындауға, қоғамның жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлауға қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Калиновская Т.Г. Научно-исследовательская работа студентов как фактор развития творческой активности // Т.Г. Калиновская, С. А. Косолапова, А. В. Прошкин // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2010. – №1. – С. 75–78.

2. Федосова И.В. Школа молодого исследователя как форма повышения качества научно-исследовательской работы студентов // Современные проблемы науки и образования. – 2006. – №6. – С. 65-67.

3. Поведская О.К. Организация научно-исследовательской работы студентов и преподавателей в рамках компетентностного подхода в образовании // Успехи современного естествознания. – 2010. – №1. – С. 88-90.

4. Ефимова Е.В. Формирование предпринимательской культуры будущих менеджеров – Киров: Изд-во ВятГГУ, 2009. – 150 с.

5. Елкин С.Е., Калинина Н.М., Чижик В.П. Модернизация системы экономического образования в условиях институциональной трансформации научно-образовательных комплексов: монография. – Омск: Изд-во Омский институт (филиал) РГТЭУ, 2010. – 257 с.

ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТНЫХ И ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ ПО НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЕ

Смаилова Ж.Ж., кандидат технических наук, ассоциированный профессор

Орынбасарова С.О., магистрант

Пайзулда А.А., магистрант

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республики Казахстан

Аннотация

Данная статья посвящена организации и совершенствованию научно-исследовательской работы студентов в двухуровневой системе образования. В статье рассматриваются особенности, содержание и значимость исследовательской работы студентов. Прежде всего, в статье изложены условия подготовки будущего специалиста, развития исследовательских навыков, гибкости, личностных качеств, а также накопления творческого и исследовательского опыта. Научно-исследовательская работа студентов позволяет им в полной мере продемонстрировать свою готовность реализовать свою личность, творческие способности и личностный потенциал. В статье изложены результаты исследований в современной литературе и электронных изданиях, а также следующие соответствующие исследования и разработки компетенций. Особое внимание уделяется изучению современных форм исследований в высших учебных заведениях. Методические рекомендации по совершенствованию процесса творческой деятельности казахстанских студентов.

Ключевые слова: научно-исследовательская работа студентов, компетентность, образование, научно-методический совет, студенческий научный кружок, практика.

EDUCATION OF STUDENTS' PERSONAL AND CREATIVE ABILITIES IN RESEARCH WORK

Smailova Zh.Zh., candidate of technical sciences, associate professor

Orynbasarova S.O., undergraduate

Paizulda A.A., undergraduate

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Republic of Kazakhstan

Annotation

This article is devoted to the organization and improvement of students' research work in the two-level education system. The article deals with the peculiarities, content and significance of students' research work. First of all, the article describes the conditions for the preparation of a future specialist, development of research skills, flexibility, personal qualities, as well as the accumulation of creative and research experience. Research work of students allows them to fully demonstrate their willingness to realize their personality, creativity and personal potential. The article presents the results of research in modern literature and electronic publications, as well as the following relevant research and development competencies. Special attention is paid to the study of modern forms of research in higher education institutions. Methodical recommendations for improving the process of creative activity of Kazakhstani students.

Keywords: students' research work, competence, education, scientific and methodical council, student research group, practice.

CSCSTI 14.25.21

THE IMPORTANCE OF USING NON-TRADITIONAL TYPES OF LESSONS IN SMALL SCHOOLS

Igenbayeva R.T.¹, candidate of pedagogical sciences, acting professor

Omyrzakova A.M.², PhD student

Baisalov D.U.³, doctor of pedagogical sciences, professor

¹Korkyt Ata Kyzylorda State University,

²E.A.Buketov Karaganda State University, Republic of Kazakhstan

³Kyrgyz State University after I. Arabayev, Republic of Kyrgyzstan

Annotation

Today's education system is undergoing radical changes and educational period is being pursued to give fresh impetus to the students. In this regard, based on the creative interests of pupils, the task of forming the value orientation of knowledge was put forward. Training of future specialists in the context of education in new content has become one of the actual problems. In particular, it is important to use non-traditional types of lessons for the purpose of improving students' interest in small schools in the country. The article highlights the importance of improving of using non-traditional lessons for future teachers to enhance their motivation for pedagogical process in the small school, to improve their creative potential, and to prepare creative activity.

Key words: small schools, types of non-traditional lessons, innovative technology

The State Program of Education Development in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 focused on the condition and comprehensive development of small schools as one of the priorities of the education system in the country [1]. At the moment, change to the new model of education, complex of socio-economic problems of small schools will be solved. Small school activities promote the stabilization and development of young people in the village, increase the cultural level of the population and contribute to addressing demographic problems. In this regard, improving the work of small schools, improving the quality of the educational process is important pedagogical problem.

Education experience in small schools indicates the problem of improving the quality of education for teachers. One of the strategic directions of global education is to overcome the traditional style of education that ensures students' cognitive activity and thinking independence and the change to new developmental, constructive model of education. A 12-year school teacher should have the functions of a coordinator, a consultant, an organizer of self-cognitive activities. The teacher should organize the learning process in addition to subject knowledge, in order to form the main competences of students. The main emphasis in the creation and conduct of lesson is to organize self-cognitive activities of students. The student should see, measure, and feel comfortable in any service. Competence, personality-oriented, and behavioral approaches in the 12-year school involve the development of the quality of students, so the requirements for the teacher's personality and to his skills will be changed [2, 17 p].

The peculiarity of the pedagogical process in the small school is simultaneous integration of students of all ages into a single class and conducting the pedagogical process. It creates difficulties both for the teacher and the pupil. That is why only professional teacher who is able to carry out pedagogical process can overcome this difficulty.

Another problem in the small school is that, like every school in the cities, every subject is not taught by different teachers, only one teacher teaches several subjects. It causes a sense of exhaustion. Also, less number of pupils in class leads to limited communication. Therefore, these issues can lead to the passivity of the children and negative attitudes towards the pedagogical process. The solution of this problem can be solved by using non-traditional lessons in accordance with new knowledge-based approach and using iterable methods to increase students' cognitive motivation.

Creating new knowledge content that contributes to the younger generation's formation of new thinking, world outlook of knowledge and the basics of knowledge, is key issue in the overall education system. Today, education requirements are more important than ever. Because we are waiting for new stage of development. It is our duty to bring up new generation of national consciousness who deserved that time. Introduction of new technologies in the field of education changes the style of the student's thinking, the teacher's teaching methodology. Effective use of new technologies in the lesson, the use of non-traditional forms of teaching defines the creative nature of pedagogical science. This increases students' interest in the subject, develops their creative abilities, and realizes didactic goals in the cognitive research.

At present, non-traditional forms of education are widely used in school practice. Such non-traditional forms of organization of work are often based on their own methods. The goal is to bring it to a new qualitative level, showing a great deal of educational and learning opportunities for each lesson. One of such innovation trends is the use of non-traditional lessons in the learning process.

The use of non-traditional lessons involves the modeling of life situations, the use of role-playing games, and joint problem-solving. It limits the distinction between participant of the learning process and an idea. This model will teach you morally and democratically [3, 72 p].

Non-traditional types of lesson are the organization of the learning process, which is collective, self-complementary, based on the interaction of all participants, the student can not miss the learning process. There are a lot of unusual types of non-traditional lessons. Each teacher can invent new forms of work independently with the class. Learners are often asked to interact with each other and to teach them how to work together.

Innovative method is the use of modern achievements of science and information technology in education and methods that have not been used previously in the educational process. Its principles include mediocrity, act of teaching, relationships with life, self-identity and self-reliance. The main objectives of non-traditional lessons are to create free, open-minded creative relationships among learners; orientation towards student self-seeking; formation of skills necessary for the student. [4,]

Non-traditional types of lessons are special form of organization of cognitive activity. It is fully-defined type of learning that can be predicted. One of such goals is to create compact, effective conditions for learning, which will enhance the performance of the learning process as the student feels his achievements, intellectual activity. The essence of non-traditional lessons is that all the students in the classroom are covered by the cognitive process, which enables them to grasp and counteract their own perceptions and thoughts. In the process of learning; each student absorbed his unique characteristic, knowledge, idea, and interchange of ways of action. In addition, this process takes place in the atmosphere of mutual support and charity. That is, it

does not only acquire new knowledge, but also develops the cognitive process itself, which brings it to higher degree of concentration and degree of work.

When using non-traditional types of lessons, there is close relationship between small school students and teachers. This relationship is formed when students are discussing and trying to find solution; it is important that the students are trying to find solution rather than the answers of the students. The main purpose of non-traditional lessons is to teach students to find answers. It involves wide range of relationships, and the life-long experience of students is the main source of education.

Table 1 – Types of non-traditional lessons by I.P.Podlasy

Types of non-traditional lessons		
Lesson is a business game	Lesson-auction	Lesson-Fantasy
Lesson – competitions	Lesson lead by the schoolchildren	Lesson games
Lesson – press-conference	Lesson – credits	Lesson - "Courts"
Lesson – like KTK	«Suspect»-lesson a book	Truthful Search Lessons
Theatrical Lesson	«Underline»-lesson	Lesson-paradoxes
Lesson-advice	Creative report lesson	Lesson-concert
Computer lesson	Lesson-Formula	Lesson - "The Experts Of Investigation"
Group work	Classes-observations	Lessons - role-playing games
Lesson interrelationship of students	Binary Lessons	Lesson-conference
Creative Lesson	Integral lessons	Lesson-seminars
Circular training session	Interdisciplinary lesson	Interdisciplinary lesson
Interdisciplinary lesson	Interview lessons	«Amazing place» lesson

When using non-traditional lessons, the student communicates with: teacher (when answering the question); with other students (when working together); small groups (when working with group); particular group, audience (when interviewing) [4, 111 p.].

The effectiveness of the use of non-traditional classroom lessons in small schools is that the student is open to interacting with others, learning more and accumulating experience. Practice is the basis of intellectual independence and is necessary tool for all civilized citizens. The use of non-traditional lessons allows students to achieve the following goals: they provide great deal of information and give them logical explanation of what they have said; will be able to express his views with deep thought; when discussing the problem, he / she can use the accumulated knowledge in practice; complement each other with new information from each other; he can find proof in order to express own idea. [5].

When using non-traditional classes, the following types of cognitive skills are used: memory of facts; to think; use of acquired knowledge in new conditions; analyze and synthesize (combine all ideas to achieve common solutions); assessment (quality determination).

This method allows the students to develop their personality qualities. First of all, it is necessary to transform and refine forms and methods of teaching, to modernize educational process (such as the use of advanced techniques as the use of the Internet, interactive whiteboards, electronic textbooks, etc.). The main thing is to ensure the development of students as subject of learning. Non-traditional lessons can be grouped into 3 depending on the outcome of the internship and the objectives: making conclusion, game lesson, competition lessons [6].

Observance of the rights and freedoms of individuals in non-traditional lessons; creation of conditions for self-expression of the person; to give the opportunity to show originality; the need for pedagogical support should be taken into account. One of the best ways to achieve this goal is to use an interactive teaching method.

The use of non-traditional lessons and innovative technologies in small schools will help to solve the following problems:

- improving the quality of education of pupils;
- provision of basic readiness of pupils in case of small school;
- mastering the subject area at different levels of depth and accuracy;
- formation of skills and abilities to solve the typical practical tasks in the chosen subject area;
- formation of decision-making and analysis in non-standard problem situations;
- developing students' abilities for certain types of activities;
- wide choice of content, forms, pace and level of training;
- satisfaction of students' educational needs in deep studying of certain fields of knowledge;
- to reveal the creative potential of students;
- the use of distance learning opportunities by the school [6, 12 p].

In the Concept of Development of Small Schools in the Republic of Kazakhstan for 2010-2020, the main problems of the development of small schools have been identified as many issues. In addition, there is excess of traditional teaching methods in less-filled classes [7]. In this regard, we sought to find solution to the problem that we have set out in our article.

References:

1. State Program of Education Development in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020. – Astana, Akorda, 7 December 2010.
2. Maltekbasov M.Zh., Zholtayeva G.N, Abisheva E.D, Iskenderov B.N, the author of the pedagogical frameworks of the educational process // International Journal of experimental education. – 2014. – №8 (part 1). – P. 29-32
3. Igenbayeva R.T., Mekebaeva Sh.M., Omarova M.S, Ospanova B.K. Value orientation of knowledge in the context of education in updated content // Korkyt Ata Kyzylorda State University Habarshy. – 2018. – № 1 (50). – 70-76 p.
4. S.Zh.Praliyev, A.Zhumabaeva, T.K. Ospanov, A.B.Akpaeva, L.A. Lebedeva Information technologies: possibilities the usage them in small schools // XVIII International scientific-practical internet – conference «Problems and perspectives of development of science in the third quarter of the CIS» / 29-30 December, 2013. – P.122-128.

5. Maltekbasov M.Zh., Zholtaeva G.N., Abisheva E.D., Shmidt M.A. Teachers in the workshop in small school in the conditions of transition to 12-year education // Vestnik KazNPU «Pedagogical sciences» series / Series «Pedagogical Science». – 2015. – №1 (45).

6. Tregubova N. Preparation of School of Senior Bachelor's Degree in Social Work / Theory and Practice of Education in the Modern World: Material VIII international. the science. conf (St. Petersburg, December 2015). – 2015. – P.12-14. URL is <https://moluch.Ru/conf/pad/archive/185/9131/> (Date of Departure: 19.11.2019).

7. Concept of development of small schools in the Republic of Kazakhstan for 2010-2020. – Astana, 2010.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ САБАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Игенбаева Р.Т.¹, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Өмірзақова А.М.², докторант

Байсалов Д.У.³, педагогика ғылымдарының докторы

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

³И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Қырғызстан Республикасы

Аңдатпа

Бүгінгі қоғамда білім беру жүйесі толыққанды өзгеріске ұшырап, білім алушыларды жаңаша ойлауға мақсат тұтқан білім беру кезеңі жүзеге асуда. Осыған орай оқушылардың шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыру міндеті қойылды. Жаңартылған мазмұнда білім беру жағдайында болашақ мамандарды даярлау өзекті мәселелердің қатарынан орын алды. Соның ішінде еліміздегі шағын комплектілі мектептерде оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру мақсатында сабақтың дәстүрлі емес түрлені қолдану маңызды болып табылады. Мақалада болашақ педагогтардың шағын комплектілі мектепте педагогикалық үдерісті жүргізуге деген мотивациясын күшейту, олардың шығармашылық әлеуетін жетілдіру, тұлғаның шығармашылық әрекетке дайын болуын қалыптастыру мақсатында сабақтың дәстүрлі емес түрлерін қолдану маңызы қарастырылған.

Кілт сөздер: шағын жинақты мектеп, сабақтың дәстүрлі емес түрлері, инновациялық технология

ЗНАЧЕНИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НЕТРАДИЦИОННЫХ ФОРМ УРОКОВ В МАЛОКОМПЛЕКТНОЙ ШКОЛЕ

Игенбаева Р.Т.¹, кандидат педагогических наук, и.о. профессора

Умурзакова А.М.², докторант

Байсалов Д.У.³, доктор педагогических наук

¹Қызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,

²Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, Республики Казахстан

³Кыргызский государственный университет им. Арабаева, Республика Кыргызстан

Аннотация

В современном обществе в системе образования происходят полноценные изменения, реализуется образовательный этап, где обучение направлено на развитие инновационного мышления обучающихся. В связи с этим поставлена задача формирования ценностного подхода к знаниям на основе творческих интересов учащихся. Подготовка будущих специалистов в условиях обновленного содержания образования выступает одной из актуальных проблем. В частности, особо значимым является использование нетрадиционных форм уроков в малокомплектных школах страны, способствующее формированию познавательных интересов учащихся. В статье рассматривается значение применения нетрадиционных форм уроков, которые усиливают мотивацию будущих педагогов к ведению педагогического процесса

в малокомплектной школе, совершенствованию их творческого потенциала, формированию готовности личности к творческой деятельности.

Ключевые слова: малокомплектная школа, нетрадиционные формы уроков, инновационные технологии

ҒТАМР 77.01.09

ЕЖЕЛГІ САҚ ДӘУІРІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ДАМУЫ

Есіркепов Ж.М., педагогика ғылымдарының кандидаты

Қуатбеков Ш.Н., магистр

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа

Мақалада біздің заманымызға дейінгі ғасырлардан және біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан жеткен жазба деректер мен материалдық ескерткіштерді зерттеу негізінде Қазақстан жерін қоныстанған сақ тайпасының биік те дамыған мәдениеті болғандығы туралы мәліметтер баяндалады. Қазақстан жерін мекендеген халықтар өзінің көп ғасырлық тарихында адамзат қоғамының өсуіне, әлемдік өркениеттің өркендеуіне, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқандығы, сақ тайпасынан шыққан шабандоздар басқа елдерде өткізілген ірі ат ойындары мен ат жарыстарына қатысып, балаларын батыл, шыдамды, жауынгерлік рухта тәрбиелеуге басты назар аударғандығы жан-жақты қарастырылады.

Сонымен қатар, автор көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектеріндегі ежелгі сақ тайпаларының жарыс өткізу тәсілдері де басқалардан өзгеше болғандығын, жарысқа қатысушы сақ жауынгерлері салт атпен де, жаяу да қатысып отырғандығын, садақ ату, найза лақтыру, жұдырықтасу және басқа ойын түрлері олардың күнделікті өміріндегі ажырамас ұлттық салт-дәстүрге айналғанына талдау жасайды.

Кілт сөздер: сақтар, дене тәрбиесі, ат ойындары, найза, мәдениет, тайпа, жарыс.

Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, жеткіншек жастардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттілігі тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түсуде. Тарихи деректерді сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңнен-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды. Алғашында дене тәрбиесі ұйымдасқан ойындар мен ойындық қимыл-қозғалыстар түрінде көрініс берді. Бұл кездегі ойындар мен дене тәрбиесі жаттығулары қарапайым болғанымен, олардың адамды қалыптастыру мен тәрбиелік маңызы зор болды. Халқымыздың тарихында толық зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі – Сақ дәуірі кезіндегі мәдениет, яғни Қазақстан жеріндегі адамзаттың тарихы тас дәуірінен басталатындығын, оның соңғы темір дәуірлері адамзаттың ұрпақ шашып өркендеуіндегі маңызды кезеңдер болды. Осы тұста мал шаруашылығы егіншілік кәсібі пайда болып, онан кейін көшпелі және жартылай көшпелі мал өсіру мен суармалы егіншілік мәдениетінің дамуында орасан зор ілгерілеушіліктер орын алды. Біздің заманымызға дейінгі соңғы ғасырлардан және біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан жеткен жазба деректер мен материалдық ескерткіштерге көз жіберсек, Қазақстан жерін қоныстанған сақ тайпасының биік те дамыған мәдениеті болғанын көреміз. Қазақстан жерін мекендеген халықтар қазақ халқы өзінің көп ғасырлық тарихында, ерте заманнан күні бүгінге дейін жүріп өткен мезгіл ішінде адамзат қоғамының өсуіне әлемдік өркениеттің қанатының қатаюына, мәдениетінің дамуына үздік үлес қосты, оларды өз сана-салтының игі істерімен нәрлі нәтижелерімен байытты. Осы жерден талай ғұлама ғалымдар, ақыл-ойдың асқан алыптары шықты. Олардың рухани мұраларын игеру, солардан күш-қуат алып қазақ халқының мәдениетін жаңа белестер-

ге көтеру, жақсылығын жарқыратып көрсетіп, оның игі дәстүрлерін өз бойына дарыту бүгінгі ұрпақтың биік мұраты, абзал да асқақ мақсаты. Осы алып даланың төсінде үлкен мәдениет ошағы, өнер-білім ордасы болған самсаған қалалардың өмір сүргенін М.Тәнекеевтің деректемелері арқылы білеміз. Дене тәрбиесі тарихы туралы әдебиеттерді кеңінен пайдаланған ғалым келелі ойларға кеңінен тоқталады.

Дене тәрбиесі мен дене шынықтыру саласында қатынас, өзара ықпал үдерістері мен Қазақстанның, Сібірдің, Алтайдың, Волга және Солтүстік Қара теңіздің жағалауларының бағбан далаларын ғана емес, Еуропаның оңтүстігін де қамтыды. Тарихи деректер біздің дәуірімізге дейінгі VIII-VII ғасырлардың өзінде Орта Азия мен Қазақстанның мал шаруашылығымен айналысатын тайпаларының Ассирия және Мидия сияқты ежелгі дүние өркениетімен, ал біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырдың ортасынан бастап Парсы елімен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді [1, 321 б].

Бүкіл адамзат қоғамының дамуында дене тәрбиесіне көңіл бөліп отыру әлемнің барлық елдері мен барлық халқының өмірінде аса маңызды орын алды. Тәрбиенің басқа түрлерімен қатар дене тәрбиесі халықтық, кейіннен әрбір елеулі жағдайда өзіндік арнайы түрліше формалық өзгешеліктерге сай дамып отыратын ұлттық мәдениеттің ажырамас бір бөлшегіне айналды [2, 17 б]. Қазақстанда да сонау ерте замандардан бастап, Тұран ойпатын мекен еткен ежелгі қазақтардың арғы ата-бабалары да дене тәрбиесі мен спортқа ден қойған. Балаларын даланың қыстыкүні суық, жазды күні ыстық климатына төтеп беруге бесіктен бастап тәрбиелеген. Оны ертедегі грек тарихшысы Страбонның жазбаларынан да байқауға болады. Оның жазуы бойынша қазіргі Қазақстан жерін мекендеген сақтар өте күшті әрі жауынгер тайпа болған.

М.Тәнекеев өз тұжырымдарының айқын мысалы ретінде әлемде өзінің даму тарихында өзіндік дене тәрбиесі мен спорттың қалыптастырмаған бірде-бір елдің жоқ екендігін алға тартады. Оның дәлелі ретінде әлемдік дене мәдениеті мен спорт қазынасы арқылы адамдардың өмірге икемделіп отырғанын, соған сай әр халықтың өзіндік дене жаттығулары мен ойындары болғандығын нақты алға тартады. Олар жаттығулары мен ойындарын келе-келе дамытып әрі жетілдіріп, басқа халықтардың да игілігіне жаратуына көмектескен. Ғалымның ойы орыс спорт зерттеушісі Н.И.Понамаревтің ойымен ұштасып жатады [3, 162 б]. Әйтсе де, сақтар дәуірі кезіндегі дене тәрбиесі осы кезге дейін жете зерттелмегендігіне ғалым М.Тәнекеев үнемі алаңдаушылық білдіріп, спорт зерттеушілерінің алқалы жиындарында ол туралы мәселе көтеріп отырған.

Біздің заманымызға дейінгі алғашқы мыңжылдықта ежелгі тұран айпаты – қазіргі шетсіз де шексіз Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі көшпелі тайпалар мал шаруашылығымен айналысатын. Ол тайпалардың ең ірілері сақ, массагет, сармат, каспий тайпалары болатын. Олар жауларынан қорғану үшін өзара тайпалық одақтар құрып, өз қоныстарында бекіністер сала бастады. Олар ежелден өжет және жауынгер тайпалар болды. Солардың ішінен ғалым М.Тәнекеев өз зерттеулерінде сақ тайпаларына кеңінен тоқталады. Сақтар батыр да жауынгер тайпа болды. Сақтардың жауынгерлік, батылдық қасиеттерін көрші тайпалар мен халықтардың барлығы жоғары бағалады [1, 129 б]. Өз ойын нақтылай түсу үшін ежелгі тарихшы Дионскийдің оларды «жебе тартушылардың әлемдегі ең шебер атқыштары, мергендері», – деп және ежелгі грек тарихшысы Страбонның сақтарды «азиялық скифтер» деп атағанын алға тартады [4, 11 б].

Скифтер садақ оғын тек қана соғыста пайдаланып қоймаған, олар оны күнделікті аң аулауда және күнделікті нысанаға тигізу жаттығуларында да қолданған. Скифтердің кейбір жарыс түрлерін басқа халықтар да кеңінен пайдаланған. Атап айтқанда, скифтермен бір дәуірде өмір сүрген гректер де алысқа жебе тартқан ұланның бейнесі бір мәрмәр қабырғада сақталған. Садақ оғының 35-40 градустық бұрышпен жоғары көтеріліп тұруы, жебенің нысанасы емес, алысты бағыттауы, тиімді ұшу қашықтығын көздегенін байқатады. Грек ұлының тартып тұрған садағы, көлемі мен түрі жағынан – нағыз скифтікі. Осы көрініс жөнінде орыс тарихшысы Е.Е.Тевяшев, мұндай алысты көздеген атыс скифтерден алынған, гректер мұндай жарыстарды өздерінде өткізген емес деген ой айтады [5, 82 б]. М.Тәнекеев те оның ойын құптайды. Ғалымның ол ойын археологиялық қазбалар кезінде табылған мәдени ескерткіштер де дәлелдей түседі. Сақ тайпаларының алыс қашықтықта жебе тартуға дағдыланғандығын Хантаудан (Балқаш аймағының оңтүстік батыс жағынан) табылған қазбалардың бірі садақ тартып тұрған әйел мүсіні айғақтай түседі. Оң тізесі сәл бүгілген мерген әйелдің садақ оғының бұрышталып жоғары көтерілуі, жебенің алыс бағытқа бағытталғанын көрсетеді. Сақтарда ат ойындары мен ат жарыстары кең дамыған.

Біздің заманымызға жеткен қызықты мәліметтер бойынша Вавилонда Кирдің патшалық құру салтанатына арналған үлкен сайыстағы ат жарысында сақтар жеңіске жетіп, бас бәйгені иеленген. Сақтар тек керемет шабандоз, атқыш мерген ғана емес, олар тамаша теңізші және өте жақсы жаяу әскер болды. Тарихшы А.Н. Бернштам, Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі тұрғындары еңселі бойлы, аяқ бұлшық еттері қатты дамыған адамдар еді деген тұжырым айтады. Осы және басқа да деректер сақтар мен оларға туыс тайпалардың жан-жақты дайындықтары мен айрықша көзге түскендіктерін өздерінің әскери күш-қабілеттерімен ерекшеленгендіктерінен хабардар етеді [6, 28 б.]. Сақтармен қатар Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аймағын мекендеген сармат тайпалары да жауынгер халық болған. Олар да сақтар сияқты қарудың бірнеше түрін пайдалана білген. Олардан ежелгі массагет тайпалары да қалыспайтын. Сарматтар қолданған қылыш, найза, садақ пен жебені массагеттер де кеңінен қолданған.

Ғалым М.Тәнекеевтің пікірінше, сақ тайпалары басқа көршілес елдермен де тығыз қатынаста және мәдени – спорттық байланыста болған. Басқа халықтар мен тайпалардың жетістіктерін алып, өз ойындарын байытып отырған. Ол туралы деректер осы кезге дейін жеткен [7, 23 б.]. Сақ тайпалары сол кездің көптеген тарихи оқиғаларына араласқаны соншалық, дене тәрбиесі саласында тығыз байланыс, қатынас болмады деп айта алмайсың. Өйткені, мәдениет пен тұрмыстың осы бір айырып ала алмас бөлігі көшпелі халыққа да, отырықшы халыққа да тиесілі еді. Өзара байланыстар мен мәдени жақындасулар нәтижесінде дене тәрбиесі жүйесі байып, түрлі бұқаралық ойындар мен кең көлемді жарыстарды, әсіресе ат спорты түрлерін ұйымдастыру мен өткізу әдістері жетіле түседі. Араласқұраластық арқылы басқа тайпаларға өз мәдениеті арқылы, оның ішінде әртүрлі ойындар мен жарыстар өткізу арқылы ықпал еткен. Келе-келе сақ тайпаларының өнері мен мәдениеті ұлтаралық өріс алып, басқа халықтар мен тайпаларға да кеңінен тараған. Олардың мәдениеті уақыт өте келе, бірте-бірте басқа ұлттар мен ұлыстардың да игілігіне айналған. Бір қызығы сол, сақ тайпасынан шыққан шабандоздар басқа елдерде өткізілген ірі жарыстарға да қатысқан. Бізге дейінгі жеткен дерек көздері бойынша, Вавилон патшасы Кирдің салтанатына орай ұйымдастырылған ат жарысында сақ жігіті жеңімпаз танылған. Бұл жарыс б.э. дейінгі 539 жылы Месопотамияда (қазіргі Бағдаттың батыс жақ бетінде) өткен. Ал, Кирдің өзі кейіннен сақтар мен массагеттер жайлаған қазіргі Қазақстан жерін жаулап аламын деп, Тұмарханымның қолынан қаза тапқан. Бұл – тарихи шындық. Мәселен, бізге келіп жеткен ахменидтер мемлекетінің бірінші патшасы Ұлы Кирдің Вавилонға алғашқы салтанатты түрде шығу оқиғасына байланысты тарихи мәліметтерде, ат бәйгесінде сақ шабандозы ірі жеңіске ие болады [8, 111 б.]. Өкінішке орай, тарихта оның есімі сақталмапты, сөйтседе оның әлем халықтары ішінде мерейінің үстем болғанын біз мақтанышпен айта аламыз [9, 165 б.]. Сақтардың жауынгерлігі сол кездегі басқа тайпаларға, тіпті сақтармен бір заманда өмір сүрген ертедегі гректерге де аңыз болып тараған. Гректер еліндегі бір мәрмәр тастан соғылған қабырғада садақты керіп ұстап, алысты көздеп тұрған жасөспірім бейнесі салынған. Ондағы садақтың пошымы таза скифтік садаққа ұқсайды. Демек, гректер садақ ату өнерін скифтерден үйренген. Грек ғалымдарының тұжырымдарын Е.Е.Тевяшев тапқан археологиялық қазбалар да растайды. Балқаштың оңтүстік-батыс аймағынан табылған қазбалардың ішінен садақ тартып тұрған әйелді бейнелейтін тасқа ойып салынған сурет табылған. Ертедегі сақтар өте керемет мерген-садақшылар болған. Оларды көршілес тайпалары да мойындаған. Сол ойын өзіне дейінгі тарихшылардың жазбалары арқылы дәлелдеп отырған. Ғалымның зерттеуінде, Орталық Қазақстандағы Хантау аймағынан сақ жауынгерлерінің найзамен жекпе-жекке шығу сәті бейнеленген тас табылды. Мұндай суреттер Балқаштың оңтүстік-батысында орналасқан Терістісай тауының тастарынан да табылды. Онда бір таң қаларлығы: жекпе-жекке шығушы жауынгерлерге төреші болып қарап отырған бір әйел бейнесі салынған тастың табылуы ғалымның пікірін растай түсті. Бұл сол кездегі жауынгер сақтардың өмір бейнелейтін тарихи жәдігер болып табылады. Ежелгі сақ тайпаларының жарыс өткізу тәсілдері де басқалардан өзгеше болатын. Жарысқа қатысушы сақ жауынгерлері салт атпен де, жаяу да қатысып отырған. Ғалым сақтар кезіндегі дене тәрбиесін көп жылғы зерттеу барысында садақ ату, найза лақтыру, жұдырықтасу және басқа ойын түрлері олардың күнделікті өміріндегі ажырамас ұлттық салт-дәстүрге айналғанын ашып айтады. Сол тәрбиеге сай сақтардың жастары жауынгерлік рухта тәрбиеленіп отырған.

Ғалымның тағы бір жете назар аударған мәселесі – әр ұлттың дене тәрбиесі мен спортының кеңінен қанат жая келе, басқа тайпалар мен ұлттардың ортақ қазынасына айналуы. Орта Азия мен Қазақстан аумағында сақ тайпалары мен олардың одақтастарының өмір сүру кезінде өзара мәдени байланыс

нығайып, бір халықтың мәдениеті екінші бір халыққа жұғысты болып, бір-бірінің мәдениетін байытып әрі толықтырып отырған. Ұлттардың бір-бірімен ортақ ойындар мен жарыстар өткізуі арқылы дене тәрбиесінде бір халық екінші халықтың ұлттық элементтерін өз бойына сіңіріп отырған әрі оны одан әрі дамытып отырған. Ғалымның бұл пікірі өзіне дейінгі орыс ғалымы А.Н. Бернштам пікірімен орайлас келеді. Бернштам ертедегі гректер мәдениетінің жетістігінің Орта Азияға ықпалы туралы айта келе, «мәдени дамудың жоғарғы деңгейі гректер өрімін қабылдауға және оны жергілікті негізде өрістетуге мүмкіндік туғызды», – деген еді [9, 96 б.].

М.Тәнекеев бұл орайда Александр Македонскийдің (ол қазақта Іскендір Зұлқарнай атымен сақталған, б.э.д. IV-ғасыр) Орта Азияға жасаған жорығының сәтті болғанын айтады [2, 13 б.]. Александр Македонский өз өмірінде біржақты әскери күш қолдануға салынып кетпеген. Ол керек кезінде ойындар мен жарыстарға да жете көңіл аударып отырған. Ол өзі басып алған жерлерде жарыстар өткізуді дәстүрге айналдырған. Демек, Орта Азияның бірқатар аймақтарында ертедегі гректердің олимпиадалық ойындарына ұқсас әртүрлі деңгейдегі әртүрлі жарыстар өткізілген.

М.Тәнекеев өз ойын: «Гректердің дәстүрлі қалыптағы ойындары мен жарыстары, оның ішінде олимпиадалық жарыстар да бар, осы жерде нәрлі топыраққа сіңгендей болды. Әрине, мұнда гректердің де, сонымен қатар Орта азиялық жүйенің де жарыстардағы сән-салтанатының бір-бірімен қабысуы тиімді рөл атқарды», – деп қорытындылаған. Көне грек мәдениетінің жетістіктері Орта Азия халықтарына да ықпалын тигізген «өзінің мәдени дамуының жоғарғы деңгейде болуы гректердің мәдениетін қабылдауға және оны жергілікті негізде дамыта түсуге мүмкіндік жасады» [2, 16 б.]. Александр Македонский әлемдегі бірден-бір күшті әскерді басқарған айтулы қолбасшы болған. Ол әскерилерді дайындауда әртүрлі елдер мен халықтардың дене жаттығуларын, ұлттық ойындары мен көңіл көтеру шараларын аса тиімді пайдалана білген. Гректердің дене тәрбиесі жүйесін және жергілікті ұлттар мен тайпалардың дене тәрбиесі мен әскери өңірдегі дәстүрін ұтымды пайдалану Македонскийдің мемлекеттік саясатының негізі болған. Дене тәрбиесіндегі бұл тәсіл Орта Азияның мәдениеті мен тәрбиесін ғана байытып қойған жоқ, ол гректер мәдениетін де байытты. Соның арқасында спорт тарихын зерттеуші ғалымдар айтқандай, «Шығыс пен Батыстың бір-бірімен тығыз араласқаны соншалықты, олар мәдениеттің алтын тінін өріп шықты» [10, 47 б.]. Осылайша ұлттық және ұлтаралық дене мәдениеті мен дене тәрбиесін одан әрі жетілдіре түсуге берік негіз қаланды.

Дене тәрбиесінің халықтық жүйесінің элементтері жастарды жаңа идеялық рухта тәрбиелеудің нағыз қайнар көзі болды. Осы пікірді ұстанған ғалым сонымен қатар, сақтар мен Орта Азиядағы басқа да тайпалардың дене тәрбиесінің дамуының қаншалықты деңгейде болғандығын анықтау үшін тәрбие жүйесінің құралдары мен түрлеріне, оған қоса оның идеялық мазмұнына салыстырмалы талдау қажет екендігін ескертеді.

Әдебиеттер:

1. История Казахской ССР. – Алма-Ата: Изд. Наука КазССР, 1979. – Т 1. – 424 с.
2. Таникеев М. Теория и практика взаимодействия национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане: дисс. ... доктор. – Алматы, 1998. – 26 с.
3. Понамарев Н.И. Возникновение и первоначальное развитие физического воспитания. – Москва: «ФиС», 1970. – 224 с.
4. Баженов Л.Н. Древние авторы о Средней Азии (VI в. до н.э., III в. н.э.). – Ташкент, 1940. – 24 с.
5. Тевяшев Е.Е. К вопросу происхождения русского языка «Советская этнография». – Москва, 1940. – №4. – 144 с.
6. Тәнекеев М., Асарбаев А. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы: оқу құралы. – Алматы, 2002. – 43 б.
7. Исторический опыт СССР по решению национального вопроса в области физической культуры и спорта // Тезисы всесоюзной научной конференции «Проблемы истории физической и спорта». – М., – 1986. – С.23-25.
8. Оналбеков Ж.К. Спорттың ұлтаралық қатынасты дамытудағы рөлі: оқу құралы. – Түркістан, 2002. – 137 б.
9. Бернштам А.Н. В горах и долинах Памира и Тянь-Шаня. – Москва, 154. – 263 б.
10. Массон М.Е., Сарапаниди В.И. Каракумы: заря цивилизации. – Москва, 1971. – 65 с.

РАЗВИТИЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ДРЕВНЕЙ САКСКОЙ ЭПОХЕ

Есиркепов Ж.М., кандидат педагогических наук
Қуатбеков Ш.Н., магистр

Қызылординский государственный университет имени Қорқыт Ата, Республика Қазақстан

Аннотация

В статье, на основе изучения письменных источников и материальных памятников, дошедших до наших веков и первых веков нашего времени, излагаются сведения о наличии высокой и развитой культуры Сакского племени, населявших территорию Казахстана. Разносторонне рассматриваются то, как в своей многовековой истории народы, населявшие территорию Казахстана, внесли огромный вклад в развитие человеческого общества, мировой цивилизации, развитие культуры, как наездники из сакских племен принимали участие в крупных конных играх и конных состязаниях, проводимых в других странах, особое внимание уделяли воспитанию детей в духе мужества, терпения, боеготовности.

Также, авторы анализируют, что в исследовательских трудах многих ученых способы проведения соревнований древних сакских племен отличались от других, участвующие в соревнованиях бойцы – саки участвовали как верхом, так и пешими, стрельба из лука, метание копья, кулачные бои и другие виды игр стали неотъемлемыми национальными традициями в их повседневной жизни.

Ключевые слова: саки, физическая культура, конные игры, копье, культура, племя, соревнование.

DEVELOPMENT OF PHYSICAL CULTURE IN THE ANCIENT SAKA ERA

Yessirkepov Zh.M., candidate of pedagogical sciences
Kuatbekov Sh.N., master of science

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Republic of Kazakhstan

Annotation

The article, based on the study of written sources and material monuments that have come down to our centuries and the first centuries of our time, presents information about the presence of high and developed culture of the Saka tribe that inhabited the territory of Kazakhstan. It is comprehensively considered how in their centuries-old history the peoples inhabiting the territory of Kazakhstan have made a huge contribution to the development of human society, world civilization, culture, as riders from the Saka tribes took part in major equestrian games and equestrian competitions held in other countries, paid special attention to the education of children in the spirit of courage, patience, combat readiness.

Also, the authors note that in the research works of many scientists, the ways of holding competitions of ancient Saka tribes differed from others, participating in competitions Saki fighters participated both on horseback and on foot, archery, javelin throwing, fist fights and other types of games have become integral national traditions in their daily lives.

Keywords: saki, physical culture, horse games, spear, culture, tribe, competition.

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ ТАҚЫРЫБЫ

Игенбаева Р.Т., педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Жаһандану жағдайында рухани құндылықтарымызға қайта оралып, жастарға сапалы білім мен парасатты тәрбие беру мәселесі өзектілігімен айқындалады. Ұлттық мұраларымыздың, тәлім-тәрбие саласының санқилы мәселелері біздің елімізде біршама уақыттан бері зерттеу нысанына айналуға. Қазақтың тәлім-тәрбие саласындағы ой-пікірлерінің ғылыми негіздерін жасап, бай мұра қалдырған аға ұрпақтың еңбектерін зерттеп-зерделеу өзектілігімен айқындалады. Бұл үдерісте Сыр сұлейлері тағылымдарының алатын орны ерекше. Мақалада Сыр сұлейлерінің көрнекті өкілі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылығындағы қарым-қатынас мәдениеті тақырыбы зерттелген. Ұлттық мәдениетпен үндесетін ақын шығармаларының жастар тәрбиесіндегі маңызы айқындалған.

Кілттік сөздер: қарым-қатынас, мәдени қарым-қатынас, Тұрмағамбет Ізтілеуов шығармашылығы, ұлттық мәдениет, жастар тәрбиесі.

Қазіргі қоғамымыздың әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани өміріндегі өзгерістер адамгершілік құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас және адам мәдениетінің деңгейін түбегейлі қайта қарастыруды қажет етеді. Әсіресе, әлемдік деңгейде қарым-қатынас проблемаларының шиеленісіп отыран шағында адамның адамға қатынасын ізгілендіру, оны жоғары мәдениеттілік дейгейіне көтеру қажеттілігі айқындала түсуде. Тәуелсіз Қазақстанда мемлекет тарапынан білім беру ісін жаңғырту мақсатында оның мақсат-міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, тілі мен тарихы, діні мен мәдениетінің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылып отыр. Білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген осындай кезеңде мәденилік жаңғырып, ерекше маңызға ие бола бастады. Уақыт ағымы алға тартқан бұл міндет болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінің мазмұнын жаңғырту қажеттілігін айқындайды. Осы орайда, қарым-қатынас мәдениеті проблемаларын зерттеу әлеуметтік-экономикалық және мәдени дағдарыспен бірегей көтеріліп отырған өзекті мәселелердің бірі.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас күрделі және көп қырлы үдеріс. Адамзатқа тән әлеуметтік мүмкіндіктер қарым-қатынас арқылы кеңейеді, күрделенеді. Дамудың өзі адамдар арасындағы өзара әрекетпен және қарым-қатынаспен анықталады. Сондықтан да қарым-қатынас проблемасын зерттеуге деген қызығушылық кез-келген уақытта өзектілігін жоймайды. Қарым-қатынас процесінде тарихи-әлеуметтік тәжірибе меңгеріледі, білім жинақталады, практикалық шеберлік және дағды қалыптасады, дүниеге көзқарас, пікір анықталады. Рухани қажеттіліктер, адамгершілік-саяси, эстетикалық сезімдер мен идеялар қарым-қатынас процестері негізінде қалыптасады.

Үлкенді құрметтеп, қадір тұтуды, ілтипатты қарым-қатынаста болуды, сыйластықта болуды қазақ берік ұстанған. Мұны ғасырлардан ғасырларға ауысып келген қазақтың нақыл сөздерінің өзінен-ақ байқауға болады. «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды» десе, екіншісі «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сіңлі әдепті» деп ой қайырады, үшіншісі: «Әдептің не екенін әдепсіз адамды көргенде ұғарсың» десе, төртіншісі «Әдепті жігіт өсірсе, ауылдың абыройы», «Жібек мінезді қыз жұртқа жағады» деп пікір түйеді. Осы тектес мақал-мәтелдердің бәрі әр уақытта әдемілікті құрмет тұқанын, сыпайы, кішіпейіл адамдарды басқаларға үлгі-өнеге ете білетіндігін, жас ұрпақтың тәлімді, тәрбиелі болып өсуіне ерекше назар аударатындығын айқын көрсеткен.

Адамдар арасындағы сыйласымды, мәдени қарым-қатынас, туысқандық, бауырмалдық сезімдер мәселесі Сыр сұлейлері шығармаларының өзегі іспеттес. Сұлейлердің ішінде шоқтығы биік біртуар

ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылығына ерекше тоқталып өтуді жөн көрдік Ақынның «Адамдық іс» өлеңі.

Алда – аға, артта – іні болып тұрса,
Жігітке ол бір құрал, сайман-дағы.
Деген бар: «Төртеу түгел – төрге шығар!
«Төрің сол – бақыт құстың айналғаны.
Алтау боп – аузың ала бола қойса,
Дұшпанға құл боп анық байланбағы.

Осы үзіндінің өзінде тірліктің бірлігі мен берекесі аға мен інінің, ағайынның татулығында, сыйластығында екендігі айқын бейнеленген [1, 7 б.].

Ақынның «Шырын тіл, шырайлы жүз болсаң балдай» атты өлеңінде адам өмірінде өзінің кез-келген жағдайда қарым-қатынаста жан жақты болып, кездескен жағдайларды сабырлықпен, байыпты атқару керектігіне тоқталған.

Шырын тіл, шырайлы жүз болсаң балдай,
Боларсың бұлт шөгетін биік жалдай.
Басыңа бақ бүркіті балапандап,
Ер жетіп аңға ұмтылар андай – андай.
Көңіліңді күннен күнге көркейтеді,
Әперіп алтайыңды айтқан қандай.
Бақташы бақ құсына болғаннан соң,
Ықпалдың өзі-ақ келер ыққан салдай.

«Егер жүзіңнен нұр төгіліп, шырайлы болсаң, тілің жұмсақ балдай болсаң, өмірді қызықпен, мағыналы өткізесің, тіпті қияметтің көпірінен де қиналмай өтесің» деген пікірді айтып, «мен айтқан үгітке құлақ салыңдар, дәулеттен бос қалмаңдар» деп уағыз айтады:

Өтерсің ойнап-күліп, есен-аман,
Тірліктің теңізінен аумай – талмай,
Көпірден қияметте қылдан нәзік,
Өтерсің етегіңді ертең шалмай.
Дәулеттен бұл сияқты бос қалмаңдар,
Үгітке осы айтылған құлақ салмай [1, 7 б.].

Шайыр өлеңдері әрқилы сипатталуымен ерекшеленеді. Соның бірі заманның ағымының қисынды сипатталауы «бар» мен «жоқ», «ал» мен «бер» деген өлеңінде адам пиғылының жақсы және жаман жақтарын астарлы жеткізген адами қасиеттің мәні осы өлеңнің мазмұнынан көрінеді. Өлеңде қарым – қатынаста ал мен бар, жоқ пен бер деген ұғымдарды орынды пайдаланып, қоғамдағы қатынас бай мен кедей пыйғылының орынсыз жайттары сипатталған.

«Ал» мен «Бар» ажал жетіп өлген удан.
«Жоқ» пен «Бер» жұрт біткенді жүр аралап
Жанына жолдас ертіп ылғи қудан.
«Жоқ-жоқ» деп жұрттан асқан байлар – дағы
Құтылар қолға түспей қалың дудан.
«Бер – бер» деп бір пара қу бойыңды ертіп,
Май алар ас қатықтық ұрттам судан.
Көзіңе кейпім күйкі көрінгенмен,
Құтқармас қуған аңын мен бір бұдан! [1, 7 б.].

Ақын өлеңінің осы бір үзіндісінің өзінен адам адаммен сыйласқанда әрбір іс-әрекетті ақылмен шешіп, сабырлылық, ізгілік, адамгершілік, қанағат, тәуекел ету, сенімділік, шүкіршілік, парасаттылық, инабаттылық, қайырымдылық сынды қаншама асыл қасиеттерді дәріптеуді, керісінше сабырсыздық, тәкаппарлық, менмендік, жеңілтаптық, көре алмаушылық сынды жат қасиеттерден аулақ болуды уағыздауды көреміз.

Ақын «адамдармен сыйластықта бол, тілің ащы, ақкөз болсаң қасыңдағы жандардың бірі қалмайды. Сыйластықты дұрыс құрмай, өз мүддесінің тұтқыны боп қалған жандар аға-інінің, ағайынның аузына ілінбей қалады, халқы көзін салмас атаусыз жанға айналады» деп сақтандырады:

Атар да ащы тілді, ақкөз болсаң,
Қасыңнан қашар халқың бірі қалмай.
Атаусыз ақырында қалынарысың,
Ауызына аға, інің атыңды алмай.
Қалғансың халықтың көңілі, көзін салмас,
Көкіректі көтергенмен құр ұялмай.

Қазақтың ұлық болсаң, кішік бол» деген даналық қағидасын негізге алып, халқыңа талдай иіліп, қызмет қыл, адаммен жанаса біл» деген пікірді насихаттайды:

«Кішік бол, ұлық болсаң» деген нақыл,
Халқыңа құшақ жайып, иіл талдай,
Ағанның осы айтқанын алсаң жаттай,
Тоқсанда тұмақ болар, жаз күн далбай [2, 84 б.].

Тұрмағамбет «Жігіт жарастығы» атты өлеңде үлкенді үлкен, кішіні кіші деп құрмет тұту адамдық борышың, ырыс-құт береке сыйластықтың негізінде құрылатындығын осы өлең шумақтарында ой орамымен қиыстырған:

Жігіттің жарастығы жан барында,
Дос сыйлау, дастарханда нан барында.
Тұтынып үлкенді – аға, кішіні – іні,
Отыру қатарының қамдарында.
Есітіп үгіт – уағыз ұлықтардан,
Мекендеу медресенің маңдарында.
Өмірін бұл тәртіппен бітіргендер
Қайғының қала қоймас шандарында.
Ойына осыларды түсірер ер
Бақ, дәулет, ықпал, ырыс аңдарында.

Осы тұрғыдан алғанда Тұрмағамбет өлеңдері отбасы тәрбиесі, оның мүшелерінің бір-біріне деген ізгілікті қарым-қатынасы насихатталады. Ақынның «Тәлім» деген» өлеңін мысалға келтірейік:

«Аға» деген ініні–
«Жаным» десе болады;
Ерін күткен қатынды –
«Ханым» десе болады;
Қызғалдақтай ұл-қызды –
«Сәнім» десе болады .
Ойлы туған жігітті –
«Ғалым» десе болады,
Осындай айтқан үгітті
Ел біткенге таратып
Мәлімдесе болады [2, 84 б.].

Үлкенді құрметтеу, кішіге қамқорлық таныту, адамзат баласы үшін ең қадірменді жандар ата-ананы, аға-ініні қастерлеу, ер-азаматты күту, отбасы мүшелерімен жарасымды сыйластық орнатуға шақырған бұл өлеңнің де жастарға берер тағылымы мол.

Ақынның «Балаларға» атты өлеңінде «балалар, баяу тартқан бақ кәріңді» деп үлкенді құрмет тұту керектігін насихаттап, «Олардан үлгі, үгіт үйренуге, үндемей бағып отыр жақтарыңды» дейді. Ата-ананың алтын басы аяқ асты болып жатқан қазіргідей қоғамға, жастарға ой саларлық әсерлі шығарма. Ата-ана алдындағы парызды ұмытпауға, қартайған шағында бар жақсыны, жұмсақты олардан аямауға үндейді. Ата-ананың разылығын алып, ақ батасына шомылып өскен бала, Алланың да разылығынан құр қалмайтынын ерекше сипаттайды.

Ақысын ата-ананың өте, балалар,
Қой – дағы әйкол ағаш, сақпаныңды.
Осы айтқан үгітімді, өтінемін,
Жаңылмай, жаттарыңда сақтарыңды

Ақын «Маза жоқ майында да тұз болмаса» атты өлеңінде өмірде әрбір нәрсе бір бірімен ұштасып келетініне, құбылыстар бір-бірінің әсерінен туындайтынына дәл тоқталған. Адамның өмірі, көңілі ұл мен қыздың қылығынан қуанышынан көркейетінін, егер үйінде ине мен жіп болмаса, тіптен де бас аяғың бүтін болмайтынын жырлайды. Өлең соңында адам басындағы бағаланбаған бақты ұғынуға оның бақытсыз күндері түрткі болады деп ой салады.

Еккенің өнбей қалып, өкінерсің,
Жерінде жаңбыр мен су, сыз болмаса.
Мұқтажың туысқаннан түгелденер,
Өкпелеп өкпе, бауырың мұз болмаса.
Туымды ер тоқсанда да толқымайды,
Жұттай-ақ жұртты құртқан жүз болмаса.
Қадірін қонған бақтың білмейді ешкім,
Тарығып, тартып мінажат, мыж болмаса [2, 91 б.].

Тұрмағамбет ақын «Жас жетіп жақ тамырың білеуленді» атты өлеңінде адамға кәріліктің келетіндігін ол өз кезегінде қадіріңді қашырмай әдемі қартаю керектігін, өсіп келе жатқан буынға үлгі өнеге, насихат айта білу, жастарға жолыңды беру туралы кеңінен суреттейді. Мәдени қарым-қатынас бағытындағы бұл шығармасы Алладан үміт күтуге, бұл дүниемен разылықпен қоштаса білуге, баланың қамын ойлап байытам дей бермей, иманның байлығын жиюға шақырады. Оны мына өлең жолдарынан аңғаруға болады:

Бай – байлап балаларға, болмай күлкі,
Қойсайшы, қу дүниені тілеуді енді.
Онан да от басында отыр тыныш,
Бүлінбей: «Бай қылам, – деп, – біреуді», енді.
Кетіріп қадіріңді қазымыр болсаң,
Үй-ішің ой қылады іреуге енді [2, 81 б.].

Сыр сүлейлерінің шығармашылығындағы мәдени қарым-қатынас тақырыбы «Тұрмағамбет пен Жүрсіннің айтысында» айшықты түрде сипатталған. Бұл жөнінде зерттеуші Е.Карбозовтың «Т. Ізтілеуұлының жазба айтыстары» атты мақаласында жақсы келтірілген.

«Екі ақынның бір-біріне деген қошемет сөзінен бастау алған айтыс Тұрмағамбет ақынның қамқоршы аға болып, Жүрсіннің жасы кіші іні ретінде сыйласқан ізгі ниетімен жалғасын тауып, оқырманның жанын жадырата түседі», – деп жазады Е. Карбозов, «Тұрмағамбеттің «қиғаш қас, құралай көз нағыз һүр (сұлу) екенсің, «кемеңгер, білімге бай анық дүр (ақын) екенсің» деген мақтау сөзіне алғашында Жүрсін сеніңкіремей, кері түсініп, «жазуымды жөндей алмай жүргенімді айтқаның ба?» дейді. «Зейінім

сүйегінді танып еді» деген көреген сөзінен кейін барып Жүрсін ақын ағасының адал көңіліне сене отырып:

Сөзіңе «дуа дарыған» адам едің,
Басыма кетпес онда бақыт қонбай, [3, 115 б.], –

дейді. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген халық нақылдарын өлеңдеріне өзек еткен халық ақындары бір-біріне көлгірсуден аулақ. Жақсы қасиеттерді әсем сөздермен жеткізу арқылы оқырманын әдемілікке жетелейді. Жан мен тәннің сұлулығын сипаттай келе адамдықтың биік шыңын нұсқайды, адамгершілік мұраттарды көздейді.

Басына ықпал орнап, бақыт қонса,
Қайырсыз қатарыңа болма онша.
Қазаның халық біткенге қайнап тұрсын!
Жаз салқын болсын үйің, қыс күн монша [3, 115 б.].

Бұдан әрі Е.Карбозов айтыс өнерінің тәрбиелік мәніне тоқтала келе ықпалды бола қалған жағдайда, биліктің бір ұштығына қолың жетсе қатарыңа қайырсыз болма, жан-жағыңа мейірім шуағыңды төге жүр. «Қазаның халық біткенге қайнап тұрсын» дегені – көпшілікке, қонақжайлылыққа үндегені. Үй-жайың қай кезде де жұрттың жайын табатындай жағдайда болсын деп елдің қамын ойлар ер-азамат болуға шақырған өлең жолы «жаз салқын болсын үйің, қыс күн монша» ретінде көрініс табады, – деп түйіндейді [3, 115 б.].

«Қарсыласы іні ретінде ізет сақтап, жауап қатып қана отырады, негізгі сөздің тұтқасы Тұрмағамбет ақында болады. Адамдық асыл қасиеттерінің бірі – татулық болса, сөз көкпарында тартысқан ақындардың мәреге жеткенде, көңіліне кір сақтамай, құшақ айқастыруы өнегелі іс. Алайда жазба айтыста ақындардың көзбе-көз отырып, сөз таластыруы болмайтындықтан, татулық көрінісі айтыстың өне бойынан байқалып отырады. Кей айтыстарда ақындар бір-бірінің мінін теріп, сүрінер тұсын аңдып, ұрымтал жерін іздеп, ұтуды мақсат тұтып жатады, ал бұл айтыста ағалық риясыз көңіл мен інілік ізет қатар өріліп, сөз сайысы жарастықта аяқталады, – деген автордың тұжырымы біздің тақырыпты барынша ашып көрсетіп тұр деуге болады [3, 116 б.].

Тұрмағамбет ақын «Заман келбеті» атты өлеңінде сол уақыттағы адамдардың жай-күйі атаға – ұл, анаға – қыз, ерге – әйел кейпі заман ағымына қарай қарсы уәж айтылатындығымен сипатталады. Ол өлеңдегі кейбір жайттар өлеңмен былай ойы өрнектелген:

Ер болсаң алдынды ойлан ақыраймай,
Сұлтан бол, биле, ықылым ақыры – ойбай.
Тигенмен төбең көкке, бітсе күнің,
Көзіңді қоймайды өлім ақыры оймай.
«Хақ риза, Хабибі шат болсын» десең,
Сен өткер өміріңді ақыл ойлай.
Етпейді еңбегіңді еш Егең, асылы,
Шығарсың шын бедеудей ақыры ойнай.
Қысқасы, қол қусырып, құлшылық қыл,
Жан болсаң, жатар жерің ақыры ойдай.
Қолына қуған аңын кім түсірер,
Тепсініп, тұлпар мініп, тақым оймай [4, 67 б.].

Ақын «Бақ тайса мал мен мүлкің қоса кетер» атты өлең жолдары арқылы адамгершілік құндылықтар төңірегінде сөз қозғай отырып, әр типтегі адамдар болатындығын мал мүлікке қызығып жора жолдас та көбейетіндігін, мал мүлкің азайғанда шын достықтың негізінде құралған достар ғана қалатындығын сипаттайды.

Бақ тайса, мал мен мүлкін қоса кетер,
Жар, досың жәрдем берер боса кетер.
Айрылып ақылыңнан аң-таң болып,
Әл қалмай аяқ, қол да, ошаң етер.
Басыңа бақыт құсы қонса қайтып,
Бәрі де қол қусырып шошаң етер.
Күжімдей көлеңкелі болғаныңмен,
Уайым түбінді үңгіп, осал етер.
Ақылды ер асылында алдын ойлап,
Сағымға сұм дүниені мысал етер [4, 95 б.].

Шынында да, адамның адам болып тұлғаланып, кемелденуінде сөздің атқарған рөлі баға жеткісіз «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше», – дегендей, адамдар бір-бірімен сөз арқылы ұғысып, танысып, жақындасып, өзгені де сөзі арқылы танып, өзін де сөз арқылы танытады.

«Аумаса жолдан ардақтап,
Қадірлеп халқы сыйлайды» –

деп, сөз сөйлеу әдебін, дұрыс сөз сөйлей білу жолын жырлайды.

«Адам болсаң, сыпайы бол» деген өлеңінде адамдардың қарым-қатынасын былайша жеткізеді:

Кейбіреу жақсылықты жақын біліп,
Жүреді адалдықпен түсіп көзге.
Мақсаты – адамдықты армандайды,
Пікірі басқалардан болады өзге.

Ақын жақсыларға мадақ айта отырып, кейбір екіжүзді «іші – қас, сырты – жылмаң» жандардан бойды аулақ салуға шақырады:

Жағымпаз жағынады жарамсақтап,
Жүктейді суайттығын қызыл тілге.
Қойнына жылан салып отырады,
Іші – қас, сырты – жылмаң көз көргенде.
Өсекті өнер біліп, пұлсыз тасып
Жүреді сөз арқалап бірден-бірге.
Жамандап досты досқа, шала жағып,
«Маздаса, – деп танады, – менен көрме!»
...Дос тұтпа көзі күлген жағымпазды,
Еңбегің итке істеген кетер желге...
Ұрыдан жақын қашып, жат безеді,
Ол – айуан, суреті – адам дерегінде!.. [4, 97 б.]

Кейбір қасына жолауға тартынатын «кеуліңді қатты сөзбен жаралайтын» жандардың болмысы «Бір кеңес» деген өлеңінде сипатталады:

...Кескінін кем ақылдың қарап тұрсаң,
Көтеріп өзін тауға бағалайды.
Шыныдай сынып кетіп сәл нәрседен,
Кеуліңді қатты сөзбен жаралайды.
Қолына опасыздың олжа түссе,
Досы мен жолдасына қарамайды.
Жыраудың «Ерлер қояр құлақты» деген өлеңінде:

Құдіретімен қайнатып,
Шығарар таудан бұлақты
Орында сөзге ықыласпен
Ерлер қояр құлақты...
Қадірлеп халқы сыйлайды,
Жақсыдан қалған жүрәтті.
Жақсыдан қалған жүрәт – бүгінгі ұрпаққа аманат [4, 100 б.]

Қашаннан елдікке, адамгершілік, туыстық қарым-қатынасқа кесірін тигізетін арам пиғылдылар мен суайттардың, кейде сондайлардың қармағына тез ілінетін аңқаулардың да кемшілігін бетіне басып, нағыз асыл жандарды оларға қарсы қоя біледі [5, 102 б.].

Қоғамның дамуы, тарихи формациялық өзгерістер жас ұрпақтың сана-сезіміне, ой-өрісіне өзіндік өзгерістер енгізді. Жаһандану процесі, әр қилы бұқаралық ақпараттық ағымдар, ол ақпараттар арқылы жететін шетелдік жастардың тәрбиесінде қалыптасқан қиғаш тенденциялар, моральдық-этикалық құндылықтардан жұрдай болған әр түрлі шоу жұлдыздары, Голливудтық фильмдердегі кейіпкерлердің жағымсыз әрекеттері – міне осының бәрі соңғы жылдары қазақ жастарының тәрбиесіне де теріс ықпалын тигізуде.

«Ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты халқымыздың рухани қазынасы, мәдениеті, әдет-ғұрып дәстүрлері негізінде тәрбиелеу заман талабына айналып отыр. «Мәңгілік Ел» идеясы ұлтымыздың руханиятына, құндылықтарына негізделіп, мемлекетіміздің саяси бағдарының басым бағыттарын анықтайтын, сонымен қатар бүгінгі жаһандану жағдайындағы жастардың қоғамдағы ролі мен жауапкершілігін нақтылайтын бағдар екендігі айқын. Бұл әсіресе уақыт ағымына сай ғасырлап жинақтаған ұлттық болмысымыздан алшақтаған, табиғатымызға жат шетелден жеткен мәдениет, әдет, әдеп санамызды жаулап алған жағдайда аса маңызды» [6, 121 б.]. Үлкеннің алдынан кесе көлденең өтпейтін жастары бар, ізеттілік пен имандылықтың үлгісіндей болған қазақ халқының мыңдаған ғасырлар бойы қалыптастырған ұлттық тәрбиесі ұмытылып, үлкен-кішінің ара-жігін ажыратпайтын, нашакорлық пен маскүнемдік т.б. қазақтың қанында жоқ қасіретті қасиеттерді бойына сіңірген жас буын қалыптасты. Өкінішке орай, бұл елімізде етек жайып отырған өзекті мәселе. Соңғы жылдары болашақтың кілтін қолына ұстаған, ел сенімін байрақ етіп көтеріп отырған жоғары оқу орындары білім алушылар нің оқу ғимараттары, жатақханаларынан есіртке саудасының орын алғандығы да айқындалып отыр. Сондықтан жастарды ұлттық үрдістер негізінде тәрбиелеп, сан ғасырлар бойы сарқылмай келген ұлттық құндылықтарымыз арқылы тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күн тәртібіне қайта қойылып отыр. Осы орайда ұлттық мәдени қарым-қатынас құндылықтарына қайта оралу тұғырықтан шығар бір шешім болып отырғандығын айта кету керек.

Әдебиеттер:

1. Ізтілеуұлы Т. Шығармалары: өлеңдер, көңілқостар, нақыл сөздер. Екі томдық. – Астана: Фолиант, 2009. – Т.1. – 382 б.
2. Кәрбозов Е.К. Т.Ізтілеуов шығармашылығындағы адамгершілік мәселелер: филол.ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2005. – 24 б.
3. Карбозов Е.К. Ізтілеуұлының жазба айтыстары // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. –2013. – № 1-2(141-142).
4. Кәрібозұлы Б., Игенбаева Р.Т. Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық, тәлім-тәрбиелік тағылымы / Ғылыми-танымдық кітап. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
5. Игенбаева Р.Т., Дүкенбай С. Ислами әдептің (ахлақ) жастар тәрбиесіндегі тағылымдық маңызы // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2018. – №2(51). – 120-124 бб.

ТЕМА КУЛЬТУРЫ ОБЩЕНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ТУРМАГАМБЕТА ИЗТЛЕУОВА

Игенбаева Р.Т., кандидат педагогических наук, и.о. профессора
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация

В условиях глобализации актуальна проблема качественного образования и нравственного воспитания молодежи посредством возвращения к духовным ценностям. Проблема национального наследия в нашей стране уже давно является объектом исследования. Актуальность изучения творчества старшего поколения, оставившего богатое наследие, составляет научные основы идеи казахских мыслей в области воспитания. В этом процессе особое место занимают произведения поэтов (сулеев) Кызылординского региона. В статье изучена тема культуры общения в творчестве выдающегося представителя сулеев Турмагамбета Изтлеуулы. Определено значение творчества поэта в воспитании современной молодежи.

Ключевые слова: общение, культура общения, творчество Турмагамбета Изтлеуова, национальная культура, воспитание молодежи

THE THEME OF THE CULTURE OF COMMUNICATION IN THE WORKS OF TURMAGAMBET IZTLEUOV

Igenbayeva R.T., candidate of pedagogical sciences, acting professor
Korkyt Ata Kyzylorda State University, Republic of Kazakhstan

Annotation

In the context of globalization, the issue of quality education and moral education for young people through a return to spiritual values is relevant. The problem of national heritage in our country has long been an object of research. Relevance of the study of creativity of the older generation, who left a rich heritage, is the scientific basis of the idea of Kazakh thoughts in the field of education. In this process the works of poets (suleis) of Kyzylorda region occupy a special place. In the article the theme of culture of dialogue in creativity of the outstanding representative of sulejes of Turmagambet Iztleuly is studied. The importance of the poet's creative work in education of modern youth is defined.

Keywords: communication, culture of communication, creativity of Turmagambet Iztleuov, national culture, education of young people

МРНТИ 16.01.29

СОЗДАНИЕ ИНТЕГРИРОВАННОЙ ЭЛЕКТРОННОЙ СИСТЕМЫ В СВЯЗИ С УПОРЯДОЧЕНИЕМ СЛОВАРНОГО СОСТАВА АЗЕРБАЙДЖАНСКОГО ЯЗЫКА

Махмудов М., доктор филологических наук, профессор
Институт языкознания имени Насими Национальной Академии Наук Азербайджана,
Республика Азербайджан

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы создания интегрированной электронной системы, связанные с регулированием словарной базы азербайджанского языка. Электронная система служит для создания усовершенствованных и обновленных словарей (орфографических, пояснительных) оперативно, что используется в основном путем анализа результатов общественного мониторинга.

Ключевые слова: словарный состав, оперативное обновление словника, национальный корпус, языковые нормы, социализация мониторинга, интернет и мобильные технологии

В период глобализации важной задачей является обеспечение использования азербайджанского языка на уровне требований времени, устранение недочетов, существующих в использовании родного языка в повседневной жизни, дача оперативных ответов на вопросы всех слоев населения связанные с языком, и в то же время создание электронной системы для проведения исследований в области азербайджанского языка на основе более современной ИКТ. Одной из существенных проблем является то, что электронные варианты словарей и регулярное обновление словника не являются доступными для всех, хотя в развитых странах давно не существует такой проблемы. Для сохранения весомости азербайджанского языка в ряду мировых языков необходимо обеспечить его достойное представление в интернет – пространстве [7, 8, 9]. Необходимо как можно скорее приступить к этой трудной, в то же почетной работе и за короткий период восполнить этот пробел в азербайджанской лексикографии и языкознании. В первую очередь, было бы целесообразно осуществить электронизацию наиболее востребованных словарей (толковых, орфографических, сложных слов, сокращений, омонимов, антонимов, синонимов, фразеологизмов и т. д.) и их размещение в интернет-портале «Азербайджанский язык». Важной задачей является создание возможности для переадресации в портал азербайджанского языка проблем, появившихся при использовании существующих словарей отдельными лицами, официальными учреждениями и получения в оперативной форме профессиональных ответов и разъяснений организациями. Это также обеспечивает оперативный общественный надзор над словарями.

Орфографический, толковый и другие словари азербайджанского языка являются нашей духовной ценностью, используемой всеми и находящейся в центре всеобщего внимания. Естественно, что словари, будучи широко используемыми, должны быть достаточно всеобъемлющими, четкими и безошибочными. Такого типа словари должны отражать богатство, стилистическое разнообразие азербайджанского языка, терминологическое обновление. Наиболее спорными вопросами являются традиционные правила составления словарей, их должное оперативное обновление, несогласованность словарей с современной жизнью, пассивная реакция на постоянное обновление словарного состава.

Многие слова, используемые всеми в языке, долгое время не находят своего отражения в словаре. Наблюдаются случаи ненужного включения в орфографические и толковые словари узкой специальности, терминов, которые могут быть поняты только специалистами. И неслучайно пользователи словарей высказывают своё отношение к данным процессам и считают требованием времени составление словарей на основе точных научных принципов, постоянное и оперативное обновление и усовершенствование словника. Лексикография должна идти в ногу с современными ускоренными темпами развития. В противном случае словари не смогут дать тот эффект, который ждут от них пользователи. Одной из основных целей создания интегрированной электронной системы является вовлечение интернет – технологии в процесс составления и усовершенствования словарей такого типа. Цель создания интегрированной электронной системы заключается в том, чтобы обобществить с помощью интернета и мобильных технологий словари общего пользования и процессы мониторинга соблюдения норм азербайджанского языка. Нарушение орфографических и грамматических норм нашего языка в интернет – сайтах, на рекламных щитах, в названиях различных объектов принимает чуть ли не массовый характер, такие ошибки встречаются даже в учебниках. Несомненно, поправить такое положение дел можно привлечением современной информационно-коммуникативной технологии, в том числе средства, обладающего сильным массовым воздействием – интернета, мобильных технологий (планшета и смартфона). И неслучайно уделяется приоритетное значение созданию такой электронной системы, интернет – технологий, систем машинного перевода и других современных прикладных лингвистических технологий, для обеспечения широкого и всестороннего использования азербайджанского языка, усовершенствованию, обогащению толкового, орфографического, двуязычного, терминологического словарей азербайджанского языка. Представленную систему можно считать актуальным социальным заказом периода глобализации современного мира, века информационно-коммуникативных технологий.

Интегрированная электронная система охватывает такие вопросы, как представление азербайджанского языка в интернете на уровне современных научно– технических требований, обеспечение представителей гуманитарной области – лингвистов возможностью внедриться в информационно-коммуникативные технологии на нужном уровне и свободно пользоваться ими, устранение недочетов, наблюдаемых при пользовании азербайджанским языком, обеспечение участия общественности в обогащении и усовершенствовании словников широко используемых словарей, создание возможности непосредственного вмешательства пользователей в эти процессы. Перечисленные задачи не вмещаются в рамки одной науки. Поэтому в процессе составления электронной системы наряду с лингвистами необходимо участие и специалистов информационных технологий, математиков-программистов, специалистов мобильных технологий и телекоммуникаций. С этой точки зрения целесообразно было бы организовать и обеспечить оперативную деятельность группы экспертов из специалистов. Нужно отметить, что в области математико-статистических методов компьютерного изучения азербайджанского языка проведены определенные работы и накоплен опыт [4, 5, 6, 8, 11, 12]. Прделано немало работ, связанных с составлением частотных и статистических словарей с помощью компьютера [1, 2, 3, 9, 10].

В электронной системе предусматриваются организация общественного мониторинга существующих словарей азербайджанского языка (толковых, орфографических, сложных слов, сокращений, омонимов, антонимов, синонимов и др.), научный анализ результатов группой экспертов и совершенствование и обновление в форме онлайн словника оперативным вхождением в словарь в результате определенной процедуры. С этой целью планируется создание портала, который будет представлять азербайджанский язык на уровне ведущих языков мира.

Важной ступенью является процесс размещения и оперативного обновления наиболее часто используемых словарей в портале азербайджанского языка. Обновление словарей может проводиться как традиционным путем, так и по заключению группы экспертов на основе обращений пользователей. Неотложной задачей считается также создание базы норм и нормативов азербайджанского языка и размещение их в портале. Предусматривается организация сбора фактов отклонений от действующих письменных правил (в том числе с помощью непосредственного обращения пользователей в портал) и их анализа. Предполагается провести при обеспечении участия широкой общественности обобществление процесса мониторинга уровня соблюдения норм азербайджанского языка и его результатов. Сюда входит и формирование и размещение в портале информационной базы, состоящей из отчетов и

рекомендации проведенных до сих пор мониторингов. Все это будет проводиться параллельно с первым этапом работ по созданию национального корпуса азербайджанского языка. Понятию языковой корпус соответствует масса накопленных из разных прикладных областей языка компьютерных программ, объемных текстовых массивов, приведенных в состояние возможной обработки посредством. В настоящее время создание такого корпуса для любого языка и регулярное его расширение и усовершенствование считается самым важным и необходимым средством с точки зрения защиты данного языка. Создание корпуса для азербайджанского языка является насущной и неотложной задачей (13; 6).

Научное освещение грамматической структуры азербайджанского языка, а также составление авторитетных академических словарей должно опираться на соответствующий языковой корпус. Ведущим направлением в связи с использованием средств современной ИКТ, в том числе мобильных технологий считается обеспечение оптимального размещения в интернет – пространстве материалов азербайджанского языка, их максимальной доступности для населения, обогащение и усовершенствование словариков широко используемых словарей, обобществление посредством портала процесса мониторинга для массового выявления недочетов наблюдаемых использовании языка. Работы в этой области в связи с азербайджанским языком вовсе нельзя назвать удовлетворительными. Наиболее оптимальным методом будет централизация этих работ в базе соответствующего языкового портала. Эта трудная задача требует мультидисциплинарного и комплексного подхода. Комплексные работы в этом направлении можно сгруппировать следующим образом:

- организация размещения наиболее используемых словарей в портале азербайджанского языка и процесса их оперативного обновления. К таким словарям относятся толковый и орфографический словарь, словарь сложных слов, словарь сокращений, словари синонимов, омонимов, антонимов, терминологические словари и др. Создание определенной программы для размещения в портале и оперативного обновления других словарей.

- создание и размещение в портале базовых правил, норм и нормативов азербайджанского языка. Сбор и анализ случаев отклонений от текущих действующих правил письма. Создание возможности дачи информации о конкретных недочетах наблюдаемых пользователями, о возникших в связи с языком вопросах, и получения ответов посредством компьютерной и мобильной технологий;

- формирование и размещение в портале базы данных, состоящей из отчетов и рекомендации проведенных до сих пор мониторингов;

- обращения пользователей по поводу недочетов будут оценены группой экспертов – лингвистов и размещены в портале

Существующие в настоящее время языковые корпуса отличаются по объему текстовой базы, охвату содержание и широте возможностей, предоставленных пользователям. Наиболее содержательным и обладающим большими возможностями считается корпус английского языка. Корпус русского языка также имеет широкую базу и функциональность. Из тюркоязычных стран Казахстан и Турция обладают продукцией в данном направлении и здесь продолжают работы по расширению корпуса [6, 8]. Электронный фонд (национальный корпус) в первую очередь предназначен для обеспечения проведения научных исследований в области лексики и грамматики языка, а также языковых процессов, происходящих в течение определенных периодов. Современные компьютерные технологии упрощают и ускоряют процесс лингвистической обработки объемных текстов. Раньше исследователи обладали возможностью лишь просматривать тексты и копировать из них нужные части. Это требовало большого труда и не позволяло работать с объемным материалом. В корпусе нет никаких ограничений в связи с объемом анализируемого материала и со скоростью поиска информации. Научное описание грамматической структуры языков и авторитетные академические словари должны опираться на соответствующие языковые корпуса. Хотя основными пользователями электронного фонда (национального корпуса) являются языковеды, однако статистические сведения, относящиеся к определенному периоду и принадлежащие определенным авторам, используются литераторами, историками, а также представителями многих гуманитарных наук. Электронный фонд в то же время используется в процессе изучения родного и иностранных языков, многие учебники и учебные пособия разрабатываются, опираясь на электронный фонд (национальный корпус). Для определения направлений языкового корпуса азербайджанского языка, для уточнения принципов обозначения текстов, программного обеспечения, оценки полного объема работ было бы полезно изучение передовой практики.

Основная идея в создании электронной системы направлена на обогащение и усовершенствование словника словарей, а также на онлайн – обсуждение проведенных мониторингов и предложений пользователей. Для Азербайджана эта проблема новая и актуальная. Необходима реализация предусмотренных работ в ближайшее время. Эти работы имеют как теоретическое, так и практическое значение. Научное значение будущей электронной системы в том, что в ней выдвигается задача использования азербайджанского языка на компьютерах, уделяется внимание созданию лингвоприкладных технологий в связи с обработкой языка.

Выполненные в рамках создания электронной системы работы также в будущем могут считаться системой единого подхода для закрепления языковых материалов в интернете и обновления и усовершенствования словарей. Важным успехом в направлении улучшения качества пользования азербайджанским языком можно считать организацию оптимальной системы, опирающейся на ИКТ, интернет и мобильные технологии, применение современных информационных технологий и технических пособий для проведения исследований в области языкознания. Начало создания азербайджанского корпуса и доступность его прикладных направлений для всех пользователей открывает широкие возможности для проведения исследований в области теоретической и прикладной лингвистики на современном уровне.

Данная работа выполнена при финансовой поддержке Фонда Развития Науки при Президенте Азербайджанской Республики – Грант № EIF-KETPL-2-2015-1(25)-56/53/5

Литература:

1. Веляява К.А., А. Сухомлинский М.А. Общие положения частотный словарь азербайджанского языка газеты. – Баку: «Нурлан», 2004. – 264 с.
2. Обратный алфавитный словарь азербайджанского языка (компиляторы: Сухомлинский М.А., Махмудов М.) Об этом сообщает «Интерфакс». – Баку: «Нурлан», 2004. – 524 с.
3. Сухомлинский М.А., Махмудов М., Фатуллаев В. Частотный словарь азербайджанского языка (корень слова). – Баку: «Наука», 2010. – Т.1. – 464 с.
4. Махмудов М. Нетрадиционный обзор традиционного языкознания // Новости НАНА. Серия Гуманитарных Наук. – 2006. – №2-4. – С.101-113.
5. Махмудов М. Система формального анализа текста. – Баку: «Наука», 2002. – 244 с.
6. Махмудов М. Компьютерная лингвистика. - Баку: «Наука и образование». – 2013. – 356 с.
7. Махмудов М. Азербайджанский язык в условиях глобализации // Произведения Института языкознания. Специальный выпуск. – Баку, 2012. – 34-39
8. Махмудов М., Фатуллаев А.А., Аббасов С.С., Фатуллаев Р., Абдуллаев Н. НЛП для азербайджанского языка теоретические и прикладные вопросы создания систем и Национального корпуса. –Тюркология, Баку, 2016. – №4. – 5-28 с.
9. Алфавитно-частотный словарь нацистских произведений Мухаммеда Физули (компиляторы: Веляява К.А., Махмудови Б.А.). – Баку: «Наука», 2004. – 548 с.
10. Статистический анализ «Китаби-Деде Коркут» (составители: Веляява К.А., Сухомлинский М.А., Махмудови Б.А. и др.). – Баку: «Наука», 1999. – 248 с.
11. Махмудов М., Мамедов Р., Фатуллаев Р., Мамедов Т., Аббасов С.С. Текст фоно-акустический блок звуковой системы и фонем азербайджанского языка // Вопросы терминологии. – Баку, 2015. – №1. – 33-49 с.
12. Махмудов М. Высшая Школа Система автоматической переработки тюркского текста на лексико-морфологическом уровне. - Баку: «Наука», 1991. – 143 с.
13. Гузев В.Г., Пиотровский Р.Г., Щербак А.М. О создании машинного фонда тюркских языков // «Советская тюркология». – 1988. – №2. – 92-101 с.

ӘЗІРБАЙЖАН ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫН РЕТТЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАҢҒАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕ ҚҰРУ

Махмудов М., филология ғылымдарының докторы, профессор
Әзірбайжан Ұлттық ғылым Академиясының И.Насими атындағы Тіл білімі институты,
Әзірбайжан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада әзірбайжан тілінің сөздік базасын реттеуге байланысты интеграцияланған электрондық жүйені құру мәселелері қарастырылады. Электрондық жүйе жетілдірілген және жаңартылған сөздіктер (орфографиялық, түсіндірме) құру үшін жедел қызмет етеді, бұл негізінен қоғамдық мониторинг нәтижелерін талдау жолымен пайдаланылады.

Түйін сөздер: сөздік құрам, тілдік нормалар, ұлттық корпус, әлеуметтендіру мониторингі, интернет және мобильді технологиялар.

THE CREATION OF THE INTEGRATED ELECTRONIC SYSTEM RELATED TO THE RENOVATING OF THE DICTIONARY BASIS OF THE AZERBAIJANI LANGUAGE

Mahmudov M., doctor of philological Sciences, Professor
Azerbaijan National Academy of sciences
institute of linguistics named after Nasimi, Republic of Azerbaijan

Annotation

The issues of creation of the integrated electronic system related to the regulation of the dictionary basis of the Azerbaijani language is explained in the article. The electronic system serves to the creation of the improvement and renovating of the dictionaries (orthography, explanatory) operatively that using mostly by analyzing the results of the public monitoring.

Keywords: dictionary basis, renovating of the dictionary operatively, national corpus, the norms of the language, the publication of the monitoring, the internet and mobile technologies.

FTAMP 17.82.30

А.СЕЙДІМБЕКОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ «ӨМІР-ӨЛІМ», «ҚАЙҒЫ» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Хамзина Г., филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Акмагамбетова Б., магистр
Есмадова М., филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақала А. Сейдімбеков шығармаларындағы «Өмір-өлім», «Қайғы» концептілерінің тілдік табиғатын қарастыруға арналады. Автор концептінің жасалу жолдарына, түрлеріне жан-жақты тоқталады. Қазіргі антропоцентристік бағыттың ғылыми теориялық қағидаларына сәйкес ұлттық құндылықтарды көркем мәтін туындыларында қолдану арқылы көрсету. Концепт, оның құрылымы мен түрлері, әлемнің тілдік бейнесі туралы түсініктер когнитивтік лингвистика тұрғысынан түсіндіріледі. Тіл білімінде және әдебиеттануда концептілерге берілген анықтамалар келтіріледі. Көркем мәтіннен жиналған концептілік

қолданыстар жүйеленіп талданады. Бұл мысалдар арқылы концептілердің көркем шығарма тілінде маңызды стильдік қызметімен қатар ана тіліміздің баюына, толысуына өз үлесін қосатыны анықталады.

Кілт сөздер: Концепт, теңеу, метафора, эпитет, когнитивті модель, лингвокогнитология, фрейм, сана.

Шетелдік және қазақ тіл білімінің осы күнгі дамуы тіл білімі зерттеулерінің антропоэлектік бағытқа ойысуымен сипатталады. Әлемді тілдік бірліктер арқылы тануда «концепт» термині маңызды рөл атқарады. Бұл терминді теория тұрғысынан зерттегендер: Г. Филмор, В.А. Маслова, Н. Хомский, Дж. Лакофф, Е.С. Кубрякова және т.б.

Лингвистика ғылымында «концепт» термині ертеден келе жатқан сонымен қатар жаңа қолданысқа ие болған термин. 1928 жылы С.А. Аскольдов «Концепт және сөз» атты мақала жазады. Бірақ, «концепт» сөзі термин ретінде 20-шы ғасырдың ортасына дейін қолданыста болмады. Ол ғылыми қолданысқа ХХ ғасырдың 80-жылдары ағылшын ғалымдарының еңбектерін аудару барысында енді. Қазіргі таңда да «концепт» термині зерттелу үстінде. С.А. Аскольдов: «Концепт – бұл ойлау үрдісінде көптеген нәрсенің орнын баса алатын ой құрылымы», – десе [1, 155 б.], Е.С. Кубрякова: «... концепт пен ұғым адам түсінігі мен ойының (пайымының) әр түрлі аспектісімен арақатынаста болады» дей келе, «ұғым – ақыл ой-әрекетінің жоғарғы нәтижесі, белгілі бір логикалық түрде іске асатын объективті әрекеті бейнелеудің маңызды бір түрі болып табылады, концепт кеңінен түсіндіріледі, бұған оперативті сананың түсініктері, бейнелері, ұғымдары сияқты әр түрлі субстартты бірліктер кіреді», – деп түсіндіреді [2, 15 б.]. В.Н. Телияның түсіндіруінше, концепт – ол адам санасының, ой әрекетінің жемісі. Ол – құрылым, тілдің көмегімен қайтадан құрылады, жасалмайды [3, 2 б.].

Қазақ тіл білімінде концепт ұғымына байланысты мәселелерді Р. Сыздық, А.Салқынбай, Ж. Манкеева, Б. Тілеубердиев, М. Күштаева, А. Қайдар, Г. Смағұлова, Б. Тілеубердиев концепт сөздерді, олардың мәні мен мағынасын түсіну жеке адамнан бастау алып, қоғамдық таптар мен тұтас бір ұлттың ой-өрісі, дүниетанымы жайында ақпарат беретіндігін баса көрсетеді [4, 88 б.].

А. Исламның көрсетуінше, концептілерді талдау барысында мынадай бірізділік ұсталынады: сөздіктегі анықтамасы; концептің мағынасы мен оның әр түрлі философиялық және діни жүйелердегі орны; концептің адамның күнделікті санасындағы түсінігі; концептің әмбебап белгілері; концептің фразеологизмдердің түзілуіне немесе қолдануына әсері; белгілі бір концептіге байланысты сюжеттің, немесе образдардың пайда болуы [5, 58 б.].

Түрлі ұлттардың өзіне тән санасы мен дүниетанымын жеткізетін көркемдеуіш тілдік бірліктер бар. Мәдениет дамыған сайын ұлттық сана дами түседі. Ұлттық сананың дамуына әсер ететін факторлар: мәдениет, ұлттық құндылықтар, технологиялық даму, дін т.б.

Дүниенің тілдік құрылымын құрайтын ол тұлғаның дүниеге деген көзқарасы. Ал дүниеге деген көзқарас концептілер жүйесін құрайды. Концепт ақиқатты когнитивті тұрғыдан тануға, болмысты тілдік тұрғыдан тануға мүкіндік береді.

Дүниенің болмысы ол адамның өмірі. «Өмір-Өлім» адамзатқа ортақ концептілердің бірі. В.Н. Телияның пайымдауынша: «Концепт – біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы, соның мағынасының барлық экспрессиясы» [6, 97 б.].

Адамдар күнделікті өмірде жан мен тән, өмір мен өлім сөздерін көптеп пайдаланады. Бірақ әркім оны әртүрлі түсінеді. Сөз мағынасын түсіну ол адамның өмір тәжірибесіне тіл құдыретін түсіну деңгейіне байланысты әртүрлі деңгейде болады.

«Өмір» 1. Материяның қозғалу, даму, өсу көріністерінің жалпы жиынтығы, тіршілік. 2. Адам мен жан – жануарлардың, өсімдіктердің физиологиялық тіршілік ету, өсу процесі. 3. Өсу, даму процесінің белгілі бір кезеңі, сатысы; тірі организмнің тіршілік ету мерзімі ғұмыры (Қ.т.т.с. 653-б.).

Жазушы шығармаларында «Өмір» концептісі негізгі бірлік ретінде алынады. Адамзат үшін өмір – ол негізгі құндылық, ал оған деген көзқарас әртүрлі оған себеп, ұлттық менталитет, ұлттық сана. «Өмір» концептісінің болмысын тану қиын. Өмірдегі сан қилы оқиғалар сынды өмір концептісінің тілдік көрінісі де әртүрлі болып келеді.

Автор теңеу, метафора, эпитеттер белгілі бір концептіні жасауда шебер қолданылған. Әсіресе метафизикалық концептілер жазушы повестерінде көптеп кездеседі. «Метафизикалық перцептивтік, сенсорлық қабылдау, яғни сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады. Адам тәжірибесі арқылы ғана танып білуге болатын, құбылысты даму барысында ғана

түсінуге болатын ұғымдарды көзбен көріп, қолмен ұстап тану мүмкін емес. Сондықтан философиялық мәні басым, адамның қажеттілігін өтейтін абстрактылы ұғымдарды нақты тұрақталған дефинициялармен танытуға болмайды. Оны адам қалай сезінеді, қалай басынан өткереді, сол әсері арқылы танытады» [7, 10 б.].

«Өмір» концептісі арқылы дүниенің тілдік бірлігін, көркем бейнесін «жалған», «дүние», «тіршілік», «дәурен», «тірлік» секілді философиялық аспектілер тұрғысынан талдауға болады. Бұ жалғанда жұмыр басты пенде үшін өлімнің хақ екенін, одан нелер дүлділ нелер бұлбұлдың да құтыла алмайтынын еске алысты («Бір атым насыбай» 115-б.). Е-ей, жалған-ай, ол бір өкініші жоқ қадам болып, өз қызығы өзімен өткен дәурен екен-ау («Бір атым насыбай» 122-б.). Ой, дүние-ай, десейші, сол сапар Алтыбай ауылынан оралған Абзалдың жан-дүниесіндегі өзгеріс әлі есімде («Қыз ұзатқан» 50-б.). Ой, дүние-ай десейші. Өлдің-өштің деген сол әне... («Қыз ұзатқан» 54-б.). Одан Сахи салдың тірлігі қошқардың иіні түседі деп соңынан ерген бөрінің тірлігімен ағайын десейші... («Қыз ұзатқан» 55-б.).

Басымды тау-тасқа соғып, ат үстінде күн кешіп, елден ерек тірлік құрғанда іздегенім өзің екенсің («Аққыз» 94-б.). Уа, десеңші өткен ғұмыр өрмекшінің торындай шатылып, елес берген соң бірді айтып, бірге кетіп жатырмын ау («Бір атым насыбай» 117-б.). Шеккен ғұмыр, көрген тірлігімізде ауыр бейнеттен басқа түгіміздің жоқ екені де рас («Бір атым насыбай» 120-б.). Тіршілігінде тартқан азабы аздай-ақ, туған жердің бір уыс топырағын томпайтқанын көпсіндіңдер ме енді!» («Атамекен» 195-б.).

Бұ тіршіліктің темір қамыты қашанғы бұлғақтатар дейсің, – деген («Аққыз» 64-б.). Тағдырдың жазуның қайсысына кез келсем де, Ақбілекке қосыла алмаудан ауыр болар деймісің?! Бәрібір тыныш өмір болмас («Қыз ұзатқан» 58-б.).

Қаламгер шығармаларында ит өмір, тұщы дүние эпитеттері көрініс тапқан: Сонда жиенінің тілеуін тілеп, ала көңіл болып отыр, қуаныш пен қайғыға кезек бой алдырып отыратын Санжар қария: «Талабыңа нұр жаусын, шырағым... Маған тірелген іс болса, қылша мойным үзілгенше көтеремін. Бұл ит өмірдің сенен аяғанда көретін қай бір қызығы қалды ғой дейсің?!» – деп иегі дірілдеп көзі қызарушы еді... ой, жалған-ай десейші... («Қыз ұзатқан» 52-б.). Осы жерде, бұл тұщы дүниені қойсаңшы, әлгі күмістеп тастаған ат әбзелі ай сәулесімен жарқ-жүрқ етіп, көздің жауын алады ғой («Бір атым насыбай» 126-б.). Мұнысы тұщы дүниенің дәмін талмап құныққандығы да емес, қулық-сұмдықты шиырлап індету де емес («Аққыз» 65-б.).

«Тіршілік» «өмір» концептісінің баламасы ретінде жиі қолданылады. Қолданыстағы «тіршілік қамы», «тіршілік қылу», «тіршілік ету» секілді тіркестері тура емес ауыспалы мағынада «өмір сүру» деген күрделі мағыналық тұтастықты білдіреді. Онда көңілімізде көлеңке жоқ, жылдағы әдетпен тіршілік қамы үшін артынып-тартынып, Қоянды жәрмеңкесіне баратын мезгіл келді («Бір атым насыбай» 127-б.). «Жаттың дәулетінен жанын қиғанын қойсын, – депті Түнқатар, – тіршіліктің қандай зұлматына тап болсаң да, өз тағдырыңның тізгінін өзің ұстағаннан артығы жоқ («Бір атым насыбай» 120-б.). Сірә, тағдардың тартқан жолының үстінде ұстаған тізгінінің бір болған соң да солай болса керек қой («Бір атым насыбай» 122-б.).

А. Сейдімбектің «Қыз ұзатқан» шығармасында «өмір» концептісін «сағымдай өтіп жатқан дүниеге» тенеуі арқылы, өмірді – мәңгі емес, өткіншілік, тұрақсыздық күйімен бейнелейді. О-oh шіркін, сағымдай өтіп жатқан дүние-ай десейші, Сенжекеңдер жөнімен қартайған қадірлі қария еді ғой («Қыз ұзатқан» 42-б.).

Өмір концептісіне қарама-қарсы концепт ол «өлім» концептісі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» өлімге мынадай анықтама берілген: 1. Тіршіліктің бітуі, ажал, қаза. Қазақ халқының дүниетанымында, тілінде өлім құбылысын тікелей атамай, оны эвфемизмдермен алмастырады. Бұлай жасау себебі – өлім деген ауыр құбылысты жұмсартып, адамның қабылдауына оңай болу үшін. Марқұм: «Түнқатым, жаным, артымда қалар тұяғым!..» – деп жатып көз жұмған соң, бір жұма өтті ме өтпеді ме, сол Түнқатар әкесінің ақ таяғына сүйеніп қозы соңынан кетті ғой («Бір атым насыбай» 117-б.). Тіл тартып, тұяқ серпуге шамасы келмейді, сол жерде жан тәсілім береді («Бір атым насыбай» 126-б.). Мұндай алыпқашпа сөздің қырық құбылатын қашанғы әдеті, біреулер: «Ойбай, бағаналының батыры Наймантайдың қолынан мерт болыпты...» десе, екіншісі: «Жоға тәйірі, бірме-бірге Аламанның алдыра қоюы қисынға келмейді, онан да ұрлығы мал десейші» деп, үшінші біреулер мұның түбі жақсылық болмайтынын, екі елдің арасы бүлінетінін айтып уайым төкті («Аққыз» 109-б.). Үлкендер айтып отыратын: «Қажекең дүниеден қайтқан соң, көк мойынның құт берекесі Боздақ байға ауды» деп («Қыз ұзатқан» 42-б.).

Абзал сегіз-тоғызға келгенде араларына жыл салып, дүниеден қайтыпты («Қыз ұзатқан» 43-б.). Боздақ бай Жамалдан басқа екі әйел алған адам. Оның бірі біздің жас кезімізде баладан қайтты дейді («Қыз ұзатқан» 44-б.).

Өлімнің адамның қабырғасын қайыстырып, мең-зең күйге түсіретіндіктен өлім жайлы хабарды адамның сағын сындырмай жеткізуде мынадай тілдік бірліктер пайдаланылады: Жай танып-біліп қана қоймай, ер-тұрман әбзелімен, сауыт-сайманымен келген иесіз аттан тіксініп, сан саққа жүгірген суық сөз ел үшін кеулеп кеткен («Аққыз», 109-б.).

Автор шығармаларында өлім көбіне қара түспен беріледі. «Қара» түс ол дүние жүзінде жамандықтың, зұлымдықтың нысаны болып есептеледі. Ал қазақ халқының тілдік қолданысында қара түс өлімді де суреттейді.

Өмір бойы көргенінің қиындық екенін, он бір құрсақ көтеріп, оның қара жерге тапсырғанын, әсіресе арыстай-арыстай үш ұлын қуарған қу соғыстың жалмағанын айта келіп, «тар құрсағымды кеңіткен, тас емшегімді жібіткен сол құлыншақтарым аман болса, осы халге түсер ме едім-ай» дегенде, Торғынның да сай-сүйегі сырқырап, ықылық ата көзіне жас алды («Күзеуде» 31-б.). – Бізді қара жер ғана айырар, – деді Наймантай Аққызды құшағына қысып тұрып, – белгің беріліп хабарың жеткен күні жаныңда болармын («Аққыз» 108-б.). Халқымыздың дүниетанымында қара жер суықты, көрді білдіріп өлімді сипаттайды. Сонымен қатар, үлкен жасқа келіп, өмірмен қош айтысқан кездегі өлімді тойға балап, оны қараның антонимі ақ түспен сипаттаған. Мысалы: Түнекеңнің дүние салуын «ақ сапар, армансыз сапар» десті. Біреулер бұл қазаны тойға теңеп, «Түнекеңнің жасына жетсек, арман бар ма» деп тәбәріктік жыртыс дәмепіп жатты («Бір атым насыбай» 115-б.).

Автор повестерінде «өлім» концептісін «жансыз дене» эпитеті арқылы көрсетеді. Абзалдың жансыз денесін құшқан Ақбілек пен Санжар ботадай боздап, қасірет-қайғыға белшесінен батып Күмісбұлақтың басында қала берді... («Қыз ұзатқан» 61-б.).

Көптеген жазушылар өз шығармаларында «өмір-өлім» контраст концептілерін қолданады. «Контраст концептілер – бірінсіз бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір біріне қарама-қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы» [7, 37 б.].

Олар тірліктің мәні, өліктің жолына қатысты алуан түрлі әңгіме өрбітіп, соның қай-қайсысын да Тұнқатар марқұмның тіршілігіндегі қылық, қасиеттеріне әкеліп тіреп отыр («Бір атым насыбай» 115-б.). Бұл, әсіресе, Санжекеңе жақсы болды. «Өлгенім тіріліп, өшкенім жанды емес пе!» деп отыратын жарықтық («Қыз ұзатқан» 61-б.). «Өліге деген құрмет тірілер үшін емес пе, жақсы болсын, жаман болсын, жарық дүние сыйлаған ата-анам ғой, басын қарайтсам ба деймін. Мүрделерінің жер жұртқандай болып жоғалып бара жатқаны қабырғама бір батса, сырт көздің сыны екі батады. Қайдан білсін, мені тап бір қоралап тауып, қосақтап айдап жүргендей көретіндер бар емес пе? Осыған қол ұшын бермесеңіз болатын емес», – деп мән-жайын айтады («Бір атым насыбай» 118-б.).

Бірақ өлімнің аты өлім ғой, қазаға жиналған қалың қауымның қазіргі тұнжыр кейіпінде белгісіз бір құдіретке бас иген дәрменсіздіктің табы бар еді («Бір атым насыбай» 115-б.). Тұнқатар марқұмды өлім төсегінен көтеріп оң жаққа шығарарда жастығының астынан қос шақша шыққаны сөз болды («Бір атым насыбай» 115-б.).

«Өмір-Өлім» концептісі халық дүниетанымында лингвофилософиялық мәнділігі жоғары бірлік болып саналады. Өмір, өлім – адамзаттың алғашқы таным түсініктерінен, бастап осы күнге дейін адам санасынан кептеген философиялық құбылыс. Ақселеу Сейдімбек «Өмір-Өлім» концептісін жасауда авторлық метафоралары арқылы қазақ ұлтының менталитетін, ұлттық санасын көрсетеді.

Автор туындыларында көрінетін сөз мағыналары автордың лексиконы, сөздік құрамын көрсететін концептілер жетерлік. Жазушының автор ретіндегі танымы осы концептілерде метафоралық құрылымдарымен танылады. Концептінің метафоралық жолы – автор шеберлігінің нәтижесі. Метафораның жасалуы ертеден белгілі сөздерді жаңа ұғымдармен салыстыру барысында жаңа, мүлде бөлек тіркестер пайда болады. Яғни, бұрынғы қарапайым қолданыстағы сөздер көркемдік сипатқа ие болады. Нәтижесінде көркемдік қуатты сөздер қалыптасады.

Автордың тілдік қолданысында қоғамдық мәселелерді қозғаған, әйел тағдырын суреттеген, қарапайым халықтың ауыр тұрмысын, уайымын, қасіретін, көрген қорлығын бір мағынада жұмсайды.

Жазушы туындыларының концептуалды тұлғасында «қайғы» концептісі субъективті таным нәтижесі ретінде қарастырылған. Қайғы – 1. қасірет, күйік, шер. 2. Уайым, мұң (Қ.т.т.с. 453-б.). «Қайғы» концептісінде мұң, үрей, қорқыныш, жалғыздық сынды эмоциялар байқалады. «Қайғы» концептісінің – «қасірет, дәрменсіздік, қорқыныш, жалғыздық, уайым, өкініш» семаларымен анықталатын мәні бар. Жазушы шығармалары бойынша «қайғы» концептісін мына когнитивті модельдер түрінде қарастыруға болады:
8. Baytanasova K. Ideological and artistic relationship in the literature of emigration / Training and production printing house of the National University named after L.N. Gumileva. – Astana, 2013. – P.351

9. Takenov A., Koygeldiev M. Mustafa Shokay-Maria Shokay: Memories. Turk dunyasi arastirmalari vakfi. – Istanbul, 1997. – P.271.
10. Struve G.P. Russian literature in exile: 3rd ed., Rev., And ext. Brief biographical Dictionary of the Russian Abroad / Vildanova R.I., Kudryavtsev V.B., Lappo-Danilevsky K.Yu. – Paris, Moscow: Russian way, 1996. – P.248.
11. Kurnosov A.A. Memoirs // TSB. – M., Scientific publishing house «Great Russian Encyclopedia», 2011. – P.432.
12. Tartakovsky A.G. Russian memoirs of the XVIII-first half of the nineteenth centuries. From manuscript to book. – M., Science, 1991. – P.3.
13. Ginzburg L.Ya. About psychological prose. – L. Arts. lit., 1997. – P.143.
14. Mukanov S. School of life. Years of maturity. – Almaty: Zhazushi, 1966. – P.504.
15. Musrepov G. Debt of the artist. – Almaty: Zhazushi, 1961. – P.120.
16. Kenzhebaev B. Truth and mastery. – Almaty: Zhazushi, 1966. – P.262.
17. Ysmayylov E. Saken Seyfullin. – Almaty: Zhazushi, 1961. – P.120.
18. Karataev M. Selected works in three volumes. – Almaty: Zhazushi, 1974. – Vol. 2. – P.392.

ЖАНРОВОЕ ОСОБЕННОСТИ МЕМУАРОВ

Жолмаханова А.Б.¹, PhD

Касапоглу Х.Ч.², доктор, профессор

¹Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

²Университет Хаджи Байрам Вели, Турецкая Республика

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема жанрового многообразия мемуаров.

Автор статьи, опираясь на точки зрения российских и казахстанских ученых-литературоведов, делает свой вывод относительно рассматриваемого в статье вопроса. В статье выявляются отличительные особенности художественных мемуаров и воспоминаний на основе конкретных примеров.

Художественные мемуары и биографические очерки анализируются с точки зрения их литературных и публицистических признаков.

Примеры взяты из произведений видных представителей казахской литературы и воспоминаний эмигрантов. К первым произведениям мемуарного жанра в казахской литературе относятся произведения С.Сейфуллина, С. Муканова и воспоминания видного общественного деятеля, представителя движения Алаш М. Шокая. Автор статьи рассматривает исторические, художественные и стилевые особенности и значение произведений названных авторов.

В статье предлагается дифференцировать художественные мемуары и воспоминания с точки зрения их жанрового своеобразия

Ключевые слова: мемуары, проза, воспоминания, дневник, художественная литература, жанр, литературоведение, эмигрант, записки– воспоминания.

МЕМУАРДЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жолмаханова А.Б.¹, PhD

Касапоглу Х.Ч.², доктор, профессор

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

²Қажы Байрам Уәли университеті, Түркия Республикасы

Аңдатпа

Мақалада мемуар жанрының ерекшелігі туралы сөз болады. Мемуар жанрының ерекшеліктері шетелдік және қазақ әдебиеттанушы ғалымдарының пікірлерін негізге ала отырып, автор өзіндік

түйін жасайды. Көркем мемуар мен қарапайым естелік жазбалардың ерекшеліктері мысалдар арқылы дәлелденеді.

Көркем мемуар мен өмірбаяндық очерктің әдеби және публицистикалық сипаты көркемдік тұрғыдан талдану арқылы қаралады.

Мысалдар қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері мен эмигрант естеліктерінен алынған. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы мемуарлық шығармаларға жататын С.Сейфуллинның, С.Мұқановтың еңбері мен алаш қайраткері, эмигрант М.Шоқайдың естеліктерінің тарихи, көркемдік және стилдік ерекшеліктері мен маңызы талданады.

Мақалада автор көркем мемуар мен естелікті жанрлық тұрғыдан жіктей қарастыруды ұсынады.

Кілт сөздер: мемуар, проза, естелік, күнделік, көркем әдебиет, жанр, әдебиеттану, эмигрант, естелік-жазба.

GTAMP 17.71.91

К. ҚАЗЫБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ермағанбетова З.Н., филология ғылымдарының кандидаты
Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақала журналист-публицист Кәкімжан Қазыбаев шығармашылығына арналған. Автор қаламгер шығармаларының тілдік-стильдік ерекшеліктерін сөз етеді. Мерзімді басылымдарда жарық көрген материалдарын қарастыра отырып, тақырыптық, жанрлық тұрғыдан талдау жасайды. Жарияланымдарындағы сөз әуезділігі, табиғат суреті, образды тіл ойды жеткізуші құрал ретінде қызмет атқаратындығы туралы пайым жасалады. Қарымды қаламгердің қолтаңбасы айқындалады. Ұшқыр ойлы, тілге жүйрік, публицистің көркем әдебиет тілімен сөзбен сурет салатын шеберлік қырлары нақты мысалдармен дәлелденеді.

Кілт сөздер: шығармашылық шеберлік, көрнекті публицист, бұқаралық ақпарат құралдары.

Қазақ баспасөзінде ұзақ жылдар еңбек етіп, журналист, редактор, публицист ретінде шығармашылық даралығымен танылған қаламгер – Кәкімжан Қазыбаев. Көрнекті қаламгер, зерделі зерттеуші, жазушы ретінде өткен ғасырда ұлт руханиятын өркендетуге зор үлес қосты. Әдебиетіміз бен қоғамдық ойымызда өшпес із қалдырды. Ұлы Отан соғысында Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың атын елге алғаш танытқан дара тұлға. Қарымды қаламгер журналистика жанрларының үлкен-кішісін таңдаған емес. Ол шағын ақпараттық хабарламадан очеркке дейінгі жанрлардың бәріне қалам тартты

Публицистикалық шығарманың әсерлілігі көп ретте оның тілі мен стиліне байланысты. Тіл көркемдігі көркем публицистикалық шығарманың маңызды шарттарының бірі. Кәкімжан Қазыбаев тілге шебер публицистердің бірінен саналады. Ол қай жанрда жазса да бұл талапқа ерекше мән беріп отырды. Тілінің көркем, ұтымды, тартымды болуына көңіл бөледі. Оның әр жанрдағы тіл, стиль ерекшеліктері, сөз саптауы, сөйлем құрауы жанр ерекшеліктеріне қарай әрқилы болып келеді.

Мәселен, оның публицистикалық мақалалары көбінесе көтеріңкі сарында әуезді, лепті екпінмен жазылса, әзірлеген редакциялық бас мақалаларының ұстанымы негізінен сабырлы, салмақты болып келеді. Бұл дүниелерден тіл мен стильдің айқындығын аңғарамыз. Ал, очерктерінде қанатты сөздер, мақал-мәтелдер көбірек қолданылады. Олардың тілі көбіне көркем әдебиет тіліне жақын тұрады. Сөзіміз жалаң болмас үшін мысалдар келтірейік. «Көктем» деп аталатын публицистикалық мақаласы былай басталады:

«Көктем! Айнала жұпар атып, тіршілік атаулы түлеп тұр. Ажарында мың арудың сыны бар, кеудесінде мың ақынның тұнып жатқан жыры бар, көмейінде сұлулық үні бар, көкірегінде табиғаттың таусылмайтын күйі бар. Бұл – біздің көктем. Бұлақ сылдырап ағады, бұлбұл тамсана тамылжытып,

үзілте ән салады. Ақ балтыр қайындар, тәкәппар бойшаң теректер жапырағын жайып, самал желмен сыбдыр қағады. Далаға шықсаң, гүл исі, нұрын төккен күн исі»[1, 120б.]. Әрине, мұны қаламгер ғұмыр кешкен уақыттағы публицистердің жазу үрдісінің бір көрінісі деп те қарауға болады.

Өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарының журналистикасына көтеріңкі көңіл-күй әуені, таңдана, тамсана жазу дәсүрі үстемдік еткені рас. Бірақ солай бола тұрса да, бұл үзіндіден қарымды қаламгердің қолтаңбасын анық аңғарамыз. «Тіл – жазушының ой мөлшерін танытатын, стилін анықтайтын маңызды нәрсе екенін ескерсек». Мәтіннің көркемдік тұтастығы жазушы-журналистің тілдің мүмкіндіктерін барынша пайдалана білгенін көрсетеді. Осы мақала былайша аяқталады: «Көктем дүниені жүдетем деп келмейді, түлетем деп келеді, өмір көшін ілгері сүйретем деп келеді. Оның гүлінде – сұлулық, нұрында – тіршілік. Көктем сайын көсегең көгерсін адамдар. Гүлге оранып, жырға оранып, жаңара бер, жасай бер!»[2]. Көктем жайында талай жазушылар тілінің майын тамызып жазып, сөзбен сурет салды. Бірақ олардың көктемді қабылдау түйсігі әр түрлі. Ал мұндағы сөз әуезділігі, табиғат суреті, образды тіл жүрегіңе ұялап, жаныңды жайландырады. Өлеңмен өрілген сөйлемдер ырғаққа құрылып, шабыттана шалқи жазылған.

Міне, осындай тіл, осындай әуен К.Қазыбаевтың барлық публицистикалық шығармаларына тән. Мұны әсіресе, оның «Ұрпақ мерейі», «Күз», «Май таңы дәйім нұрлы болсын» атты мақалаларынан көреміз. Ал автор әртүрлі тақырыптар бойынша әзірлеген бас мақалаларында сабырлы, салмақты қалып танытады.

Айталық, «Халық қалаулары» деген бас мақала: «Облысымыздың барлық аудандарында жергілікті кеңестердің депутаттығына кандидаттар ұсыну жаппай басталды. Мұның өзі сайлау науқанындағы аса жауапты кезең болып табылады», – деп басталып, былайша аяқталады: «Депутат – халық қызметшісі. Оған ұсынылған кандидаттар дауысқа түсуге келісім бере отырып, сол халықтың атынан сөйлеу оның тапсырған аманатын мүлтіксіз орындау жөніндегі үлкен жауапкершілікті мойынға алады. Сол себепті халық өз қалаулыларының жаны сұлу, кіршіксіз болуын, әр істе өнеге көрсетіп жүруін қалайды. Бұған тандаулылардың тандаулысы лайық». Бұдан біз әншейінде шалқып жазуға бейім, ойы ұшқыр, тілге жүйрік журналистің сол заманның тынысына сай кәдуілгі бас мақаланың стилінде қалам тербегенін көреміз.

Кәкімжан Қазыбаев – суреткер публицист. Ол нені жазуды, не үшін жазуды ғана емес, қалай жазуды да жақсы біледі. Сондықтан оның туындылары көркем шығармадай жеңіл оқылады. Мәселен, «Еңбек – адам шырайы» атты очеркінде: «Зевс құдай елге ырыс әкелемін дегені үшін алыпты тасқа тағандап, бауырын құсқа жегізген. Сонда әлгі құзғын құс Прометейдің бауырын бүгін шоқып жеп кеткенімен, ертеңіне алыптың бауыры қайта қалпына келеді екен. Бірақ төрт тағандап жатқан Прометейдің қозғалуға, қорғануға мұршасы жоқ, азап көріп, жемтік болып жата берген. Құзғын қанша жесе де, ұлы алыптың бауыры оған тауысылмаған. Сондай аянышты халге душар болған Прометейді Геракл келіп босатқанда ол қалай сілкіндірді дүниені. Адам еңбегі де жаратылысынан сол Прометейдей алып. Бірақ оны тапжылдырмай тарпа бас салып, еңсесін көтертпей, езіп бергенін бір өзі ғана қылғып күнде жесе де тоймаған, жеуін бірақ өмір бойы қоймаған құзғын болды»[3, 88б.],– деп, ой толғайды. Осындай кестелі теңеу, бейнелі образдарды қаламгердің публицистикалық шығармаларының көпшілігінен ұшырастырамыз.

Публицист шопан өмірінен жазған «Нұрлыхынның отарында» деп аталған очеркінде Алатаудың ажарын: «Әдемілеп, оюлап Жетісу өңірінің тұсына әдейі іліп қойған тұскиіздей» деп суреттесе, түнде жарқ еткен найзағайды «аспан әлемін осып түскен түн қамшысы» дейді. Ал көктемгі құлпырған жер бетін «Жас келіннің жаңа қағып әкелген түкті кілеміндей» деп бейнелейді. Аталған сөйлемдерде табиғат құбылыстары тау, жер, найзағай бейнелеудің нысандары ретінде алынып тұрса, теңеудің бейнесін беретін тұскиіз, қамшы, кілем басқа сөздер. Бұл публицистің сөзбен сурет салған суреткерлік стилін танытады. Оның көп шығармалары өз бойындағы мағыналы мазмұнға қоса көркем тілмен оқырманды жалықтырмай, өзіне еліктіріп жетелеп отырады.

Мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді орынды қолдану шығармаға көрік, ажар береді, автордың ойын дәл жеткізеді. К.Қазыбаев өз шығармаларында мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді пайдаланудың осы мүмкіншіліктерін кеңінен қолданады. Қанатты сөздер, тұрақты сөз тіркестері оның очерктерінде де, бас мақалаларында да жиі кездеседі және әрқашанда өз орнында тұрады, ой-пікірді жеткізуші, айқындаушы көмекші құрал ролін атқарады.

Мысалы, «Қара өзек шақ» деген мақалада қарақ өзек шақ кезінде мал жағдайын төмендетпеу мәселесін көтереді. «Қыс пен көктемнің арасы нағыз көрікті кезең. Қара суық лайсаң, өзекті талдырар ауыр шақ. Сол себепті халық бұл мезгілді «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілген шағы» деп бекер айтпаған, – деп түйіндейді. «Самғау сыры»[4] мақаласында әке жолын қуған озат еңбек екіпінділері жайында әңгімелей келіп, публицист: «Қандай жарасымды жарастық, неткен сұлу мінез. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген осы емес пе! – деп жазады. Мақал-мәтелдерді осындай орынды қолданудың мысалдарын қаламгер шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Мәселен, «Бітер істің басына, жақсы келер қасына», «Арық сөйлеп, семіз шық», «Бір сөзбен жұртты жылатуға да, жұбатуға да болады», «Жаным арымның садағасы», «Болмасаң да, ұқсап бақ» тағы басқалар.

Кәкімжан Қазыбаев мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді пайдаланумен бірге өзі де сондай сөздерді әрлі, нақышты тіркестерді туғызып отырады. Мәселен, ол өзінің «Кәдімгі бір күн» деген публицистикалық мақаласында «Күні – жыл, жылы – ғасыр заманы бар, жаны – жыр, тұлғасы – асыл адамы бар елде өмір сүру қандай бақыт!» – деп жазса, «Өркені өскен ауылда» атты очеркінде бір кейіпкері туралы: «Ол сөзге сараң, лепіруді білмейді. Ол іске маман, көпіруді білмейді» – дейді. Ал, «Мерейлі мерекелі жыл» атты мақаласында: «Жалқауға уақыт өтпейді, жасампазға уақыт жетпейді», «Биік үшін жаралған биікте жүруді ғана қалайды» деп жазады. Сондай-ақ, «Алыстағы балаң аяулы балаң», «Үлкенді сыйлағаның үйінді сыйлағаның», «Тентек түзеледі, түзелсе мықтап түзеледі», «Табысты тудыратын – талап» деп өз жазғандарын ақыл-нақылға айналдырып жататын тұстары көп.

Публицистің бұдан басқа да шығармаларында «Уақытында ексең ұттың, кешіксең ұтылдың», «Күз – берген, күз – мырза», «Күздің бұйығы ұйқысы тырнағына бір ілсе, бойыңды босатып жібереді», «Малым арып шығатын көктемнен, жоны домаланып шығатын күзім артық», «Шешінген екенсің, суға түс. Түскен екенсің, жүзіп өт», «Кең даланың келістіре алмағанға көрсетер кер мінезі де, терін аянбай төккенге жазирадай кең мінезі де бар», – деген тәрізді қанатты сөздер мен көркем тіркестер көп кездеседі. Осылайша әр шығармасында ойын жеткізу үшін бейнелеу әдістерін пайдаланып, шеберлігін жетілдіріп отырған.

- Қорыта айтқанда, К.Қазыбаев шығармаларының тілдік-стильдік ерекшеліктері мынадан көрінеді:
- публицистикалық мақалаларының көпшілігі лирикалық-публицистикалық сипатта жазылған;
 - сөйлемдері әуезді ырғаққа құрылады;
 - тілі шұрайлы, түсінікті, жеңіл оқылады,
 - мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді орынды пайдаланады;
 - өзі де әрлі, көркем тіркестерді тудырып отырады;
 - тың теңеу, образды айшықты сөздер публицистің өзіндік стилін анықтайды.

Журналист-жазушының осындай қаламгерлік қасиеті, қабілет-қарымының молдығы оны өзі өмір сүрген дәуірде жұртшылыққа кең танымал етті. Заманы өзгерген, тынысы кеңейген бүгінгі журналистика өкілдерінің публицист К.Қазыбаевтың тіл шеберлігінен үйренері көп.

Әдебиеттер:

1. Қазыбаев К. Дәуір аты – Октябрь. – Алматы: Қазақстан, 1970. – 120 б.
2. Қазыбаев К. Көктем // Жетісу. – 1965, 11 наурыз.
3. Қазыбаев К. Ақиқатқа ар серік. – Қазақстан, 1989. – 223 б.
4. Қазыбаев К. Самғау сыры // Қазақстан коммунисті. – 1974. – №1.

ЯЗЫКОВЫЕ, СТИЛЕВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ К. КАЗЫБАЕВА

Ермаганбетова З.Н., кандидат филологических наук
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация

Статья посвящена творчеству журналиста-публициста Какимжана Казыбаева, рассказывает о языковых стилях произведений писателя. Учитывая материалы, опубликованные в периодических изданиях, анализируются тематика и жанр. Предполагается, что слово мелодизм, картина природы, образ природы и образ слова будут служить инструментом слова. Определяется подпись автора. Способность выразить себя из уст в уста, язык писателя, художественный язык публициста подтверждается конкретными примерами.

Ключевые слова: творческое мастерство, выдающийся публицист, медиа

LINGUISTIS, STULISH FEATUREZ OF THE WORK S OF K.KAZYBAEV

Yermaganbetova Z.N., Candidate of philological sciences
Korkyt Ata Kyzylorda state University, Republic of Kazakhstan

Annotation

The article is dedicated to the work of journalist-publicist Kakimzhan Kazybaev. The author speaks of language-style features of the writer's works. Considering the materials published in periodicals, it analyzes the thematic and genre. It is assumed that the word of melodicism, nature painting, the image of the nature, and the image of the word will serve as an instrument of the word. The writer's signature is determined. The ability to express himself by word of mouth, the language of the writer, the artistic language of the publicist is proved by concrete examples.

Keywords: creative skill, outstanding publicist, media

FTAMP 17.09.91

ҚАҢЛЫ ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚҰРАН СҮРЕЛЕРІНІҢ КӨРІНІСІ

Тұяқбаев Ғ.Ә., филология ғылымдарының кандидаты
Қоркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақ әдеби үдерісінде ерекше көрінген Сыр бойындағы ақындық мектептің ірі өкілі Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлы шығармаларындағы Құран Кәрім сүрелерінің көрінісі туралы айтылады.

Автор діни-ағартушылық бағыттың қазақ әдеби үдеріске келуі, оның басты өкілдері және олардың негізгі мақсаттары туралы айта отырып, діни-ағартушылық бағытты орыс отаршылдарына қарсылық ретінде атап көрсетеді. Ұлттық әдеби үдерістегі осындай бағытқа үн қосқандардың бірі – Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлы. Ол өз шығармаларына Құран Кәрім сүрелерін негіз ете отырып, қазақ қауымының діни сауаттылығын, имандылығын күшейтуді мақсат еткендігін мысалдар арқылы дәлелдейді.

Ақынның «Абыраһаның бастан кешкендері» атты дастанын Құран Кәрімнің 105-Піл сүресімен салыстыра талдау арқылы дастан сюжетінің негізі осы сүреде жатқандығын дәлелдейді.

Кілт сөздер: әдебиет, әдеби мектеп, діни ағартушылық бағыт, әдеби орта, Құран Кәрім, поэзия, дәстүрлі поэзия.

Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық бағыттағы поэзияны зерттеген ғалымдарымыз бұл бағыттың өмірге етене араласуын XIX ғасырдың аяқ кезеңі мен XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланыстырады. Мәселен, У. Қалижанұлы: «Қазақ даласын түгелдей отарлап алған патшалық Ресей енді қазақ халқын мүлде басқа дінге ендіру мақсатын көздеді. Сібірдің ұсақ ұлттарын күшпен шоқындырған патша өкіметі осындай миссионерлік саясатты қазақ жерінде де жүргізуге кірісті. Бірақ бұл саясат жергілікті халық тарапынан қатты қарсылыққа ұшырап отырды. XX ғасырдың бас кезіндегі ақындар патшалық Ресейдің қазақтың жерін алумен бірге оның өзін әр түрлі саясатпен жою мақсатын жүзеге асыруға жанын салғанын сезді. Олар патшалық Ресейдің осы қитұрқылығына қарсы тұрар жолдың бірі деп халықтың діни сауатын ашу жолын таңдады – [1, 31 б.], – дейді. Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Кәкішев: «XIX ғасырдың аяқ тұсында Тәурат (Библия) пен Інжілдің (Евангелия) отызға тарта аңыз-әңгімелері қазақ тілінде жеке-жеке кітап болып шығып, қазақ даласында шоқындыратын орталықтар құрылды».

Міне осындай процесс күшейе түскенде, «мұсылмандық қозғалыс» та қазақ даласында жанданды. Мешіт ашып, медресе салдыру ісі өрістеді. Жазба насихат та күшейді. Пайғамбардың өмірін, Құранның аят-хадистерін, аңыздарын, Шәкір-Шәкірат, Хасен Хұсайын, Қадиша қыз, Хазірет әлі жорықтарын, төрт шадияр, 33 мың сахабаны жырлаған кітаптар қаптап кетті. Халықты өзіне қарату жайындағы діни талас-тартыстардың барысында Батыс пен Шығыстың классикалық әдебиет үлгілері қосарлана жетіп, қазақ әдебиетінде кітаби ақындардың дәстүрін қалыптастыра бастады» [2,142 б.], – деп жазған болатын.

Қазақ қоғамындағы осындай рухани сілкініс әдебиетке діни-ағартушылық бағытты ұстанған Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Нұржан Наушабаев, Ақмолла Мұхамедияров, Әбубәкір Кердері, Мұсабек (Молда Мұса) Байзақұлы, Балқы Базар, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет, Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлы сынды ақындар шоғырын алып келді.

Бұл бағытты ұстанған ақындар шығармаларының негізгі арқауы – адамдардың сана-сезімдерін мұсылмандықтың ізгі нұрымен сәулелендіру арқылы адал өмір сүру, адамгершілік, имандылық сияқты қасиеттерге тәрбиелеу, оқу-білім алуға шақыру еді. Сондай-ақ, олар адам мінезінің азуын, жауыздық, алдау-арбау, паракорлықтың кең өріс алуын дінсіздіктен деп түсінді. Және осы мұсылмандық жолдан тая бастауымызға негізгі себепкердің бірі Ресей отаршылдары екендігін білді. Сондықтан да адамды аздырудан сақтап қалудың бірден-бір жолы ретінде дін моралін ұсынды.

Діни-ағартушы ақындар шығармаларынан исламияттық терминдерді, діни философия тұрғысынан ой түйіндеулерді көптеп кездестіруге болады. Олар өз туындыларында діни терминдерді асқан ұқыптылықпен, сауатты пайдаланды. Өзіндік адамгершілік, гуманистік, имандылық ой қорытуларын діни ұғымдармен жанастыра отырып беруге тырысты. Құран Кәрім сүрелерінен, аят, хадистерден алынған үлгі, өсиет, ғибрат сөздерді философиялық астарлы ойды беруге, қарапайым халықтың ислам дінін шынайы, имандылық тұрғысынан терең мән бере қабылдауына (түсінуіне) ықпал жасау үшін пайдаланды. Мұсылман дінін дәріптейтін дастандар жазды. Бір ескере кететін жай діни дастандарға өзек етіп ақындардың Құран Карим сүрелерін алуы еді.

XX ғасыр басында өмір сүрген Сыр сүрейлерінің бірі – Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлының «Құдіреті хақ субханның» деп аталатын өлеңі діни– танымдық туындылар қатарына жатады.

«Субхан» сөзі Құран Каримде 93 жерде кездеседі, пәктеу, мақтау, дәріптеу, Сұбхан Алла – Алла кемшіліктен пәк деген ұғымды береді. Ал ауызекі тілде кейде «Субхан» сөзі Алла Тағала деген сөздің баламасы ретінде де қолданылады.

Құран Кәрім бұйырғанды,
Жан, діліңмен бата ойла!
Жан барында болса тірлік.
Мұстафаның сүннеттері

Тұтып мықты қызметтерін,
Жылап көзден жасыңды ірік.
Шайтан ласин жолға салмай
Уәсуасын қабыл алмай,
Етегіңді ерте сілік.
Сонда ғана хақ құлым дер
Уматым деп ақ хазірет,
Келсе орынға бәндешілік.
Дүниенің ләззаты сол,
Болсаң түзу денсаулықта
Малың болып неше түлік, – [3, 26 б.]

дейді ақын. Ақынның Алла Тағалаға деген пәк сезімі төгіліп тұр. Ол Аллаға деген осы сүйіспеншілікті бүкіл мұсылман қауымымен бөліскісі келеді. Жаратушыға адалдық, оның хақтығына шек келтірмеу, бойыңды таза ұстау – адамгершіліктің түп қазығы деген ой тастайды. Қаңлы Жүсіптің «Құран Кәрім бұйырғанды, Жан, діліңмен бата ойла», «Дүниенің ләззаты сол, Болсаң түзу денсаулықта» деуі – имандылық шарттарын мегзеу екені түсінікті. Ақынның айтып отырған «түзу денсаулығы» – жан тазалығы, рухтың биіктігі екені сөзсіз.

Осы жерде ақын қолданысындағы кейбір діни терминдер түсінік беруді қажет етеді. Мәселен, күнделікті өмірде мән-мағынасына бойламай-ақ жиі қолданылатын «шайтан» сөзі Құран Кәрімде 89 жерде кездеседі. Хақтан ұзақтақан, әмірге қарсы келген, азғырушы, Ібіліс, ғазезіл деген мағына береді. Ал «уәсуә» – шайтанның көңілге күдік салуы, іштей азғырушы, делсалдық деген мағынада 5 жерде қолданылады. «Хақ» – шындық, растық деген ұғымды білдіреді. Бұл жерде Хақ Тағала, яғни, Алла Тағала адал, таза деген мәнде қолданылып тұр. «Умат» – «үмбет» – мұсылманшылықты мойындаған қалың қауым, Алланың сүйген құлдары деген мағынада.

Ақын қолданысындағы осы исламияттық терминдердің ішкі мәніне түсінгеннен кейін ғана айтар ой анықтала түседі.

Құранның Хадид сүресінде: «Ол сондай Алла, көктер мен жерді алты күнде жаратып, сосын ғаршыны игерді. Ол жерге кірген нәрсені, әрі одан шыққан нәрсені және көктен түскен нәрсені, оған көтерілген нәрсені біледі. Сондай-ақ, Ол қайда болсаңдар да сендермен бірге. Алла не істегендеріңді толық көруші. Көктер мен Жердің иелігі Оған тән. Әрі барлық істер оған қайтады. Түнді күндізге ауыстырады, күндізгі түнге ауыстырады. Сондай-ақ Ол көңілдегілерді толық біледі. Аллаға, Елшісіне иман келтіріңдер», – дейді [4, 538 б.]. Енді осының Қаңлы Жүсіптегі поэзия тілінде бейнеленуіне назар аударайық:

Құдіреті хақ субханның:
Қолында тұр барлық мүлік.
Көрсетпекке хақ құдіретін
Санаяр етсін деп сансыз мақұлық.
Неше түрлі жан жаратты,
Бірді кейін, бірді ілік.
Дүнияға беріп зейнет
Ай мен Күнді қойды іліп...
Қайсы жаман, қайсы жақсы
Хақтан өзге болмас біліп [3, 26 б.].

Бұдан әрі:
Қандай ғажап хақ құдірет!
Бірін қылды салып құрыш
Жауға шығар садақ іліп.
Бірін қылды софы нақыш
Бір Аллаға зікір айтқан

Қылуат жайда тізе бүгіп,
Бірін Алла қылды ғани,
Жүздеп-мындап малын айдап,
Буыны оның жүрген жылып, – [3, 28 б.]

деп, Алла Тағаланы ұлықтай сөйлейді. Ақындық мақсат Құран сүрелеріндегі айтылған мәселелерді халыққа жеткізу арқылы Алла Тағаланың құдіреттілігін, адалдығы мен хақтығын және оның жалғыз екендігін санадан өлтірмеу. Сол арқылы имандылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. «Сонда ғана хақ құлым дер, Уматым деп ақ хазірет» деуі – осының айғағы. Көріп отырғанымыздай ақын ойының бастауы Құран Каримде жатыр. Құран сөзін поэзия тілімен өрнектей білген ақынның негізгі мақсаты Алланың ақ жолын мұсылман мүміндеріне насихаттау болғандығы түсінікті.

Қаңлы Жүсіп шығармашылығында ерекше назар аударар туындының бірі – «Абыраһаның бастан кешкендері» деп аталатын дастаны. Дастан сюжеті шағын. Идеясы ашық. Ислам дінін қадірлеу, имандылық, Алла тағалаға адалдық мәселесін сөз етеді.

Бүкіл мұсылман қауымының Маккадағы Қағбаға барып зиярат етуін көре алмаған, Ібіш уалаятының бас уәзірі Абыраһа өзі бір зәулім үй салдырып, оны зиярат етер орынға айналдырмақшы болады. Сөйтіп елге кімде-кім енді Маккаға барып зиярат ететін болса ол өлтіріледі деп пәрмен береді. Бұған бүкіл Араб елі қайғырып, зар шегеді. Бас уәзірдің бұл пәрмені намысына тиген бір араб Қағбаның бұндай мазаққа айналғанынан басым садаға деп, бір күні Абыраһаның салдырған үйін ластап, бүлдіріп кетеді. Зиярат үйіндегі бұл жай Абыраһаның құлағына тиісімен ол Макканы қиратуға бел буады. Сөйтіп патшасының Махмұт атты мықты пілін және тағы көптеген пілдерді алып, Макканы қирату сапарына аттанады.

Бұны естіген осы шаһардың ұлығы Муталлаб Абыраһаның алдынан шығып, Қағбаға тимеуін сұрап, өтініш етеді. Ызаға булыққан Абыраһа өтінішті құлағына да ілмейді. Муталлаб еліне келіп халыққа тауға тығыла тұруға кеңес беріп, артынан өзі де тауға барып бас сауғалайды.

Күн шыға Абыраһа алдына Махмұт пілді салып, қағбаны қиратуға аттанады. Кенет Қағбаға жақындаған пілдер сәждеге басын қойып, тізе бүгеді. Абыраһа пілдерді қанша айдатса да тұрмай қояды. Бұған ыза болған ол қасындағыларға Қағбаны балталап бұзуға әмір етеді. Дәл осы сәтте аспанда тұмсығына бір-бір тас тістеген бір ғажайып құс пайда болып, Абыраһа әскеріне тас жаудыра бастайды. Ойлаған мақсатына жете алмай жеңіліс тапқан Абыраһа кейін шегініп, еліне қайтуына тура келеді.

Ал енді ақын осы дастан желісін қайдан алған деген сұраққа жауап беру үшін қасиетті Құран Кәримге көз жүгіртелік: 105-Філ сүресі.

«Меккеде түскен. Бес аят.

Бұл сүредегі Філ уақиғасы: Йемен бастығы Әшір ұлы Абраһа Қағбаның зияратшыларын солай тарту үшін Санға қаласында «Құлпайыс» атында салтанатты бір шіркеу жасап, алпыс мың қол, он үш філмен Қағбаны бұзуға Меккеге келгенде, құдіретті топ-топ құс келіп, типыл қылады.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед ғ.с.) Раббыңның філ иелеріне не істегенін көрмедің бе? Олардың айлакерліктерін босқа жібермеді ме? Оларға топ-топ құс жіберді. Құстар оларға балшықтан жасалған тастар атып, Сонда оларды желінген топан тәрізді қылды» [4, 601 б.].

Көріп отырғанымыздай, Құранның 105-Філ сүресін Қаңлы Жүсіп дастанының толық негізі деп айтуымызға әбден болады. Дастандағы ерекшелік кейбір детальдардың көркем шығармаға тән сипатқа ие болуы. Мәселен, пілдердің сәждеге бас қоюы, Абыраһаның Қағбаны балталап қиратуға әскеріне бұйрық беруі оқиғаны дамыту жолындағы ақындық ізденіс. Бұл және сәтсіз емес.

Енді Құранның Нұралы Өсеров аудармасындағы түсініктерге назар аударайық: «Мекке – әуелде тек Ибраһим мен оның әйелі Һажир және ұлы Исмайл ғана тұрған уәди (сусыз оазис) жер. Исмайлге Алла зәм-зәм құдығын пайда қылған. Кейін басқалар қоныстанып, қала пайда болған. Байтулла іргесін Ибраһим мен Исмайл қалаған. Сөйтіп бұл жер бүкіл арабтардың қасиетті мекеніне айналған», - дейді [5, 557 б.]. Қағба тарихына байланысты дастанның кіріспе бөлімінде ақын:

Байтулла ісімінде бір-екі жаса деп,
Халилге болды бір күн парманасы.
Таспенен төңірегіне салып қорған,
Дүниенің шарқы палақ тең ортасы.

Мағырыб, машыраптағы жұмла жанның,
Сол болды бас қоятын қибласы.
Халилден қалып бақи кейінгіге,
Келатқан дін исламның сол мирасы, – [3, 50 б.]

деп суреттейді.

Ақын сюжетін негізге алған осы оқиға ислам тарихында «Піл жылы» деген атпен белгілі. Жоғарыдағы Құран кітабындағы түсініктерде: «Мұхаммед те осы Меккеде туылып, 40 жасында пайғамбармын деп ислам дінін тарата бастаған. Мұхаммед туылған жыл атақты «Піл жылы» еді», - дейді. Бұдан шығар қорытынды ақын дастанының желісінде тарихи негіз де жоқ емес.

Алла Тағалаға құлшылық етіп, ислам дінін мойындаған бүкіл мұсылман қауымы Құран Кәрім тілін жетік меңгеріп, онда не айтылғандығының барлығын білді дей алмаймыз. Көпшілігі тек мұсылмандық шарттарын ғана біліп, Құран Кәрім сүрелерін жатқа оқумен ғана шектелді. Әрине, бұл мүмкін де емес еді. Өйткені исламды тереңдей меңгеру үшін арнайы мектеп, медресе көріп, тіл игеру қажет болатынды. Ал бұндай діни мектептер қазақ даласында, бола қойған жоқ. Орта Азия қалаларындағы оқу орындарына екінің бірі барып оқи алмасы анық. Қаңлы Жүсіп және басқа да діни-ағартушылық бағыттағы ақындар осындай олқылықтың орнын толтыруды мақсат тұтты деп айтуымызға әбден болады. Діни сауатты ақындар Құран Кәрім сүрелерінде, Пайғамбар хадистерінде не айтылғандығын халыққа жеткізуге тырысты. Жоғарыда біз мысалға келтірген үзінді осының бір ғана көрінісі.

Әдебиеттер:

1. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.
2. Қыстаубаев З. Нәубет. – Алматы: Жалын, 1990. – 448 б.
3. Қаңлы Жүсіп. Сайраған бақта бұлбұлдай // Құрастырып, баспаға дайындағандар: Тынышбек Д., Тұяқбаев Ғ. – Тараз: Қайнар университетінің баспа орталығы, 2002. – 139 б.
4. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі / Аударған, Алтай Халифа. – Сауд Арабиясы, 1991. – 604 б.
5. Құран // Аудармашылар: Өсерұлы Н., Мақашұлы Ж. – Алматы: Білім, 1990. – 655 б.

ОТРАЖЕНИЕ СУР КОРАНА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ КАҢЛЫ ЖУСУПА

Туяқбаев Г.А., кандидат филологических наук

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация

В статье рассказывается об отражении сур Куран Карима в произведениях одного из видных представителей школы акынов земли Сыра Канлы Жусипа Кадырбергенулы, творчество которого особо выделялось в казахском литературном процессе в XIX и начале XX веков.

Автор, размышляя о причинах появления религиозно-просветительского направления в казахском литературном процессе, рассказывая о его основных целях и главных представителях, отмечает, что данное направление возникло как противостояние русским колониалистам.

Большой вклад в развитие религиозно-просветительского направления в национальном литературном процессе внес Канлы Жусип Кадырбергенулы. В своих произведениях он, основываясь на сурах Куран Карима, подтверждает свое стремление к повышению религиозной грамотности, духовности казахского сообщества.

На основе сопоставительного анализа дастана Канлы Жусипа «Абыраһаның бастан кешкендері» с сурой 105-Слон Куран Карима автор доказывает, что данная суралегит в основе сюжета дастана.

Ключевые слова: литература, литературная школа, религиозное просвещение, литературная среда, Коран Карим, поэзия, традиционная поэзия.

REFLECTION SURAHS OF THE KORAN IN THE WORKS OF KANLY ZHUSIP

Tuyakbaev G.A., candidate of philological sciences
Korkyt Ata Kyzylorda state University, Republic of Kazakhstan

Annotation

The article tells about the reflection of Surah of Kuran Karim in the works of one of the prominent representatives of the school of akyns of the land of Syr Kanly Zhusip Kadyrbergenuly, whose work was particularly distinguished in Kazakh literary process in the 19th and early 20th centuries.

The author, reflecting on the reasons for the emergence of religious and educational trend in Kazakh literary process, talking about its main goals as the main representatives, notes that this trend arose as confrontation with Russian colonialists.

A great contribution to the development of religious education in the national literary process was made by Kanly Zhusip Kadyrbergenuly. In his works, he, based on the surahs of Kuran Karim, confirms his desire to increase religious literacy and the spirituality of Kazakh community.

Based on comparative analysis of poem of Kanly Zhusip «Adventures of Abyraha» with the 105-words of Surah Kuran Karim, the author proves that this surah underlies the plot of the poem.

Keywords: literature, literary school, religious education, literary environment, Kuran Karim, poetry, traditional poetry.

FTAMP 17.09.91

Н.ЖҰБАТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МЫСАЛДАУ ӘДІСТЕРІ

Баянбаева А., магистрант

Оралова Г.С., филология ғылымдарының кандидаты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Байырғы ата-бабалық аймақтарда, өлкелерде мекендеген қазақ халқының фольклоры мен әдебиетінің мұралары халықтық көркемдік таным, талғам өлшемі арқылы сақталды.

Ұлттық әдебиетті құрайтын өңірлік әдебиет. Өңірлік ақындарымыздың әдеби мұраларын бағалауда тарихи – мәдени дамудың заңдылықтары негізге алынған. Бұл мақалада Сырдария өзенінің төменгі ағысы мен Арал теңізі жағалаулары өңірлеріндегі ақындық дәстүрдің көркемдік жалғастығына тән тарихи поэтика ерекшеліктері жалпы ұлттық әдебиет дамуы сипатымен біртұтастық жағдайында танылатындығы айқындалады.

Ақындық поэзиядағы дидактикалық шығармалар – мысалдау түріндегі бейнелілік тәсілдерін қолдана отырып, адамгершілік-имандылық тәлім-тәрбиесі мәселелерін арқау етеді. Нұрсұлтан Жұбатұлының «Муса әпенді», «Бегім ана» дастандары – дидактикалық-философиялық мағыналы шығармалар. Осы мақалада аталған дастан, балладалардың идеялық-композициялық, сюжеттік желісі, көркемдігі талданып берілген.

Кілт сөздер: дидактикалық поэзия, гуманисттік сарын, дастан, эстетикалық түсінік, сюжеттік желі, баллада, сюжеттік шешім, поэтикалық түйін, романтикалық әуен, көркемдік таным, толғау, лиро-эпикалық жанр.

Профессор С.Негимов дидактикалық поэзияны құрайтын жанрларды (дидактикалық-философиялық толғаулар, мысалдар, термелер, баталар, қанатты нақыл сөздер, ғылыми-танымдық немесе қоғамдық-саяси, философиялық-әлеуметтік тақырыпта жазылған поэзиялық трактаттар) атай келіп, былай дейді: «Дидактикалық мазмұндағы туындыларда халықтық философия, педагогика, мораль, этика мәселелері, гуманисттік сарындар баяндалады. Халықтың көркемдік және эстетикалық түсініктері, сан замандар

мен ғасырлар бойы жинақталған білік, ақыл, тәжірибе, әдет-ғұрып, тұрмыс-салттағы жарқын дәстүрлер әңгімеленеді» [7, 80 б.].

Нұрсұлтан ақынның «Муса әпенді», «Бегім ана» дастандары–дидактикалық-философиялық мағыналы шығармалар. Аталған эпикалық шығармаларға ортақ мәселе – адамгершілік-имандылық қасиеттері (мейірімділік, жомарттық, ананың перзентіне махаббаты, ерлі-зайыпты жұбайлық одақты таза сақтау, нәпсіқұмарлықты айыптау, т.б.).

«Муса әпенді» дастанының кіріспе-толғанысында ақын адамзат тарихындағы қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігінен құралған фәни дүниенің мазмұнына дидактикалық-философиялық шолу жасайды:

...Кім білсін ашпаған соң кеуіл сырын,
Адамзат айтса білер әрне бапты.
Тау құлар талаптының жүрегіне,
Аңсаған әуес көріп әр талапты.

Қызыл гүл қызулы мас күн секілді,
Құлпырған көк қанауыз жапырақты.
Сарайын сайран етіп дүниенің,
Сөндірді неше ерлер шамшырақты.

Бұлт ойнап, күн суынып, соғар қазан,
Ішіп-ки шама келсе не қымбатты.
Ел үшін жанға мырза ерлер де өткен,
Ақ балдақ қынай бұған шар болатты.

Сапырып сан дүниені салқы да өткен,
Жай қылып жайластырған көп қонақты.
Қос ірей, қызыл ерін сұлу да өткен,
Қыпша бел, алма мойын, үр сияқты.

Шын ділмар Жиреншедей шешен де өткен,
Сақтаулы халық аузында сөзі қымбатты.
Ғажайып ғалымдар өтті бастарынан,
Ақылдың дария Нілдей бұлағы ақты.
Дүнианың әуелі шат, ақыры ойран,
Талайды талмаусытып жабырқатты [8, 110 б.].

Бұл – адамзат тарихындағы тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастардағы жеке адамдар мен қоршаған орта бірлігіндегі қасиеттердің құбылыстардың әралуандығын танытатын толғаныс.

Ақынның «Муса әпенді» дастанының идеялық-композициялық желісінен мынадай сюжеттік жүйені оқимыз: біріншісі – «Мейірімшіл, өте сахи, мархабатты Муса атты кісінің «Тұр» тауын аралап жүріп қырғи қуалаған торғайды қолтығына кіргізіп құтқарғаны; екіншісі – торғайды қуалаған сұрша қырғидың тамақ сұраған өтінішіне («Қарным аш, халім нашар, мен өлемін») өзінің денесінен тамақтануды («Ойып же, он санымнан бір тамақты») ұсынуы; үшіншісі – сахилығы дәлелденген Мусаның ерлігін көрген екі құстың «Бұлар сол көктен келген періште» екендігі танылып, «Екі құс адам болды тым келбетті» болып түйінделуі.

Мысал-дастанның түйіні – жандүниесі жомарт, сахи жандардың табиғаттың, тіршіліктің әсемдігінен нәр алып, жүректері нұрға толып жүретінін, қоршаған ортаның өзінен сұрайтын барлық тілектерін орындауға әрқашан дайын жүретінін дәлелдеу. Ақын мысал – дастан кейіпкерінің сұлулыққа құштар жүрегінің мөлдірлігін «Тұр» тауындағы әсем көріністер ортасындағы әсерлену сезімдері арқылы да бейнелейді:

...Бір күні тау аралап тамашаға,
Сахарада сайран етті табиғатты.
Таңданып табиғаттың болмысына,
Бас иіп көзден жасын тамшылатты.

Аты «Тұр» осы таудың биік емес,
Суы мол тұнба қара тас бұлақты.
Бал бұлақ, суы тұщы тау жырасы,
Тұрады жайландырып хайуанатты.
Зүбәржат асыл, ақық тастары бар,
Шахналық құрылысқа ылайқатты [8, 110 б.].

Мысал-дастан сюжетінің шарықтау шегінде денесін, көзін қырғидың шоқып жеуіне тосып тұрған Мусаның сахилық тұлғасы оқырмандарға мифологиялық кейіпкер Прометейді елестетеді. Ал, сюжеттік шешімдегі Мусаның «Ақ пейіл адамдығын, сахилығын емтихан етушілер кемітпепті» – деген жолдардан адамгершіліктен айнымаған имандыларға Алланың нұры жауатыны дәлелденген. Мысал – дастанның соңындағы ақынның асыл қасиеттерінен айнымаған жандардың нұрлы шапағатымен, өнегелі өмір сүретіні дәлелденеді, айтылған мысалдан тағылым алу ұсынылады:

...Орнынан тұрды Муса нұры тасып,
Толқынды бір күш билеп көкіректі.
...Ақылды, әділ-уәли патша болып,
Басқарды сол күндегі үкіметті.

Гибрат бұл сөзімде ақылдыға;
Жабырқап жаның үшін бұзба сертті.
Жұмсақ тіл, мейірімді жан, адал кеуіл,
Жазады жан жарасын ішкі дертті.
Әділдік – адамдықтың мияссары,
Сол кісі қиды көзін не деректі [8, 112 б.].

Ал «Бегім Ана» дастанында аңыздық оқиға негізге алынған. Әйел жынысының тәні мен жаны сұлулығының себебінен алыс елдер, әр түрлі адамдар араларындағы күрделі қарым-қатынастар орнайтыны жырланған. Аяқталмаған дастанда әйелкұмар Шанжар хан («Еліне сөзі бұйрық, әмірі заң. Алыпты өңкей сұлу алпыс қатын, дүниеде не істесе де ұялмаған»), Хорезмдегі «келбетті, ақылды адам» Қарабура және оның қызы («Бегім-ана қыздың аты жалғыз екен әрі ұл, әрі қызы сол адамға») аталады. Шабарман кедей Мусаның Шанжар ханға аталған қызды әйелдікке алу үшін сүйінші – хабарламасы арқылы Бегім-ана қыздың портреті суреттеледі:

...Мысалы кең сарайға жағылған шам,
Нұрына көз тұнады қарағанда.
Ол аққу айдын көлдің кербезі екен,
Шомылған мөлдір суға жаңа ғана.
Сол қызды Сізге лайқат деп ойладым.
Сыпайы бәрі түгел, ақылы сана [8, 117 б.].

Хабаршының айтқан сөздерін бейнелілік өрнектерімен жеткізген ақындық тілдің поэтикалық әсерлілігі танылады:

...Ақ сұңқар, асыл текті, тау қыраны,
Түседі ақ тамақты Алтайыға.
Болады әр асылдың жарасымы,
Ақбас ер, арғымаққа жібек жона.

Асынар алмас қылыш батыр жігіт,
Кіргенде қолын малып қызыл қанға.
Әркімнің лайқаты сол сияқты,
Майданда батыр сахи шыбын жанға [8, 117 б.].

Дастан сюжетінің дамуында Бегім-ананы естіген ханның қыз әкесі Қарабураға елші-айттырушы жібергені, ата-анасының «Шығарып дүние – мүлкін» еншілегені, қыздың «Қоңыраулы көк күймеде жол шеккені, қыз келгенше сабырынан айрылған ханның аласапыран күйі, ақыры жақсылықтың өзі келгені, хан-күйеудің Қарабура атасына сәлем жолдауы жырланған. Аяқталмаған дастанның көркемдік-эстетикалық мәні алыс аймақтарды, алуан тағдырлы адамдарды туыстық-жегжаттық, ағайындық байланыстарға сабақтастыратын әйел жынысының күдіретін әйгілеу екендігінен танылады.

Қорыта айтқанда, Нұрсұлтан ақынның эпикалық шығармалары қазақ әдебиеті тарихының көп жанрлы мазмұнын кеңейте түскен әдеби мұралардың қатарында таныла алады. Ұлттық сөз өнері шығармаларының әлемдік әдебиетке дәстүрлі сарындарымен және поэтикалық ортақ үндестіктермен қосылатын мүмкіндігін танытқан ақындық поэзиядағы эпикалық шығармалар арқылы қазақ әдебиетінің халықтық эстетика бағдарындағы тереңдіктері, даму болашағы айқын таныла түседі.

Әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
3. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
4. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
5. Исмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956. – 342 б.
6. Исмайылов Е. Жазба әдебиеттің халық поэзиясымен өзара байланысы // Исмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – Б. 71-90.
7. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З.Ахметов, Т.Шанбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
8. Жұбатұлы Н. Сөз сөйле, қызыл тілім, тұрма босқа. – Қызылорда: Тұмар, 2005. – 204 б.

ТВОРЧЕСТВО Н.ЖУБАТУЛЫ И МЕТОДЫ В НАПИСАНИИ БАСЕН

Баянбаева А., магистрант

Оралова Г.С., кандидат филологических наук

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация

В этой статье обсуждаются дидактическое искусство с точки зрения моральных, духовных и образовательных проблем человечества.

Наследие фольклора и литературы казахского народа сохранилось благодаря популярным художественным вкусам наших предков.

Современная литература представляет национальную литературу. Оценка литературного наследия основывается на законы исторического и культурного развития народа. В этой статье сохранена художественная преемственность поэтической традиции народов, населяющих низовья реки Сырдарья и Приаралья, определяются особенности исторической поэзии признанные в единстве развития общей национальной литературы.

Дидактические произведения в поэзии-это вопросы духовного учения человека, использующего личные методы для передачи всей полноты прекрасного.

Дастан Нурсултана Жубатули «Муса әпенді», «Бегім ана», баллада-дидактические и философские эссе. В этом эссе описывается идея и композиция баллад, сюжетные линии и их искусство.

Ключевые слова: дидактическая поэзия, гуманистическое направление, эстетическое понимание, произведения, сюжетное решение, баллада, сюжет, поэтическая завязка, романтическое созвучие, художественной работы, лирико-эпический жанр.

N.ZHUBATULA'S WORK AND METHODS OF WRITING FABLES

Bayanbaeva A., undergraduate
Oralova G.S., candidate of Philological sciences
Korkyt Ata Kyzylorda State University, Republic of Kazakhstan

Annatation

This article discusses didactic art from the point of view of moral, spiritual and educational problems of mankind.

The heritage of folklore and literature of Kazakh people has been preserved due to popular artistic tastes of our ancestors.

Modern literature presents national literature. Assessment of the literary heritage is based on the laws of historical and cultural development of the people. In this article, the artistic continuity of the poetic tradition of the peoples inhabiting the lower reaches of the Syrdarya River and the Aral Sea region is preserved, and the peculiarities of historical poetry recognized in the unity of development of general national literature are determined.

Didactic works in poetry are questions of spiritual doctrine of the person using personal methods for transfer of all completeness of fine arts.

Dastan Nursultan Zhubatuly «Musa apendi», «Begim ana», ballad-educational and philosophical essays. This essay describes the idea and composition of ballad, storylines and their art.

Keywords: didactic poetry, humanistic direction, aesthetic understanding, works, storytelling, ballad, story, poetic ending, romantic harmony, artistic work, lyrical and epic genre.

FTAMP 17.81.99

ЖАҒАНДЫҚ БІЛІМГЕ ЖОЛ АШҚАН 100 ОҚУЛЫҚ

Абенова Ж.Ә., ғылыми-техникалық кітапхана директоры
Доспаева Р.Т., кітапхана бөлім меңгерушісі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Андатпа

Мақалада Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ғылыми техникалық кітапханасының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында жарыққа шыққан оқулықтарды насихаттаудағы іс-шаралар баяндалады.

Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы іске асырылуда. Мақсаты білім алушылардың тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік және жаңа технология саласынан алған білімдерін жетілдіру.

Дүние жүзіне белгілі ғылыми таңдамаларды аудару-қазақ тілінің жүйелі дамуы мен сөздік қордың ұлғаюына ғана әсер етіп қоймайды, ол ғылыми білім беру саласының сапалы дамуына және жас ұрпақтың дүниетанымының жетілуіне, қазақстандық аударма мектебінің қалыптасуына ықпал ететін нақты қадам.

Кілт сөздер: 100 жаңа оқулық, Рухани жаңғыру, гуманитарлық білім, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында қолға алынған өзекті бастамалардың бірегейі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» [1,3] жобасының мақсаты – жастарға білімнің дүниежүзілік ең таңдаулы үлгілеріне қол жеткізу мүмкіндігін тудыру болатын. Бұл мақсатқа жету үшін еліміздегі бүкіл жоғары оқу орындарының оқытушы профессорлар құрамы тікелей жұмылдырылып 800 кітаптан тұратын үздік оқулықтардың тізімі әзірленді. Осы тізім ішінен гуманитарлық білімнің барлық бағыттарын қамтитын, әлемнің үздік жоғары оқу орындарында қолданылып, жыл сайын жаңа басылыммен жарық көріп келе жатқан 100 оқулық тандап алынғаны мәлім.

Арнайы құрылған Ұлттық аударма бюросының тыңғылықты еңбегінің нәтижесінде жарыққа шыққан 49 оқулық оқырмандар қолданысына ие болуда. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, бұл кітаптардың ерекшелігі – қазақ тіліне түпнұсқадан тікелей аударылуы және ең таңдаулы гуманитарлық кітапхана қорын қалыптастыруы. Жаңа оқулықтардың жарыққа шығуының тағы бір маңыздылығы – қазақ тілі жаңа терминдермен байытылды, оқырмандар білімін одан әрі тереңдетті және еліміздегі кітапханалар қорының әлеуметтік-гуманитарлық саласы жаңа басылымдармен толықтырылды. Жоба аясында адамның жеке тұлға және маман ретінде қалыптасуына әсері зор әлеуметтану, психология, философия, тіл білімі, экономика мен менеджмент, антропология және тағы басқа гуманитарлық білім саласына қатысты оқулықтар аударылды.

Жалпы гуманитарлық білімнің адамгершілік құндылық, ар-ождан негіздерінде тұлғаның қоғамдағы азаматтық ұстанымын, елжандылық көзқарасын қалыптастыруда маңызы зор. «100 оқулық» аясында қолымызға тиіп отырған оқулықтар жаһандық ғылым мен білім мазмұнына жол ашады, кез келген оқырман әлемдік ілімдерді оқи отырып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп, өзіндік ұлттық сана бағыттарын анықтауда қателеспей, өзіміздің қазақстандық жолымыздан жаңылмауына саналы бағыт алатыны сөзсіз.

2018 жылы сәуір айында құнды оқулықтардың Астана қаласында Назарбаев орталығында өткен тұсау кесер іс-шарасына республикадағы танымал жоғары оқу орындарының бірі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалым профессорлары қатысып, білім мен ғылым тарихындағы маңызды оқиғаның куәсі болып қайтты. Сол күннен бастап университет қабырғасында Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында аударылып, басып шығарылған жаңа оқулықтармен оқытушы-профессорлар құрамы мен студент жастарды таныстыру шаралары басталды.

Әуелі оқулықтардың вертуалды көрмесі ұйымдастырылып, әрбір оқырман кітаптардың авторымен, мазмұнымен және аннотациясымен танысуы үшін жеке электронды пошталары арқылы таратылды. Елордада өткен тұсау кесер рәсіміне қатысқан ғалымдар білім мен ғылым салтанатына арналған жиыннан алған әсерлерімен бөлісіп, Елбасының: «Жаңа оқулықтар оқырмандар үшін кітап түрінде, электрондық онлайн нұсқасында және үздік лекторлардың ашық дәрістерінің видеотекасы сияқты үш түрлі форматта таратылады және де кітаптар латын қарпінде басып шығарылғаннан кейін, оларды шетелде тұратын жастарымыз да оқи алатын болады»,-[2,1-2] деген сөзін жеткізді.

Міне енді баспадан шыққан 49 оқулық бірнеше мың данамен университеттің ғылыми-техникалық кітапхана қорына жеткізілді. Алғашқы күннен бастап ректорат басшылығымен гуманитарлық оқулықтармен таныстыру жұмыстары жүйелі жоспар бойынша жедел түрде қолға алынды. Оқу орнының ғалымдары кітаптарды өз мамандықтары бойынша саралап, зерттеп, зерделеп оқулықтардың жаңа гуманитарлық білімді жетілдірудегі құндылығын атап өтуде. «Сонымен бірге олардың оқу үдерісінде қолданылуы білім алушылардың қалыптан тыс ойлау қабілетін дамытуға көмектесетіндігі, туындаған мәселелерді шешуде жаңа әдістемелік және қолданбалы тәсілдерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді»[3,6], – деп бағалауда.

На Рис. 1 можно наблюдать динамику изменения объемов экспорта и импорта туристических услуг в период с 2015 по 2017 годы. Объемы экспорта туристических услуг, то есть оказание туристических услуг иностранным туристам в стране приблизительно на половину превосходят объемы импорта туристических услуг. Согласно данной статистике, учитывая, что снижение объемов экспорта услуг с 2015 года может быть обусловлено кризисом, вызванным падением цен на нефть и девальвацией тенге, в целом можно считать, что Казахстан является туристически привлекательной страной [2]. Наряду с этим, огромную роль в эффективности развития туризма играет выгодное географическое расположение Казахстана. Согласно прогнозам ведущих международных туристических компаний, динамичное развитие туризма в ближайшие годы ожидается в таких странах, как Бразилия, Россия, Индия, Китай, Южная Корея и некоторые страны Индонезии. В этой связи, расположение между Россией и Китаем окажет огромный стимулирующий эффект на развитие туризма в Центральноазиатском регионе, так как именно через данный регион будет проходить туристический поток, а также будет улучшена логистическая инфраструктура.




Рисунок 2 – Источник: Комитет статистики РК

Согласно данным Комитета по статистике МНЭ РК на Рис. 2 представлена инфографика ТОП-5 стран, в основном стран СНГ, из которых в Казахстан больше всего прибывают туристы. Так, за 2017 год Казахстан посетили 7 701 200 туристов, основная часть которых прибыли из Узбекистана – 3 344 600, России – 1 708 900, Кыргызстана – 1 273 400. Далее в данном списке расположились такие страны, как Германия, Китай, Турция и т.д. При определении количества туристов источниками данных являются Пограничная служба КНБ РК о въезде и выезде иностранцев с их целями визита, а также данные

общегосударственного статистического наблюдения по специальным определенным формам, предназначенные для мест размещения, санаториев, курортов и особо охраняемых природных территорий.

В основном туристский поток в Казахстан направлен на популярные дестинации страны, которые определены в Государственной программе развития туристской отрасли как туристские «магниты», иначе говоря, ТОП-10 и ТОП-50 объектов Карты туристификации республиканского и регионального уровней соответственно. Данная Карта туристификации состоящая из наиболее перспективных объектов страны, является «ядром» госпрограммы, которая должна привлечь основную долю всех въездных и внутренних туристов страны.

По итогам тщательного отбора, где основными критериями были уникальность и потенциал, а также историко-культурная ценность объекта в список ТОП-10 объектов республиканской Карты туристификации вошли следующие объекты: озеро Алаколь, горный кластер в Алматы, Щучинско-Боровская курортная зона, Баянаульская курортная зона, Имантау-Шалкарская курортная зона, озеро Балхаш, историко-культурный кластер в Туркестане, пляжный туризм в Мангыстау, деловой(MICE) туризм в Нур-Султане, развлекательно-туристская зона «Байконур».

Планируется, что за счет государственного бюджета вышеуказанные туристские объекты будут обеспечены необходимой инфраструктурой, будут подведены все необходимые коммуникации. Наряду с этим, будет приняты ряд системных мер, которые призваны стимулировать эффективное развитие туризма в ТОП-10. Государством в приоритетных туристских территориях будут созданы благоприятные условия как для инвесторов, так и для отечественных предпринимателей, будут предоставлены льготы для кредитования туристских проектов, будут проработаны вопросы компенсации затрат на туристские услуги для граждан в целях популяризации внутреннего туризма.



Рисунок 3 – Источник: Комитет статистики РК

На Рис. 3 приведена диаграмма, где представлено количество обслуженных посетителей по областям и курортным зонам РК за 2016-2018 годы. В качестве объектов сравнения были отобраны 3 курортные зоны (Алакольская, Баянаульская,

Щучинско-Боровская курортные зоны) и две области (Мангистауская, Кызылординская), которые вошли в Карту туристификации ТОП-10, а также две области, которые не входят в данную карту (Актюбинская, Западно-Казахстанская).

Согласно данным, приведенным в государственной программе, объем существующего и потенциального туристического потока в вышеупомянутые объекты Карты туристификации ТОП-10, следующие [1]:

Таблица 1 – Источник: Комитет статистики РК

Наименование	Туристический поток, человек в год	
	существующий	потенциальный
Алакольская курортная зона	300 000	1 000 000
Баянаульская курортная зона	200 000	450 000
Щучинско-Боровская курортная зона	750 000	2 000 000
Туристская зона «Байконур»	50 000	250 000-500 000
Туристская зона «Мангыстау»	50 000	750 000

В целом, Щучинско-Боровская, Баянаульская курортные зоны привлекают достаточное количество туристов, которые можно сопоставить с данными, приведенные в Таблице – 1, и можно предположить, что с учетом комплексных работ в рамках государственной программы можно достичь и потенциальные объемы туристического потока в данные объекты.

Что касается Алакольской курортной зоны, Мангистауской и Кызылординской областей, то объем прогнозируемого туристического потока на данные объекты очень завышены, если исходить из существующего количества обслуженных туристов на Рис. 3. В этой связи, существуют большие риски недостижения поставленных целевых индикаторов на данных дестинациях, особенно в туристской зоне «Байконур», которая находится на территории Кызылординской области, где количество обслуженных туристов во всех рекреационно-туристических местах области в среднем за год составляет около 80 000 туристов. Стоит отметить, что помимо республиканской Карты существует региональная Карта туристификации, состоящая из «ТОП-50» объектов регионального уровня, куда в свою очередь вошли 2 туробъекта Кызылординской области: курортная зона «Камыстыбас» и лечебные грязевые курорты Жана-Коргана.

Тема данной исследовательской работы направлена на поиски решения проблем развития туризма в потенциально перспективных районах Казахстана, в частности в Кызылординской области. Обладая достаточными природно-рекреационными ресурсами, богатым историко-культурным наследием, уникальными мировыми объектами и транспортно-логистической инфраструктурой, государство должно выстраивать четкие механизмы для успешного развития туризма в подобных регионах.

Стоит отметить, что практическая ценность исследования определена тем, что на сегодняшний день для всех ТОП-10 объектов республиканской Карты туристификации, кроме туристской зоны «Байконур», были разработаны Мастер-планы развития. В целом, для разработки подобных комплексных планов привлекаются услуги международных аутсорсинговых компаний, как Международная консалтинговая компания McKinsey & Company, специализирующаяся на решении задач, связанных со стратегическим управлением.

Известно, что для качественного развития необходимы качественные системные меры, которые должны сформировать благоприятную среду для эффективного взаимодействия всех субъектов туристской отрасли. Принятие Правительством РК государственной программы развития туристской отрасли означает признание данной индустрии перспективным направлением для дальнейшего развития. Органы государственной власти, туристские организации и потребители услуг должны взаимодействовать и выстраивать модель социального партнерства. Мировая практика подтверждает, что ни одна страна не в состоянии обеспечить успешное развитие туризма без активной и постоянной вовлеченности государственного аппарата, который может принимать административные рычаги влияния, такие как нормативно-правовые акты, регламентация, льготное налогообложение и кредитование и т.д. [Ошибка! Неизвестный аргумент ключа.]

Актуальность развития альтернативных инновационных отраслей экономики, одной из которых является туристская отрасль, также обусловлена текущим состоянием экономики Кызылординской области.

На сегодняшний день, нефтегазовый сектор является основной отраслью региональной экономики претерпевает серьезные изменения. В промышленном производстве, где более 82,7% приходится на горнодобывающую промышленность, доля добычи сырой нефти и природного газа составляет 87,6%. Таким образом, в 2018 году произведено промышленной продукции на 930,4 млрд. тенге, что на 6,9% меньше, чем в 2017 году. Причиной снижения объема промышленного производства является уменьшение объемов добычи нефти в последние годы из-за обводнения залежей до 90%, истощения запасов в отдельных нефтяных месторождениях.

В этой связи, в целях недопущения экономического ущерба от спада нефтепроизводства был разработан комплексный план развития области до 2022 года. Стоит отметить, аналогичные планы развития есть только у города Нур-Султана и Туркестанской области. Данный план состоит из нескольких направлений и включает свыше 100 мероприятий, среди которых отдельно выделен вопрос создания специальной экономической зоны (СЭЗ) на комплексе «Байконур».

В этом контексте, при условиях срочной диверсификации региональной экономики, сфера туризма может стать одной из приоритетных отраслей экономики региона. Подводя итоги, необходимо подчеркнуть, что принятие первой государственной программы, направленная на точечное развитие туризма в Казахстане окажет огромное влияние на качество и эффективность развития данной отрасли. Обозначенные направления и точки развития туризма, в купе с внедряемыми мерами поддержки государством будут способствовать как для отдельного развития регионов страны, так и для устойчивого увеличения доли туризма в структуре ВВП страны.

Литература:

1. Государственная программа развития туристской отрасли РК на 2019-2025 годы.
2. Комитет по статистике МНЭ РК / <http://stat.gov.kz/>.
3. Закон РК о туристской деятельности от 13 июня 2001 года N211.
4. URL: <http://www.akorda.kz> (дата обращения 10.12.2019)
5. Дурович А. П. Организация туризма. – Минск : Современная школа, 2010.
6. Менеджмент в туризме. Н. Г. Ларкина / 2013.
7. WTTC – World travel and tourism council / <https://www.wttc.org/>.
8. Всемирная туристская организация ООН / <http://www2.unwto.org/>.
9. TRAVEL & TOURISM ECONOMIC IMPACT 2018 KAZAKHSTAN / <https://unctad.org/en/Pages/statistics.aspx>.
10. Об утверждении комплексного плана социально-экономического развития Кызылординской области на 2019 – 2022 годы.

Өңірлік Экономиканы Әртараптандырудың Басым Бағыттарының Бірі Туризм Индустриясы (Қызылорда облысының мысалында)

Балмагамбетов К.С., магистрант

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы

Аңдатпа

Қазіргі заманда адамдардың басымдылығы әсер, сезім мен білім, басқаша айтқанда, инновация, қызмет көрсету және білім салаларына әуес болып келеді. «Білім» экономикасы, басқарудың инновациялық әдістері және сапалы қызмет көрсету саласы мемлекеттердің тиімді дамуының негізгі факторлары болып табылады. Туризм бұл контексте экономиканың барлық басқа құрылым бөліктерін өзіне «іріктейтін» сала болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі таңда туризм саласы әлемдік эконо-

микада өсу қарқыны экономиканың басқа салаларына қарағанда өсу қарқыны 2 есеге жуық асатын неғұрлым тез дамып келе жатқан сала болып табылады.

Бұл ғылыми мақалада Қызылорда облысының туристік әлеуетін дамытуға, осы саланы мемлекеттік басқару және реттеу әдістеріне қатысты мәселелер баяндалады. Сондай-ақ, ғылыми мақаланың негізгі екіні туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасына негізделеді.

Кілт сөздер: постиндустриялық қоғам, туристік әлеует, мемлекеттік реттеу, мемлекеттік бағдарлама, тиімді басқару, қызмет көрсету саласы, сапалы менеджмент, арнайы экономикалық аймақтар, Өңірлік даму, экономикалық өсу, халықаралық тәжірибе.

TOURISM INDUSTRY AS ONE OF THE PRIORITY DIRECTIONS OF REGIONAL ECONOMY DIVERSIFICATION (On the example of Kyzylorda region)

Balmagambetov K.S., undergraduate
Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan

Annatation

In the modern world, people put forward such concepts as impressions, sensations and knowledge, in other words, innovations, services and education. The economy of «knowledge», innovative management methods and quality services are fundamental factors for the effective development of regions.

In this context, tourism is an industry that «absorbs» all other components of the economy and in the modern conditions of the world economy is the fastest growing industry, the growth rate of which is almost 2 times higher than the growth rate of other sectors of the economy.

This scientific article highlights the issues concerning the development of tourist potential of Kyzylorda region, methods of state management and regulation of this industry. Also, the main focus of the scientific article is based on the newly adopted state program for the development of the tourism industry for 2019-2025, through which the Government should achieve certain main indicators.

Keywords: postindustrial society, tourism potential, state regulation, state program, effective management, services, quality management, special economic zones, regional development, economic growth, international experience.

FTAMP 06.71.17

ҚАЗАҚСТАҢДА КӨЛІКТІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК- ҚОЙМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫН ДАМУ

Талапбаева Г.Е., экономика ғылымдарының кандидаты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада көліктегі логистикалық іскерліктің негізгі ерекшелігі жүк әкелуші жүйенің тауар әкелуші жүйенің негізіне айналып, біртұтас технологиялық тәртіпте қызмет етуі жолдары айқындалды. Көліктік – логистикалық жүйелерді қалыптастыру мәселелері. Логистикалық қызмет тиімдігін арттырудың теориялық – практикалық аспектілері зерттелген. Қазақстан Республикасындағы көлік-логистикалық орталықтардың жұмыс істеуінің ұйымдық-экономикалық механизмі қарастырылған. Көліктік логистика, ұтымды жүк ағындарын оңтайландыру және ұйымдастырудың, оларды мамандандырылған логистикалық орталықтарда өңдеудің жаңа әдістемесі ретінде осындай ағындардың тиімділігін арттыруды, өндірістік емес шығындар мен жұмсалған қаражатты төмендетуді, көлік қызметкерлеріне – өте талап қойғыш клиенттер мен нарықтың сұраныстарына мейлінше сәйкес келуді қамтамасыз ету-

ге мүмкіндік береді. 3PL – провайдердің кешенді логистикалық қызметі, жеткізілімдер тізбегіндегі логистикалық бизнес-үдерістерді басқару, контрагенттердің қорларын интегралданған басқару сияқты, әлемдік практикада кеңінен тараған үдерістерді отандық компанияларға еңгізу жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: көлік, логистика, логистикалық аутсорсинг, материалдық ағындар, кедендік-қоймалық қызметтер.

Логистикада, ғылыми пәндегі сияқты мынадай тарауларды ажырату қабылданған: жабдықтау логистикасы (сатып алу логистикасы); өткізу логистикасы (таратудың немесе дистрибуцияның); қойма логистикасы; өндірістік және көлік логистикасы. Соңғы жылдарда дәстүрлілерге, ақпараттың логистика, сервистік логистика, қаржы және логистиканы мамандармен қамтамасыз ету, функциональды логистикалық менеджмент, коммерциялық логистика, әкімшілік логистикасы, маркетингтік логистика, бизнес – логистика, өңірлік логистика сияқты жаңа тараулар қосылды. Тауар қозғалысына шығынның жартысынан көбі тасымал операцияларына келеді, бұл көліктік – логистикалық жүйелерді ұйымдастыру қажеттілігіне назарды аударады [1].

Көлікті логистиканы қолданудың дербес саласына бөлуге мына негізгі факторлар ықпал етеді:

– көліктің логистиканың негізгі идеясы – «жабдықтау – өндіріс – тарату – тұтыну» сенімді, тұрақты және оңтайлы жұмыс істейтін жүйесін құруды іске асыру қабылеттілігі;

– логистикалық жүйе шеңберінде шикізатты, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімді тарату каналдарын таңдау кезіндегі күрделі көліктік мәселердің бірқатарын шешудің болмай қалмайтындығы;

– шикізаттың алғашқы көзінен дайын өнімді ақырғы тұтынушыға дейін тауарды жылжытуға жалпы логистикалық шығындарда ең көп шамасы 50% дейін жететін, көлік шығындарының жоғарғы үлесі;

– тауарлардың сыртқы сауда бағасында көліктік құрамдастың жоғарғы үлесі (әсіресе тасымалдың үлкен қашықтығымен елдер үшін);

– ішкі тасымалдардағы сияқты, халықаралық қатынастарда да тауарларды оңтайлы жеткізуді ұйымдастыруда үлкен роль атқаратын көлік-экспедициялық кәсіпорындардың үлкен санының барлығы.

Көліктік логистика мынадай міндеттерді шешеді:

– көлік жүйелерінің жаңасын құру және жұмыс істеп тұғанын жетілдіру;

– көліктің әр алуан түрлерінде көлік үдерістерін бірлесіп жоспарлау (аралас тасымалдар жағдайында);

– көлік-қойма үдерісінің технологиялық бірлігін қамтамасыз ету;

– тасымалдау тәсілі мен көлік құралын таңдау;

– жеткізудің ұтымды маршруттарын анықтау.

Өзінің мәні бойынша көліктік логистика, ұтымды жүк ағындарын оңтайландыру және ұйымдастырудың, оларды мамандандырылған логистикалық орталықтарда өңдеудің жаңа әдістемесі ретінде осындай ағындардың тиімділігін арттыруды, өндірістік емес шығындар мен жұмсалған қаражатты төмендетуді, көлік қызметкерлеріне – өте талап қойғыш клиенттер мен нарықтың сұраныстарына мейлінше сәйкес келуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Көліктік-логистикалық жүйелердің қалыптасуына ұмтылыс әлемдік сауда және көлік салаларында соңғы жиырма жылда анықталды.

Қазақстан дамыған еуропа елдеріне ұқсас дамиды, яғни елде логистикалық компаниялар дамуының үш негізгі кезеңінен өту міндеті тұр:

1 кезең. Тасымалдау/келісім-шарт бойынша дистрибуция.

2 кезең. Логистикалық аутсорсинг/келісім-шарттық логистика.

3 кезең. Жеткізілімдер тізбегін интегралды басқару.

Қазіргі уақытта біз, ұсынылатын логистикалық қызметтер спектрінің кеңеюімен, әсіресе ірі сауда желілерінің өзара іс-қимылы кезінде, сондай-ақ жаһандық желіге өте көптеп кірігуімен сипатталатын, нарық қалыптасуының екінші кезеңіне өтудеміз. Сөйтіп, Қазақстанда: DPWN, DHL, TNT, FedEx, VPS және басқа да қуатты халықаралық логистикалық компаниялар пайда болуда.

Дамудың бұл кезеңінде логистикалық компанияларға жаңа талаптар қойылууда:

– жеткізілімдер тізбегін жетілдіру барысына белсенді қатысу;

– IT-қолдау саласындағы жоғарғы біліктілік;

– жеткізілімдердің жаһандық тізбектері үшін шешімнің барлығы;

– жеткізілімдер желілері интеграциясындағы жетекші рөл;

– өңірлік экспансия мүмкіншілігін қамтамасыз ету.

Соңғы уақытта Қазақстанда көліктік-экспедициялық және кедендік-қоймалық қызметтер нарығының қарқынды қалыптасуы жүруде.

Жүк және тауар қозғалысы жүйесін ұйымдастыру бойынша логистикалық делдалдар жүйесінде жетекші орынды отандық және шетелдік көліктік-экспедициялық компаниялар алады. Қазіргі уақытта Қазақстанда экспедиторлық бизнеспен 200 компания айналысады, ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі,

ҚР Көлік комитетінің мәліметтері бойынша, Қазақстандағы барлық тасымалдардың 75% отандық экспедиторлардың қатысуымен өтеді. Ұлттық теміржол компаниясымен қолтықтаса отырып, экспедиторлар жыл сайын республика территориясы арқылы транзитті жүктерді тасымалдау көлемінің 10% өсуін қамтамасыз етеді. Мұнан басқа, 1997 ж. міндетіне көлік заңдылықтарын және нарық субъектілерімен техникалық-технологиялық өзара іс-қимылын жетілдіру, көлік-логистикалық сала дамуын ынталандыратын механизмдерді қалыптастыру кіретін 70 алдыңғы қатарлы экспедиторлық ұйымдарды, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК, «Ақтау теңіз порты» ФМК, сақтандыру компанияларын және көлік саласындағы ҒЗИ біріктіретін Қазақстан ұлттық экспедиторларының ассоциациясы (ҚҰЭА) құрылды.

Көлік-экспедиторлық қызметтер нарығында ТМД елдері бойынша мультимодальды тасымалдарды, экспорттық-импорттық және транзиттік жүктерді экспедициялауды, терминалдық өңдеу мен кедендік тазалауды жүзеге асыратын «Транссистема», «Богатырь Транс», «Искомтранссервис», «Казтранссервис», «Азия Фрахт», «Казинтерфрахт», «Транко» сияқты көшбастаушылар анықталды.

Экспедиторлық компаниялар теміржол компанияларының тиісті бөлімдерінен, ірі жүк жөнелтуші компаниялардың көлік бөлімдерінен, болмаса шетелдік экспедиторлармен біріккен кәсіпорын ретінде пайда болды. Қазақстанның экспедиторлық қызметтер нарығы жеткіліксіз дамыған және құрылымданған. Компаниялар барлық қызметтерді ұсынуға тырысады, кооперация мен мамандану дамымаған.

Нарықтық экономиканың дамуы мен кәсіпкерліктің дамуы жағдайында көлік кешенінің ұйымдық-құқықтық құрылымы өзгерді, нарықта көпшілігінің қызметі автомобиль көлігіне келетін жеке тасымалдаушылар мен экспедиторлық ұйымдар пайда болды. Алайда, көлік-экспедициялық қызмет нарығы теңестірілмеген. Біз қазіргі күні батыс провайдерлерімен қарсы тұрамыз олардың бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың негізгі шарттарының бірі бизнесті шоғырландыру болып табылады деген қорытындыға келеміз.

Қазір шетелдік логистикалық операторлар ұсынып отырған, кешенді логистикалық бизнес Қазақстанда дамымаған. Мысалы, «логистикалық аутсорсинг» сөз тіркесі көбінесе тасымалдау, кешендік рәсімдеу мен қоймаға жинау жөніндегі жекелеген ұсынылатын қызметтермен ассоциацияланады. 3PL – провайдердің кешенді логистикалық қызметі, жеткізілімдер тізбегіндегі логистикалық бизнес-үдерістерді басқару, контрагенттердің қорларын интегралданған басқару сияқты, әлемдік практикада кеңінен тараған үдерістермен отандық компаниялар айналыспайды. Экспедициялау мен логистика арасындағы шекараны қойма қорларын басқару басталатын жерден жүргізуге болады [2].

«Егер фирма оңтайлы қорларды анықтауға қатысса, қорларды толықтыру деңгейін, тапсырыстар мөлшерінің экономикалық тиімділігін есептесе, буферлік қоймаға жинауды ұйымдастырса және сұранысты болжамдаса – бұл логистикалық фирма» деп санайды Эстония логистер одағы басқарма төрағасы И. Пауль. Қазақстандағы мұндай кешеуілдеудің себептері:

- тікелей өндіріспен немесе өткізумен байланысты шығындарды төмендету мүмкіншілігі;
- көптеген кәсіпорындардың қойма желісі және көлік түріндегі өзінің «табиғи» логистикалық шаруашылығының барлығы;
- қызмет көрсетудің жоғарғы деңгейін ұсынуға қабілетті логистикалық делдалдар нарықның жеткіліксіз дамуы;
- аутсорсингке берілетін логистикалық қызмет сапасын жоғалту қаупі;
- ақпарат құпиялығы мәселесі, үдерісті басқарудың төмендеуі.

Қазақстандағы логистикалық бизнес шет елдердегімен салыстырғанда өте қарқынды дамиды және тек отандық компаниялардың логистикаға шығынын қысқарту қажеттілігімен ғана емес, қазақстандық транзиттік дәліздерді пайдаланумен батыс компанияларының көліктік шығындарын оңтайландыру қажеттілігімен де анықталатын болады деп болжам жасауға болады.

Ассоциация өкілдерінің сөзі бойынша, қазір еліміздің темір жолын қайта жаңғырту шеңберінде бұл салаға жеке кәсіпкерлер де белсенді түрде ақша сала бастады. Ірі экспедиторлық компаниялар жүк вагондарын сатып ала бастады: Қазақстандағы жүк тасымалының 40% жуығын шағын бизнес өкілдері жүзеге асырады. Бірақ ҚҰЭА төрағасы Н.К. Исингарин мырзаның пікірі бойынша теміржолды қайта құрылымдау нәтижелері нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіз дамуымен тежеліп тұр.

Көліктік логистикалық бизнестің дамуын тежеп тұрған мәселелер: логистикалық делдалдар рөлін түсудің жоқтығы; көлік-логистикалық қызметтер нарқының даму үдерісіне мемлекет ықпалының жоқтығы, оның дамуының стихиялылығы; тауарқозғалысы субъектілерінің өзара іс-қимыл жүйесінің жетілмегендігі; нормативтік-құқықтық базаның дамымағандығы; тарифтік реттеудің жетіспеушілігі; кәсіби мамандардың жетіспеуі болып табылады.

Тауар айналымы өсуінің тұрақты тенденциясы барлық санаттағы қоймаларға сұраныстың едәуір жандануына әкеліп соғады. Қазіргі уақытта Қазақстанда кедендік қоймалар желісі, қойма, тасымал және көліктік-экспедиторлық қызметтер көрсету жөніндегі делдалдық және коммерциялық құрылымдар желісі жұмыс істейді. Қойма алаңдарының үлкен мөлшері барлығы кезінде шетелдік жеткізушілерді қанағаттандыратын және кедендік қоймалар мен көпфункциональды қойма кешендері режимінде жұмыс істеуге қабілетті сервистік қызметтердің тиісті кешенімен жоғарғы механикаландырылған қоймалар мен терминалдар тапшылығы байқалады. Жабық типтегі, қуаты жағынан аз және тұрақты клиенттердің шағын тобына қызмет көрсететін оннан аспайтын қойма және жүк өңдеу нысандары есепке алынбайды [3].

Заманауи қоймаларды құрылыстың бірінші кезеңінде, тіпті болмаса жобалау кезеңінде сатып алады. Шетелдіктер ештеңе салмайды және жалға да бармайды. Олар аутсорсингке барады, логистикалық компаниялардың клиенттері болады. Әрі мұндай қызмет көрсетуге сұраныс өсетін болады. Компьютерлерді, автомобильдерді және тұрмыстық техниканы сақтаудан басқа, мамандандырылған қоймалар жетіспеушілігі сезілуде. Акцизделуге жататын тауарларды, бағалы металлдар мен тастарды сақтаумен, мамандандырылған мұнайқұю терминалдарын құрумен үлкен қиындықтар бар. Терминалдарды тауарды кедергісіз жылжытуды ұйымдастыру, оны сенімді сақтау мен өңдеу қажет отандық және шетелдік компаниялар, атап айтқанда батыстық серіктестерінің немесе Қазақстанның ірі банкілерінің қолдауы бар компаниялар сала бастады. Бұл жерде терминалдарды «нөлден» бастап салуға емес, жалға алу немесе бірлесіп пайдалану жағдайында босап қалған қойма ғимараттарын (негізінен өнеркәсіптік өндіріс секторында) қосымша жабдықтауға және пайдалануға тенденция басым. Сөз жоқ, кәсіпкерлердің, көлік қызметкерлері мен жергілікті биліктің күшімен терминалдар құрылысын салу өте үлкен ауқымда жалғаса беретін болады – бұған тауар және көлік нарықтарының даму логикасы әкеледі. Көлік-экспедиторлық және кедендік-қоймалық кәсіпкерліктің өте тез өсуі оның жоғарғы коммерциялық тиімділігімен түсіндіріледі.

Алайда, тауар қоймаларының рұқсат етілмеген қызметі олардың жұмысын орындаудағы бақылаусыздыққа әкелді. Бұл жерде жүк ағындарын үйлестіруді жүзеге асыру негізінен мүмкін емес. Өйткені, мысалы кедендік рәсімдеу бір жерде жүзеге асырылады да, ал сақтау, өңдеу және кейінгі жүкті жөнелту басқа қоймаларда жүргізіледі.

Көлік-экспедициялық және кедендік-қоймалық қызметтер нарығының үлкен кемшілігі оның негізінен стихиялы түрде қалыптасатыны болып табылады, әрі әрбір көлік-экспедициялық кәсіпорын, клиенттерге кешенді қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіншілігі ғана емес, сервистік қызметтің қажетті максимумын жасауға мүмкіншілігі болмай тұра, шектеулі алаңда өз кедендік терминалын құру ниетін білдіретін, дезинтеграцияның қарқынды үдерісі жүреді. Соның арасында бүкіл өркениетті әлемде қойма бизнесін ірі логистикалық компаниялар мен көліктік-тарату орталықтарына интеграциялау үдерісі жүруде. Бұл жүк қозғалысы үдерісін ұтымды етуге мүмкіндік береді, жалпы жүйелік шығындарда үнемді және тауарлар мен қызметтерді өңдеу, тарату және тұтыну саласында мейлінше мол экономикалық тиімділікті алуды қамтамасыз етеді.

Жүк қозғалысы үдемелілігінің өсу динамикасын ескере отырып, кешенді көліктік-экспедициялық және қоймалық қызметтер көрсетуге тұтыну нарқы сұранысының маркетингтік конъюктуралық бағалары, қолда бар терминалдық инфрақұрылымның қуаты жағынан онша үлкен емес нысандарымен қатар бірінғай ақпараттық, экспедиторлық, өндірістік-техникалық, қаржылық, кадрлық және

нормативтік-құқықтық жүйемен біріккен ірі заманауи көпфункционалды терминальдық кешендер желісін салу қажеттілігі туралы болжам жасауға мүмкіндік береді.

Соңғы екі жылда қойма жаулары нарығында инвесторлардың белсенділік көрсету тенденциясы байқалып отырғанын атап өтеміз. Бұл коммерциялық қозғалмайтын мүліктің бұл сегментінде 2018 жылы ұсыныстың сұраныстан екі есе қалып қою қысқарады деп айтуға мүмкіндік береді. Егер Алматыны қарастыратын болсақ, жоғарғы сыныптағы қойма жайларына қажеттілік 350-ден 500 мың кв.м. дейін құрайды, яғни бұл алаңдарға сұраныс ұсыныстан екі есе асып түседі. Соңғы уақытқа дейін инвесторлар кеңсе, сауда–сауық және тұрғын үй қозғалмайтын мүлкімен айналысуды қолайлы санап, жоғарғы сыныпты қоймалар сегментін елемей келді. Бірақ қозғалмайтын мүліктің бұл нарығының толығына қарай инвесторлар жоғарғы сыныптағы қойма кешендерін дамытуға көңіл бөле бастады. Әрі негізінен барлық инвесторлар болашақ клиенттеріне жай жоғарғы сыныптағы қойма жайларын ұсынып қана қоймай, көлік-логистикалық орталықтар базасында – логистикалық қызметтердің барлық циклын толығымен ұсыну туралы өз ниеттерін мәлімдеуде. Олардың кейбіреуі логистикамен шектелмей, индустриалды құрамдасты қосу ниетін білдіруде.

Жоғарғы сыныптағы қоймаларды іздестіру кезінде көптеген ұйымдар, қозғалмайтын мүлік нарығында негізінен лайықты ұсыныстың жоқтығымен кездесті. Бүгінгі оңтүстік Астана мен қала маңында, сарапшылардың мәліметтері бойынша 700 мыңнан 1 млн. кв. м. қоймалар бар, алайда олардың басым бөлігі – бұлар бұрынғы өндірістік жайлар немесе базалар. Мұндай нысандар сақтаудың ерекше шарттарын талап етпейтін жүктерді, мысалы өнеркәсіптік өндіріске арналған шикізатты, металл, резеңке бұйымдарды және т.б. жинап қою үшін жарамды [4].

Шешімнің нұсқаларының бірі – өндірістік немесе сауда компанияларының жеке қажеттіліктері үшін «А» сыныбындағы қоймаларды салу. Алайда жоғарғы сыныпты қоймалар бойынша жобаларды өздігінше іске асыру өте қиын. Біріншіден, жер учаскелеріне жоғарғы бағалар жағдайында жиі қосымша несиелік қаржыларды тарту талап етіледі. Әдетте компаниялар алаңы бойынша онша үлкен емес 6-дан 8 мың кв.м. дейін жеке қойма жайларын тұрғызады. Девелоперлер алдымен жеке аналогтардан алаңы бойынша бірнеше есе асып түсетін нысандарды салады, өйткені есеп бірнеше арендаторға жүреді. Коммерциялық жобалардың ауқымдылығы арасында девелоперлерде құрылыс салудың өзіндік құны, дистрибьюторлық компанияларға қарағанда төмен. Екіншіден, бейінді емес компанияларда заманауи қойма кешендерін салу жөнінде тәжірибе мен технология жоқ. Мұндай нысандар құрылысын салу коммерциялық және тұрғын үй қозғалмайтын мүлік саласындағы жобалардан қатты өзгешеленеді және логистиканың барлық аспектілерін ескерумен мазмұнды зерттеу жұмыстарын талап етеді. Үшіншіден, жеке қойма кешенін тұрғызу, негізгі қызметке жақсы әсерін тигізбейді.

Нарыққа қатысушылардың мәліметтері бойынша «А» сыныптағы қойма жайының 1 кв.м. құрылысын салудың орташа өзіндік құны 700-ден 800\$ дейін ауытқиды. Әрі жайдың барлық құнын 50% жуығын жер учаскесі алады. Егер Қазақстан мен Ресейдегі «А» қойма құрылысының өзіндік құнын салыстыратын болсақ, онда бізде қымбатқа түседі. Біріншіден, ғимарат біздің солтүстіктегі көршімізден сатып алынатын металлоконструкциялардан (сэндвич-панельдерден) тұрғызылады. Екіншіден, конструкцияларды сейсмикалық күшейту бойынша жұмыстарға қосымша шығындар жұмсалады. Үшіншіден, бұл нарық енді ғана дамып келе жатыр, әрі қоймалар тұрғызатын компаниялар өте аз.

Коммерциялық қозғалмайтын мүліктің бұл сегментінде алғашқы бастамалар үш жыл бұрын пайда бола бастады. Amanat Invest Group компаниялар тобы 2005 ж. Іле тас жолының бірінші километрінде орналасқан ИКаР қойма кешенінің қайта қалпына келтіруін аяқтады. Алматы қаласы маңында бұл жоғарғы сыныптағы («В+») қойма жайларын салу саласындағы алғашқы маңызды жоба. Кешеннің жалпы алаңы 35 мың кв.м. құрайды. 2006 жылы осы компания ИКаР-дан айырмашылығы, басында «А» сыныбындағы нысан ретінде және бір жалға алушы – Procter and Gamble Procter and Gamble үшін жоспарланған, нөлден бастап салынған «Первомайский» екінші қойма кешенін ашты. Кешеннің жалпы алаңы 17 мың кв.м. Қызықтырары аз емес жоба осы компанияның «Тау-Терминал» («А» сыныбы) нысаны. Қойма алаңдары жалпы алаңы 14,4 мың кв.м. Өтеген батыр кенті жанында 9,2 га территорияда орналасқан.

Барлық бұл нысандар – «А» және «В+» сыныбы іске асырылған жобаларынан Алматы қаласы маңында бүгінгі күні өте танымалдары. Қазір көлемі бойынша жоғарғы сыныпты қойма жайларының қолданыстағы сұранысынан еселеп асып түсетін бірқатар ірі жобалар іске асыру сатысында тұр.

Сонымен, Amanat Invest Group «Даму» индустриалды-логистикалық орталығын салумен айналысуда. Нысан 130 га территорияда орналасқан. Қойма жайлардың жалпы алаңы «А» сыныптағы 110 мың кв.м. құрайды. Paraqon Development компаниясы 2007 жылы «Астана-Контракт» АҚ-ның жұмыс істеп тұрған контейнерлік терминалы базасында контейнерлік жүктерді өңдеу жөніндегі Алматы көлік логистикалық орталығының құрылысын аяқтады. «А» сыныптағы қойма терминалдарының жалпы алаңы 48,5 мың кв.м. құрады. Мұнда жүктер сақталатын, өңделетін болады, сондай-ақ мұнда оларды штрих-кодтау да жүргізіледі.

Девелопер Capital Partners 2006 жылдың қыркүйегінде «Алматының Халықаралық Логистикалық Паркін» салуға кірісті. Қазір жалпы алаңы 45,5 мың кв.м. алғашқы ғимараты тұрғызылды. Нысан оңтүстік астананың аэропортына тікелей жақын орналасқан 10 га жерді алып жатыр.

Экономиканың, өндірістің, жүк тасымалдарының, бөлшек сауда мен тұтынушылық сұраныстың одан әрі қарай өсуі жоғарғы сыныпты қойма жайлары нарығының одан әрі даму перспективаларын айқындайды.

Көптеген девелоперлер нарыққа енді жай қойма жайларын емес, логистикалық қызметтердің толық сектрін ұсынуда. Олар еншілес логистикалық операторлық компаниялар құрады, болмаса бұған дейін жұмыс істеп тұрған компанияларды тартуға тырысады. Н.Кашириннің сөзі бойынша, «нарықта осы тектес жайларға сұраныс бар екенін біз түсінгенімізбен, бірақ жағдайды талдаудан өткізіп тәжірибесі жоқтығынан арендаторларға өздігінше пайдалану қиыны болатын жай қойма кешенін құруды емес, болашақ клиенттерге логистикалық қызметтің толық циклын ұсынуды шештік. Арендаторларға тек жоғарғы сыныпты қойма жайлары ғана емес, соның арқасында олар тауар-материалдық құндылықтарды жеткізілімінің өз тізбегін тиімді басқара алатын толық аяқталған логистикалық өнім керек [5].

Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен олардың қоймаларын Алматының сыртына көшіру жөніндегі қалалық бағдарлама қойма жайлары нарығының дамуына қосымша серпін береді. Атап айтқанда, «Даму» индустриалды-логистикалық орталығын құру осы көшіруге есептелген болатын, бұл үшін өндірістік алаңдарға 90 га көлемінде территория бөлініп берілді. Мұнан бөлек, кері өндіріс болжамданады, яғни ұсыныс сұранысты туғызатын болады, өйткені көптеген шетелдік компаниялар Алматы нарығына шығуға дайын, алайда жоғарғы сыныптағы заманауи қойма және логистикалық инфрақұрылымның жоқтығынан мұны істемейді. Логистикалық орталықтардың дамуы жағдайында бұл мәселе шешілуі тиіс. Нарық «А» сыныбымен толыққаннан кейін инвесторлар «В» және «С» сегменттеріне өтеді деп болжам жасауға болады. Қоймалық қозғалмайтын мүліктің бұл сыныбында әлеуетті арендаторлар «А» сыныбындағыға қарағанда көп, өйткені «В» және «С» сыныптарындағы негізгі тұтынушылар орта және кіші бизнес болып табылады.

Барлық жерде әлемде негізгі қалалар маңына орналасқан мультимодальды көлік-логистикалық орталықтар бірінші кезекте, осы қалалар ішінде тарату үшін, ал екінші кезекте одан әрі қарай топтастырылатын және басқа ірі облыстық қалаларға немесе экспортқа жіберілетін қорларды жасау үшін арналған. Сөйтіп, Алматыда Батыс Европандан, Түркиядан, Қытайдан келген импорттық тауарлар алдымен Алматыда түсірілетінін, кедендік тазалаудан өтетінін (кейде қоймаға түседі), ал одан кейін жан-жаққа тасымалданатынын көріп отырмыз.

Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келе, көлік-экспедиторлық және кедендік-қоймалық нарықтар нарығының Қазақстанда стихиялық түрде қалыптасуы жағдайында кәсіпорындарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы, атап айтқанда көліктік-логистикалық қызметтер нарығын ретке келтіру есебінен қажет. Бұл бағдарламаның маңызды бөлігі түрлі деңгей мен мақсаттағы логистикалық жүйелерді құру есебінен өндірістік емес сектордың үлесінің экономикада байқалып келе жатқан үлесінің өсуін ескере отырып, кәсіпорындардың тауар қозғалысының логистикалық құрылымдарына (жабдықтаушылық, сауда-қоймалық, өндірістік-өткізушілік) қарқынды интеграциясы болуы тиіс [6].

Әдебиеттер:

1. Талапбаева Г.Е., Ерняязова Ж.Н. Развитие транспортно-логистической системы Республики Казахстан / Вестник КГУ им.Коркыт Ата. – 2017. – №1 (48). – С.91-96.
2. Голубчик А.М. Транспортно-экспедиторский бизнес: создание, становление, управление / А. М. Голубчик. – Москва: ТрансЛит, 2011. – 317 с.

3. Науменко М.А. Система оценки эффективности функционирования транспортно-логистического центра / М. А. Науменко, Т. В. Коновалова // Транспорт: наука, техника, управление. – 2012. – № 3. – С.62-65.

4. Тиверовский В.И. Инновации на транспорте и в логистике: зарубежный опыт // Транспорт: наука, техника, управление. – 2011. – № 4. – С.32-37.

5. Еловой И.А. Интегрированные логистические системы доставки ресурсов: (теория, методология, организация) / Еловой И.А., Лебедева И.А.; под науч. ред. Медведева В.Ф. / Учреждение образования «Белорусский государственный университет транспорта». – Минск: Право и экономика, 2013. – 460 с.

6. Косовский А.А. О современной концепции транспортной логистики / А. А. Косовский, Д. Л. Коржицкий; Белорус. нац. техн. ун-т // Мировая экономика и бизнес-администрирование малых и средних предприятий (Секция D, Оборудование и технологии производства, торговли, рекламы). – Ч.2. – С. 214-217.

РАЗВИТИЕ РЫНКА ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИХ И ТАМОЖЕННО-СКЛАДСКИХ УСЛУГ В КАЗАХСТАНЕ

Талапбаева Г.Е., кандидат экономических наук
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Аннотация

В статье определены основные особенности логистической деятельности на транспорте и пути функционирования грузоперевозочной системы в едином технологическом режиме. Проблемы формирования транспортно – логистических систем. Изучены теоретико – практические аспекты повышения эффективности логистической деятельности. Предусмотрен организационно-экономический механизм функционирования транспортно-логистических центров в Республике Казахстан. Транспортная логистика, оптимизация и новая методика организации рационализаторских грузопотоков, их обработки в специализированных логистических центрах позволит обеспечить повышение эффективности таких потоков, снижение непроизводственных затрат и затрат, максимальное соответствие работников транспорта – востребованным клиентам и потребностям рынка. 3PL – провайдер предложен комплексный логистический сервис, Управление логистическими бизнес-процессами в цепочке поставок, интегрированное управление запасами контрагентов, пути внедрения в отечественные компании наиболее распространенных в мировой практике процессов.

Ключевые слова: транспорт, логистика, логистический аутсорсинг, материальные потоки, таможенно-складские услуги.

DEVELOPMENT OF THE MARKET OF TRANSPORT, LOGISTICS AND CUSTOMS WAREHOUSING SERVICES IN KAZAKHSTAN

Talapbaeva G.E., Candidate of Economic Sciences
Korkyt Ata Kyzylorda state University, Republic of Kazakhstan

Annotation

The article defines the main features of logistics activities in transport and the ways of functioning of the cargo transportation system in a single technological mode. Problems of formation of transport and logistics systems. Theoretical and practical aspects of improving the efficiency of logistics activities are studied. The organizational and economic mechanism of functioning of transport and logistics centers in the Republic of Kazakhstan is provided. Transport logistics, optimization and new methods of organization of rationalization cargo flows, their processing in specialized logistics centers will allow to increase the efficiency of such flows, reduce non-production costs and expenses, the maximum compliance of transport workers with the demanded customers and market needs. 3PL-provider offers a comprehensive logistics service, management of logistics

business processes in the supply chain, integrated inventory management of contractors, ways to implement the most common processes in the world practice in domestic companies.

Keywords: transport, logistics, logistics outsourcing, material flows, customs and warehouse services.

FTAMP 05.21.27

ӨНІРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Абдимомынова А.Ш., экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Темирбекова Э.Т., магистр

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік-демографиялық үдерістердің дамуы, өңіріміздегі халықтың өсу және оның жас құрылымының өзгеру тенденциясы баяндалған. Қалыптасқан әлеуметтік-демографиялық ахуал тұрғындардың еңбекке қабілетті бөлігінің экономикалық жүктемесіне, көшіп-қонуына, еңбек өнімділігі деңгейіне және т.б. ықпал етеді. Еліміздің дамуында орын алған табиғи-экологиялық және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстархалықтың ұдайы өсу көрсеткішіне де елеулі әсер етті және бала туудың төмендеуіне, өлім-жітімнің өсуіне алып келді. Сонымен бірге, әлеуметтік-демографиялық үдерістер қоғамда қалыптасқан белгілі бір әлеуметтік қарым-қатынастарға ықпал етеді, яғни әрбір ұлттың дүниетанымының да өзіндік әсері бар.

Мақала авторларының пікірінше, халықтың орналасу тығыздығының төмен деңгейі, еңбек көші-қоны түрінде, әсіресе аграрлық, тығыз қоныстанған Қытай, Өзбекстан, Орта Азия елдері тарапынан «демографиялық қысым» қаупін тудыруы мүмкін.

Кілт сөздер: әлеуметтік-демография, демографиялық үдерістер, халық саны, табиғи өсім, көші-қон, демографиялық қауіпсіздік.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңына сәйкес, ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлерінің бірі демографиялық жағдайдың және халықтың денсаулығының нашарлауы, оның ішінде бала туудың күрт төмендеуі, өлім-жітімнің артуы болып табылады. Осыған байланысты орнықты әлеуметтік-демографиялық үдерістер ел дамуының негізгі басымдықтарының бірі ретінде саналады.

Қазіргі кезеңде халық саны бойынша Қазақстан әлемдік рейтингте 64-орында, ал халық тығыздығының көрсеткіші бойынша 184-ші орында тұр. ҚР Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, халық саны 2019 жылғы 1 маусымда 18 млн 489,7 мың адамды құрады[1].

Халықтың әлеуметтік-демографиялық құрылымы – бұл туу, өлу, некелесу, ажырасу, қала мен ауыл мекендері арасындағы тұрғындардың миграциялық алмасуы сияқты құбылыстардың статистикалық параметрлері болып белгіленген.

Белгіленген құрылымның әрқайсысы тұрғындарды жынысы, жасы, отбасы жағдайы, туған жері, белгілі жерде тұру уақыты бойынша бірнеше топтарға бөледі. Тұрғындардың даму келешегін алдын-ала көре білу, демографиялық болжам жасау – әрқашан да ғылымның алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі. Әсіресе, қазіргі адамзат қоғамы өзінің даму жолын өзі айқындап алуына ұмтылып отырғанда, бұл аса қажет. Әлеуметтік-демографиялық үдерістердің заңдылықтарын мен айғақтарын білу сындарлы саясат жүргізуге, яғни көп балалы отбасыларға көмек көрсету жолдарын, адамдардың денсаулығын сақтау, тұрғын үйлер салу, тұрғындарды азықпен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге көмек көрсете алады.

Мәселенің зерттелу жайы. Демография халықтың табиғи көбеюіне, өлім-жітімнің, көші-қонның әлеуметтік, экономикалық, биологиялық, саяси, халықтың денсаулық жағдайының сандық және сапалық ықпалын, сонымен қатар еңбек ресурстарының жүзеге асырылуын, қоныс аударушылардың елді мекенге тұрақтануының, отбасында бала санын жоспарлауда саяси үдерістерге байланысты әлеуметтік-экономикалық мәселелердің жиынтығын қарастырады. Дүниеге бала әкелу дәстүрін

жаңғырту, оның өзгеру бағытын анықтай отырып, қандай шешім қабылдау керек, ерлі-зайыптының отбасы құндылығын білуі, олардың балалы болуға деген ниетін қанағаттандырудағы табыспен қамтамасыз етуі, жанұяның әлеуметтік статусын зерттей отырып, осылармен байланысты мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік ресми органдардың алдына қажетті ұсыныстар жасайды. Халық санының көбеюі, өлім-жітім, неке құру, ерлі-зайыптылардың ажырасуы, ауыл мен қала халқының саны және ішкі көші-қонның әсерінен халықтың тұрақты мекенінен алмасуының статистикалық мәліметі, жалпы халықтың, оның ішінде ерлер мен әйелдердің жынысы, жасы, отбасылық жағдайы, туған жері мен тұрақты мекенімен байланысты қарастырады.

«Демография» термині алғаш рет 1855 жылы француз ғалымы А.Гайер «Адам статистикасының көріністері немесе салыстырмалы демография» еңбегінде пайда болып, оны ғылыми айналымға енгізіліп, 1882 жылы Женевада «Гигиена және демография» атты халықаралық конгрессінде ресми түрде танылды. Демографиялық саясат әлеуметтік саясаттың бір бағыты ретінде қалыптасып келген. Ол халық дамуының өзгерістерінің уақыты мен құрылымының интенсивтілігін механизмдер арқылы әлеуметтік-экономикалық үдерістерін қалыптастырады [2].

Демографиялық дамудың әлеуметтік мәселе екендігін қарастырған ғылыми еңбектердің қатарына еліміздің белгілі демографы М.Тәтімовтің көп жылғы зерттеу жұмыстарын, мысалы «Демография-халықтану», «Демографиялық үдерістердің әлеуметтік шарты», «Ауылдағы демографиялық ахуал», «Цифрлар шежіресі», «Развитие народонаселения и демографическая политика», «Қазақ әлемі» т.б. көптеген ғылыми-зерттеу және танымдық зерттеулері қазақтың демография ғылымына қосқан еңбектері ретінде келтіруге болады [3].

Зерттеу нәтижелері. Қызылорда облысы – еліміздегі экономикалық тұрақты дамудағы өңір болып табылады. Соңғы бірнеше жылда облыста макроэкономикалық көрсеткіштер өзгерісінің оң динамикасын қамтамасыз ететін қолайлы экономикалық ахуал қалыптасты, сонымен бірге, өндірістің өсуімен қоса халық кірісінің ұлғаюына қол жеткізілді.

Облыстағы халық саны 2019 жылдың 1 қыркүйегіне деректер бойынша 800,8 мың адамды құрады, оның ішінде 39,3 мың адам Байқоңыр қаласындағы Қазақстан Республикасының азаматтарының үлес салмағында. 2018 жылғы осы кезеңімен салыстырғанда ол 10,3 мың адамға немесе 1,3%-ға артты. 2019 жылдың басымен салыстырғанда ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айында халық саны 6,5 мың адамға өсті.

Өңірде соңғы жылдардағы тұрақты экономикалық даму қарқыны көңілді көншіткенімен, халықтың саны мен денсаулығы, туу мөлшері, табиғи өсуі мен өлім мөлшері, әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерінің қамсыздандырылу деңгейі сияқты көрсеткіштері әлде де нашар деңгейде. Мысалы, туудың жалпы көрсеткіші 2008 жылы 22,81 (1000 адамға) құраса, 2018 жылы – 21,77 құраған. 2019 жылғы қаңтар-тамызда облыста 1 жасқа дейінгі 124 (2018 жылғы қаңтар-тамызда-114) нәресте өлімі тіркелді. 2018 жылғы қаңтар-тамызымен салыстырғанда 1 жасқа дейінгі шетінеген нәресте саны 8,8%-ға артты.

2019 жылғы қаңтар-тамызда 1000 туғандарға шаққандағы нәресте өлім-жітімінің коэффициенті 9,80 (9,06) жағдайды құрады[4].

Кесте 1 – Халықтың табиғи қозғалысы


	Адам		1000 адамға	
	2018 жылдың қаңтар- тамыз	2019 жылдың қаңтар- тамыз	2018 жылдың қаңтар-тамыз	2019 жылдың қаңтар-тамыз
Туылғандар	12 578	12 655	23,96	23,78
Өлгендер	2 926	2 997	5,57	5,63
Табиғи өсім (кему)	9 652	9 658	18,39	18,15
Некелер	3 629	3 636	6,91	6,83
Ажырасулар	1 172	1 462	2,23	2,75

Нәресте өлімінің негізгі себебі перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар болып табылады, одан 2019 жылғы қаңтар-тамызда 51 (55) немесе нәрестелер арасындағы өлім жағдайының жалпы са-

нынан 41,1% (48,2%) нәресте өлген. Туа біткен ауытқулардан өлген нәрестелер саны 23 (28) немесе 18,5% (24,6%), инфекциялық және паразитарлы аурулардан –17 (9) немесе 13,7% (7,9%), тыныс органдары ауруларынан –11 (5), немесе 8,9% (4,4%) адамды құрады.


Аталған проблемалардың басты себептері – әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, биологиялық жағдайлар екені белгілі.

2019 жылдың қаңтар-тамызында облысқа келгендер саны 2018 жылғы қаңтар-тамызымен салыстырғанда 30,4%-ға, ал облыстан кеткендер саны 31,2-ға көбейген (1-сурет).



Облыстағы негізгі көші-қон алмасуы басқа облыстардың есебінен болуда. Басқа облыстан келгендердің және сол облысқа кеткендердің үлесі тиісінше 22,6% және 30,2% құрады.

Облыс ішіндегі қоныс аударатын көшіп-қонушылар саны 38,0%-ға көбейген. Облыстық қоныс аударуда халықтың көші-қоны айырмасы Қызылорда қаласынан басқа аудандарда, теріс шамада (2-сурет).



